## "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 мамырдағы № 403 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Жоба

## Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**1-бап**. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; №

24, 125, 134-құжат; № 1-2, 2-құжат; 2010 жылғы 21 сәуірдегі «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

19-бабы 4-1-тармағының екінші бөлігінде «Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген жағдайларды қоспағанда,» деген сөздер алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-бап; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж. № 15, 137-құжат; 2004 ж. 142-құжат ; № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж. № 2 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6 , 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж. № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6 -7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; 2010 жылғы 21 сәуірдегі «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 209-бабында бірінші абзацта:

«пайдалану арқылы» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасына» деген сөздермен толықтырылсын;

«кедендік шекарасынан» деген сөздердің алдынан «Кеден одағының» деген сөздермен толықтырылсын;

«Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

2) 214-бабында:

1-тармағының бірінші абзацында:

«, лицензия бергені үшін алынатын алымдарды» деген сөздер алып тасталсын;

3) 250-бабының 1-тармағының бірінші абзацында «мемлекеттің кеден шекарасы» деген сөздер «кеден одағының кедендік шекарасы» деген сөздермен ауыстырылсын.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160

-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж, № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; 2010 жылғы 21 сәуірдегі «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 21 сәуірдегі «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 88-1-бабының 2-бөлігінің мәтініне өзгеріс енгізілген, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

2) мынадай мазмұндағы 143-1-бабымен толықтырылсын:

«143-1-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіпкерлік немесе өзге қызметті жүзеге асыруға тыйым белгіленген адамдардың осындай қызметпен айналысуы:

Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіпкерлік немесе өзге қызметті жүзеге асыруға тыйым белгіленген адамдардың осындай қызметпен айналысуы - әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың нысаналары және (немесе) құралдары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, сондай-ақ қосымша әкімшілік құқық бұзушылық салдарынан алынған кірістерді (дивидендтерді), ақшаларды, бағалы қағаздарды тәркілеуге әкеп соғады.»;

3) 163-4-бабында:

бірінші бөлігінде:

екінші абзацында:

«кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға» деген сөздер «дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға» деген сөздермен ауыстырылсын;

«белгілі бір қызмет түріне арналған лицензияларының қолданысы тоқтатыла тұрып, » деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлігінің екінші абзацында:

«белгілі бір қызмет түріне арналған лицензияларынан айыра отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

«дара кәсіпкерлерге - отыз бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға» деген сөздер «дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігінің төртінші абзацында:

«белгілі бір қызмет түріне арналған лицензияларының қолданысы тоқтатыла тұрып, » деген сөздермен толықтырылсын;

«дара кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға» деген сөздер «дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлігінің екінші абзацында:

«белгілі бір қызмет түріне арналған лицензияларынан айыра отырып,» деген сөздермен толықтырылсын;

«дара кәсіпкерлерге - отыз бес, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға» деген сөздер «дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 205-1-бабының алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру кезеңінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Қызметті жүзеге асыру деп салық органына салық есептілігін табыс етуді қайта бастау туралы салықтық өтініш табыс етпей, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу бойынша міндеттемелердің туындауына әкелетін қызметті жүзеге асыруды бастауы түсініледі.»;

5) 205-2-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«205-2-бап. Тұлғалардың қызметті тоқтата тұру туралы өтінішінің қолданылуы кезеңінде қызметті жүзеге асыруы

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда

, тұлғалардың салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру кезеңінде қызметті жүзеге асыруы, -

елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе.

Қызметті жүзеге асыру деп салық органына салық есептілігін табыс етуді қайта бастау туралы салықтық өтініш табыс етпей, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу бойынша міндеттемелердің туындауына әкелетін қызметті жүзеге асыруды бастауы түсініледі.»;

6) 206-бабында:

бірінші бөлігінде «Салық төлеушінің» деген сөздердің алдынан «Импорттаушы табыс етуге тиіс тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

«7. Импорттаушының Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті табыс етпеуі не уақтылы табыс етпеуі, -

жеке тұлғаларға, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, адвокаттарға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

7) 206-2-бабы мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

«Ескертпе.

Адам бұзушылықты Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес қосымша салық есептілігін және (немесе) хабарлама бойынша қосымша салық есептілігін табыс ету арқылы жойған жағдайда осы бапта көзделген әкімшілік жауапқа тартылмайды.»;

8) 207-бабы мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

«Ескертпе.

Осы баптың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін салық төлеушінің кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды есепке қабылдамауы да салық салу объектілерін жасыру деп ұғынылады.»;

9) 209-бабында:

бірінші бөлігі «есепте» деген сөзден кейін «, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы баптың бірінші бөлігінің мақсаттары үшін егер тұлға тауарлар әкелу және

жанама салықтарды төлеу туралы өтініште жанама салықтардың сомаларын төмендеткені үшін әкімшілік жауапқа тартылуы тиіс болған жағдайда мұндай тұлға импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияда көрсетілген жанама салықтардың сомаларын төмендеткені үшін бөлек әкімшілік жауапқа тартылмайды.»;

10) 210-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«210-бап. Салық агентінің салықты ұстап қалу және (немесе) аудару жөніндегі міндеттерді орындамауы

1. Салық агенттерінің және өзге де уәкілетті органдардың (ұйымдардың) салық заңдарына сәйкес ұсталып қалуға және бюджетке аударылуға тиісті салық және басқа да міндетті төлемдер сомасын ұстап қалмауы немесе толық ұстап қалмауы, -

лауазымды адамдарға, - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - салықтың және басқа да міндетті төлемдердің ұсталмаған сомасының отыз проценті мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Салық агенттерінің бюджетке аударылуға тиіс салықтың ұсталып қалған сомасын салық заңнамасында белгіленген мерзімде аудармауы немесе толық аудармауы, -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Тұлға салық агенті дербес анықтаған және қосымша салық есептілігінде көрсетілген салықтардың ұсталған (ұсталуы тиіс) сомаларды бюджетке аудару салық органына қосымша салық есептілігін табыс еткен күннен бастап үш күннен кешіктірілмейтін шартта олар бойынша осы бапта көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартылмауға тиіс»;

11) 213-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«213-бап. Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері мен темекі өнімдерін мемлекеттік реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу

1. Этил спирті мен алкоголь өнімін қоспағанда, акцизделетін өнімдерді декларациялау ережелерін, ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу ережелерін бұзу, сол сияқты этил спирті мен алкоголь өнімін қоспағанда, акцизделетін өнімнің өндірілуі мен айналымы бойынша декларацияны, сондай-ақ ілеспе жүк құжатты табыс етпеу не уақтылы табыс етпеу, -

жеке тұлғаларға - жиырма, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жетпіс, ірі

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

жеке тұлғаларға - елу, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын:

темекі өнімдерін өндіру және оның айналымы саласында уәкілетті органға мәлімет беруден бас тарту немесе дұрыс емес ақпарат беру, сол сияқты отыз күнтізбелік күн ішінде өндіріс паспортына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы жазбаша түрде ақпаратты бермеу;

темекі өнімдерін лицензияда көрсетілмеген мекен-жай бойынша өндіру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін жабдықтарда өндіру; екі және одан да көп лицензиаттың бір стационарлық үй-жайда, бір жабдықта және бір мекен-жай бойынша өндіру;

лицензия берілген күннен бастап бір жыл ішінде темекі өнімдерін ендіру бойынша қызметті жүзеге асырмау түрінде бұзу, -

белгілі бір қызмет түріне арналған лицензияларының қолданысы тоқтатыла тұрып, лауазымды тұлғаларға - жүз жиырма, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

белгілі бір қызмет түріне арналған лицензияларынан айыра отырып, лауазымды тұлғаларға - жүз елу, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - тоғыз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Этил спирті мен алкоголь өнімін қоспағанда, акцизделетін өнімдердің жекелеген түрлерін өндіру және өткізу шарттарын:

этилдендірілген бензиннің айналымы, сондай-ақ кондициялық емес мұнай өнімдерін өткізу және оларды әрі қарай өңдемей сақтау;

мұнай өндірушілер мен жеткізушілерді қоспағанда, мұнай өнімдерін мұнай өнімдері базаларынан, автожанармай құю станцияларынан өткізбеу;

мұнай өнімдерін ілеспе жүк құжатынсыз өткізу және (немесе) тасымалдау;

бақылаушы есептеу аспаптарына салынған пломбаларды жұлып тастау;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ең төменгі бағалардан темен бағаларда темекі өнімдерінің айналымы (экспортты қоспағанда);

жылжымалы үлгідегі жанармай құю станцияларынан мұнай өнімдерін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде өткізбеу түрінде бұзу, -

құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болатын мұнай өнімдері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - жүз елу, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - сегіз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

мұнай өнімдерінің жекелеген түрлері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - екі жүз, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жеті жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

12) 214-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«214-бап. Акцизделетін тауарларды акциздік таңбалармен және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау тәртібі мен ережелерін бұзу

1. Өндірушінің немесе импорттаушының таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды акциздік таңбалармен және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалау ережелерін бұзуы, -

белгілі бір қызмет түріне арналған лицензияларының қолданысы тоқтатыла тұрып, лауазымды тұлғаларға - жүз жиырма, дара кәсіпкерлерге, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Акциздік таңбалармен және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларымен таңбалауға жататын акцизделетін өнімдердің:

акцизделетін өнімдерді акциздік таңбаларынсыз және (немесе) есепке алу-бақылау таңбаларынсыз, сол сияқты белгіленбеген үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге келмейтін таңбалармен сақтау, өткізу түріндегі айналымы -

құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болатын акцизделетін тауарлар тәркілене отырып, жеке тұлғаларға құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысанасы болатын акцизделетін тауарлар құнының жүз проценті мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге, шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын дара

кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға - екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

13) мынадай мазмұндағы 218-1-бабымен толықтырылсын:

«218-1-бап. Кеден одағында тауарлардың экспорты мен импорты, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде салық төлеушілердің салық заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы, сондай-ақ тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды орындамауы

1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген төлеу мерзімінен кейін отыз күн ішінде жанама салықтарды төлемеуі, -

жеке тұлғаларға, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген төлеу мерзімінен кейін отыз күннен кейін жанама салықтарды төлемеуі -

жеке тұлғаларға, лауазымды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға орындалмаған салық міндеттемесі сомасының елу проценті мөлшерінде, бірақ екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Салық төлеушінің салық органына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттемені, сондай-ақ уақытша әкелінген тауарларды, көлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету туралы міндеттемені табыс етпеуі және оларды орындамауы, -

лауазымды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына әкетілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын салық заңнамасында белгіленген қайта өңдеу мерзімдерін бұзу, -

дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып

табылатын заңды тұлғаларға - есептелген салық сомасының отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Көрме-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастырушының осындай сауданы өткізу туралы хабарламауы не уақтылы хабарламауы, -

дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Көрме-жәрмеңкелік сауда ұйымдастырушысының ұйымдастыру тәртібін бұзуы -

дара кәсіпкерлер мен шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы белгіленбеген орындардан акцизделетін тауарларды өткізу -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей мәндері болып табылатын тауар мен көлік құралдары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға екі жүз, лауазымды тұлғаларға бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, дара кәсіпкерлерге және шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - мың, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік одаққа мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген акцизделетін тауарларды алған күні туралы хабарлама табыс етуге міндетті тұлғалардың орналасқан (тұрғылықты) орны бойынша салық органдарына осындай хабарламаны табыс етпеуі -

бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінің мақсаттары үшін егер тұлға осы кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды есепке қабылдамағаны үшін Кодекстің 207-бабында көзделген әкімшілік жауапқа тартылуы тиіс болған жағдайда ол осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жауапқа тартылмайды.»;

14) 335-бабында:

«айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі» деген сөздер «отыз айлық есептік көрсеткіш» деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінінде өзгеріссіз қалдырылсын;

15) мынадай мазмұндағы 400-1, 400-2-баптармен толықтырылсын:

«400-1-бап. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзу Бажсыз сауда дүкенінің уақытша сақтау орнының немесе қоймасының, еркін немесе кедендік

қоймасының иесінің Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне сәйкес осындай қызметті жүзеге асыру шарттарын сақтамауы не уақытша сақтау орнын немесе қоймасын, еркін немесе кедендік қойманы, бажсыз сауда дүкенін құруға арналған үй-жайдың немесе аумақтың кеден одағының кедендік заңнамасында және Қазақстан Республикасының Кеден кодексінде белгіленген талаптарға сәйкеспеуі, -

жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

400-2-бап. Кедендік тасымалдаушының қызметін жүзеге асыру тәртібін бұзуы

Кедендік тасымалдаушының осындай қызметті жүзеге асыру үшін кеден одағының кедендік заңнамасында және Қазақстан Республикасының Кедендік кодексінде көзделген шарттарын сақтамауы, оның ішінде кеден органына көлік құралының орналасқан орнын анықтауға мүмкіндік беретін сол көлік құралындағы техникалық жабдықтың болмауы не оның ақаулығы, -

жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

16) 401 және 402-баптары мынадай мазмұнда жазылсын:

«401-бап. Кеден одағының кедендік шекарасынан өткеннен кейін өткізу пункттеріне тауарлар мен көлік құралдарының келгені туралы кеден органына хабарламау

Тауарлар және көлік құралдарын кеден одағының кедендік аумағына әкелген кезде кеден одағының кедендік шекарасынан өтетіндігі туралы кеден органына хабарламау, оның ішінде жеке тұлғалардың оңайлатылған немесе жеңілдікті тәртіпте тауарлар мен көлік құралдарын өткізуін қоспағанда, кеден шекарасынан өткен кезде кеден одағының кедендік заңнамасына және Қазақстан Республикасының Кедендік кодексіне сәйкес табыс ету міндетті болып табылатын кеден құжаттарын табыс етпеу -

жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

402-бап. Тауарлар мен көлік құралдарының өткізу пункттерінде кеден органының рұқсатынсыз кеден одағының кедендік аумағынан тысқары жерге кетуі

1. Егер тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауда болса не тауарлар мен көлік құралдарын әкету оларды осындай рәсімнен өтуін ұйғарса, өткізу пунктінде кеден шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын кеден одағының кедендік аумағынан тысқары жерге әкету ниеті туралы кеден органын хабардар етпеу, оның ішінде жеке тұлғалардың оңайлатылған немесе жеңілдікті тәртіпте тауарлар мен көлік құралдарын өткізуін қоспағанда, кеден одағының кедендік аумағынан әкету кезінде кеден одағының кедендік заңнамасына және Қазақстан Республикасының Кедендік кодексіне сәйкес табыс ету міндетті болып табылатын кеден құжаттарын табыс етпеу

жеке тұлғаларға - бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері

болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

17) 403-бабында:

бірінші абзацта «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

18) 404-бабында:

бірінші абзацта «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацтағы «бестен онға дейінгі», «оннан он беске дейінгі», «жиырмадан жиырма беске дейінгі» деген сөздер орнына тиісінше «он», «он бес», «жиырма» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 405-бабында:

тақырыбында және бірінші абзацында «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарларды және көлік құралдарын тәркілей отырып, немесе онсыз, қырық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады»;

екінші және үшінші бөлігіндегі «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

20) 406-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«406-бап. Көлік құралын тоқтатпау

Мұндай тоқтатпау көлік құралының техникалық ақаулығынан немесе алапат күштің әсерімен болған жағдайларды қоспағанда, кеден одағының кеден шекарасы арқылы өтетін көлік құралын, сондай-ақ кеден одағының кедендік шекарасы арқылы тауар ретінде өткізілетін көлік құралын кеден органы белгілеген орындарда тоқтатпау, -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

21) 407-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«407-бап. Кеден органының рұқсатынсыз көлік құралын жіберу

Кедендік бақылауда тұрған көлік құралын не кеден одағының кеден шекарасы арқылы тауар ретінде өткізілетін көлік құралын оның тұрған орнынан кеден органының рұқсатынсыз жіберу, -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

22) 408-бабы алып тасталсын;

23) 409-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«409-бабы. Тауарлардың кедендік рәсімдерге орналастырылуына және тауарларды кедендік декларациялауға байланысты кедендік операцияларды жасаудың тәртібін бұзуы

Тауарлардың кедендік рәсімдерге орналастырылуына және тауарларды кедендік декларациялауға байланысты кедендік операцияларды жасаудың тәртібін бұзу, яғни кеден одағының белгіленген кедендік заңнамасын және (немесе) Қазақстан

Республикасының кеден заңдарымен белгіленген кедендік ресімдеудің басталуы мен аяқталуы, орны, уақыты және оны өткізу рәсімі туралы кеден заңдарымен белгіленген талаптарды сақтамау, сол сияқты осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны қолдану шарттарын сақтамау, -

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

24) мынадай мазмұндағы 409-1-бабымен толықтырылсын:

«409-1-бап. Кеден операцияларын жүргізу тәртібін бұзу

Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден заңнамасымен белгіленген кеден операцияларын жүргізу тәртібін бұзу, -

кеден ісі саласында қызметін жүзеге асыратын тұлғалардың тиісті тізілімінен алып тастай отырып, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

25) 410-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кедендік тазарту аяқталмаған тауарлармен заңсыз операциялар жүргізу, жай-күйін өзгерту, пайдалану және (немесе) билік ету

1. Осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден заңнамасымен және (немесе) кеден одағының кедендік заңнамасымен белгіленген талаптар мен шарттарды бұзуда кедендік тазартуға қатысты тауарлармен операциялар жүргізу, жай-күйін өзгерту, пайдалану және (немесе) билік ету, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, оннан жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

26) 411-бабында:

тақырыбында және бірінші абзацындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

27) 412-бабында:

бірінші абзацындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

28) 413-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«413-бабы. Декларация берушінің тауарларды және көлік құралдарын декларациялау тәртібін бұзуы

Декларация берушінің тауарларды декларациялау тәртібін бұзуы, яғни осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды кедендік декларациялау орнына, декларациялау кезіндегі алдын ала, уақытша, толық емес

немесе мерзімдік кеден декларациясын пайдалануды қоса алғанда, кедендік декларация мен кедендік декларациялауды толтыру тәртібі бойынша кеден одағының кедендік заңнамасымен және (немесе) Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасымен белгіленген талаптарды сақтамауы, -

айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

29) мынадай мазмұндағы 413-1, 413-2-баптармен толықтырылсын:

«413-1-бап. Кедендік өкілдің кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзуы

1. Кедендік өкілдің үшінші тұлғамен азаматтық-құқықтық шарт жасаспай не шарттың қолданыс мерзімі өткеннен кейін немесе ол бұзылғаннан кейін үшінші тұлғаның мүддесіне кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыруы -

жиырмадан отыз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекетті кедендік өкілдің бір жыл ішінде қайта жасауы, -

отыздан елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

413-2-бап. Уәкілетті экономикалық оператордың кеден ісі саласында қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзуы

Уәкілетті экономикалық оператордың осындай қызметті жүзеге асыру үшін кеден одағының кеден заңнамасында және Қазақстан Республикасының Кеден кодексінде көзделген талаптарды орындамауы, -

елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

30) 414-бабында:

тақырыбында «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

бірінші абзацында «қоспағанда,» деген сөзден кейін «тауарлар мен көлік құралдарына кедендік декларация, сол сияқты» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

31) 415-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«415-бап. Кеден органына есеп-қисапты бермеу және есеп жүргізу тәртібін сақтамау

Кедендік тасымалдаушының, кеден өкілінің, уақытша сақтау орнының немесе қоймасының, кедендік немесе еркін қойманың, бажсыз сауда дүкенінің иесінің, декларанттардың кедендік бақылауда тұрған не еркін кеден аймағы мен бос қоймалар аумағында тұрған әкелінетін, әкетілетін, декларацияланатын, келіп түсетін, сақталатын, ұқсатылатын, дайындалатын, сатып алынатын және сатылатын тауарлар туралы

белгіленген есеп-қисапты кеден органына кеден одағының кеден заңнамасында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен айқындалған тәртіпте және мерзімде бермеу, сол сияқты, мұндай тауарларға есеп жүргізу тәртібін сақтамау, -
айлық есептік көрсеткіштің бестен жиырма бесіне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.»;
32) 417-бабы мынадай редакцияда жазылсын:
«417-бап. Тауарларды сақтауға орналастыру тәртібін, оларды сақтау және олармен операциялар жасау тәртібін бұзу
Кедендік одақтың кеден заңнамасында және Қазақстан Республикасының Кеден кодексінде белгіленген тауарларды сақтауға орналастыру тәртібін және оларды сақтау тәртібін, кеден қоймасында сақтау мерзімдерін, бір қоймадан басқа қоймаға көшіру тәртібін бұзу, сол сияқты кеден қоймаларындағы, уақытша сақтау қоймаларындағы және еркін қоймалардағы тауарлармен операциялар жүргізу, -
жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;
33) 418-бабында:
бірінші бөліктің екінші абзацында «лицензия күшін тоқтата тұрып» деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.»;
34) 421-бабы мынадай редакцияда жазылсын:
«421-бап. Кеден одағының кеден аумағынан тысқары жерлерге тауарларды және көлік құралдарын әкетпеу не осы аумаққа қайтармау
1. Белгіленген мерзімдерде бұрын әкелінген және (немесе) аяқталған кезде белгіленген мерзімдерде әкету көзделетін белгілі бір кеден рәсіміне орналастырылған тауарларды және көлік құралдарын, сондай-ақ егер мұндай әкету міндетті болып табылған жағдайларда кеден одағының кедендік аумағынан тысқары жерлерге әкетпеу, не бұрын әкетілген және (немесе) аяқталған кезде белгіленген мерзімдерде кері әкелу көзделетін белгілі бір кеден рәсіміне орналастырылған тауарларды және көлік құралдарын, сондай-ақ егер мұндай әкелу міндетті болып табылған жағдайларда кеден одағының кедендік аумағына қайтармау, -
әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - бестен он беске дейін, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан отызға дейін, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
2. Қайта әкетудің немесе әкелудің дәлелі ретінде кеден органына жалған құжаттар, заңсыз жолмен алынған құжаттар не басқа тауарларға және көлік құралдарына қатысты

құжаттар беру, не аварияның немесе жойқын күштің әсері салдарынан, табиғи тозуы немесе азаюынан тауарлар мен көлік құралдарының жойылуы немесе шығын болуы себебінен бұған мүмкіндіктің болмауы, не шет мемлекет органдарының және лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерімен байланысты олардың иеліктен шығарылуы, қылмыс белгілері болмаған кезде, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып немесе онсыз, жеке тұлғаларға - бестен он беске дейін, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырмадан отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырықтан елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

35) 422-бабы алып тасталсын;

36) 423, 424 және 425-баптары мынадай редакцияда жазылсын:

«423-бап. Белгілі бір кедендік режимде орналастырылған тауарлармен және көлік құралдарымен заңсыз операциялар жасау, жай-күйін өзгерту, пайдалану және билік ету

Тауарлармен және көлік құралдарымен олардың кедендік рәсімге сай келмейтін операциялар жасау, жай-күйін өзгерту, пайдалану және билік ету, сол сияқты осы тараудың басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кедендік одақтың кеден заңнамасымен және Қазақстан Республикасының Кеден кодексімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген өзге де шектеулерді, талаптарды және кеден рәсімінің шарттарын сақтамау, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар және көлік құралдары тәркілене отырып, жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

424-бап. Кедендік одақтың кеден шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізген кезде тарифтік емес реттеу шараларын және басқа да шектеулерді қолдану тәртібін сақтамау

Кедендік одақтың кеден заңнамасымен және Қазақстан Республикасының Кеден кодексімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленетін тарифтік емес реттеу мен шектеу шараларын қолдану тәртібін бұза отырып, кедендік одақтың кеден шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізу, қылмыс белгілері болмаған ретте, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға - он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе: Әкелуге және әкетуге тыйым салынған немесе шектелген тауарлар мен көлік құралдарын өткізу жағдайларын қоспағанда, негізгі кедендік ресімдеу

басталғанға дейін және уақытша сақтаудың шекті мерзімдері өткенге дейін тарифтік емес реттеу шараларын сақтаған жағдайда тұлға әкімшілік жауапқа тартылмайды.

425-бап. Жеке тұлғалардың оңайлатылған, жеңілдік тәртібін бұза отырып кедендік одақтың кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуі

Кодекстің осы тарауының басқа баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кедендік одақтың кеден заңнамасымен және Қазақстан Республикасының Кеден кодексімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен айқындалатын оңайлатылған немесе жеңілдік тәртібін бұза отырып, жеке тұлғаның кедендік одақтың кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізуі, оның ішінде Қазақстан Республикасының Кеден кодексінің кеден шекарасы арқылы оңайлатылған немесе жеңілдікпен өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын міндетті жазбаша декларациялау бойынша талаптарын, сондай-ақ иесімен бірге жөнелтілмейтін багажбен тауарды өткізу тәртібін сақтамау, -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

37) мынадай мазмұндағы 425-1-бабымен толықтырылсын:

«425-1-бап. Тауарларды халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізу тәртібін бұзу

Кедендік одақтың кеден заңнамасымен және Қазақстан Республикасының Кеден кодексімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулысымен тауарларды халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізу тәртібін бұзу, -

жеке және лауазымды тұлғаларға бестен онға дейін, жеке кәсіпкерлерге - он бестен жиырмаға дейін, заңды тұлғаларға - отыздан елуге дейін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

38) 426-бабында:

тақырыбындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден одағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кеден бақылауына соқпай кеден одағының кедендік шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізу

Кеден бақылауына соқпай, яғни кеден органдары белгілемеген орындардан немесе кедендік ресімдеу жүргізудің белгіленген уақытынан тыс, кедендік одақтың кеден шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізу, қылмыс белгілері болмаған кезде, -»;

39) 427-бабында:

тақырыбындағы және бірінші абзацындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден одағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацындағы «өткізілетін» деген сөздің алдынан «не өткізілетін» деген сөзбен толықтырылсын;

40) 428-бабында:

тақырыбындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден одағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацында:

«кеден органына» деген сөздердің алдындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

«осы Кодекстің 429 және 432-баптарында» деген сөздер «осы тарауының басқа баптарында» деген сөздермен ауыстырылсын»;

41) 429-бабы мынадай редакция жазылсын:

«429-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын декларацияламау немесе жалған декларациялау

1. Кеден одағының шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды және көлік құралдарын декларацияламау немесе жалған декларациялау, яғни декларанттың, кедендік өкілдің, уәкілетті экономикалық оператордың кеден жүк декларациясында және кеден мақсаттары үшін қажетті өзге құжаттарда тауарлар мен көлік құралдары, олардың кедендік рәсімі, тауарлар мен көлік құралдарының кедендік құны не шыққан елі туралы белгіленген жазбаша, ауызша немесе өзге нысанда мәлімдемеуі немесе жалған мәлімдеуі немесе кедендік төлемдер мен салықтардан босату үшін немесе олардың мөлшерін төмендету үшін негіз болатын жалған мәліметтерді мәлімдеуі және кедендік мақсаттар үшін қажетті басқа да мәлімттерді мәлімдемеуі, осы тарауда көзделген жағдайларды қоспағанда, -

жеке тұлғаға елу, дара кәсіпкерлерге және шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -

әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей нысаналары болып табылатын тауарлар мен көлік құралдары тәркілене отырып, кедендік өкілдер тізілімінен алып тастала отырып,

жеке тұлғаға елуден жүзге дейін, дара кәсіпкерлерге және шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейін, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

42) 430-бабында:

тақырыбындағы және бірінші бөліктің бірінші абзацындағы «Қазақстан Республикасының кеден аумағына» деген сөздер «кеден одағының кедендік аумағына» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігінде «кеден органының» деген сөздердің алдындағы «Қазақстан Республикасы» деген сөз алып тасталсын;

бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «лицензияның, арнайы рұқсаттың немесе біліктілік аттестатының (куәлігінің) қолданылуын тоқтата тұрып,» деген сөздер алып

тасталсын;

43) 431-бабының тақырыбында және бірінші абзацтағы «шығарылған» деген сөзден кейін және (немесе) деген сөздермен толықтырылсын;

44) 432-бабы алып тасталсын;

45) 433-бабында:

46) бірінші абзацтағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацтағы «лицензияның, арнайы рұқсаттың немесе біліктілік аттестатының (куәлігінің) қолданылуын тоқтата тұрып немесе онсыз» деген сөздер алып тасталсын;

46) 434-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

«434-бап. Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу мерзімдерін бұзу

Төлеушілердің, оның ішінде кедендік өкіл, уәкілетті экономикалық оператор мәртебесі бар адамдардың белгіленген мерзімдерде кеден төлемдері мен салықтарды төлемеуі, сол сияқты шартты шығарылған тауарларды негізгі кедендік декларациялау үшін кедендік алымдарды, кеден баждары мен салықтарды төлеуден босату берілгеннен басқа мақсаттарда пайдаланған кезде, сондай-ақ тауарларды кедендік төлемдер мен салықтарды кезеңдік төлеуді көздейтін кеден рәсімдеріне мәлімдеу кезінде кедендік декларацияны табыс ету мерзімдері бұзылған жағдайда төлемеу, -

кедендік өкілдер тізілімінен алып тастай отырып, жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, лауазымды адамдарға орындалмаған салық міндеттемесі сомасының қырық, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу проценті мөлшерінде, бірақ екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

47) мынадай мазмұндағы 434-1-баппен толықтырылсын:

«434-1-бап. Кеден органының кедендік төлемдердің, салықтардың өсімпұлдардың тиесілі сомаларын белгіленген мерзімдерде төлеу туралы талаптарын орындамау

Кедендік төлемдер мен салықтардың төлеуді қамтамасыз ету тәсілдері қолданылған кезде төлеуші кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайларда белгіленген мерзімдерде кедендік төлемдердің, салықтар мен өсімпұлдардың тиесілі сомаларын төлеу туралы кеден органының талаптарын банктің, сақтандыру ұйымының, кепілгердің орындамауы -

жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге орындалмаған салық міндеттемесі сомасының жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - отыз проценті мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу проценті мөлшерінде, бірақ екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен кем емес айыппұл салуға әкеп соғады.»;

48) 435-бабы алып тасталсын;

«Жай серіктестік (консорциум) құрамында өнімді бөлу жөніндегі келісімдер ( келісім-шарттар) шеңберінде жер қойнауын пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы корпоративтік табыс салығын төлеуші болып табылса және қосылған құн салығы бойынша салық міндеттемесін орындау осы Кодекстің 271-1-бабы 3-тармағына сәйкес оператордың қосылған құн салығы бойынша декларация деректері бойынша аталған жер қойнауын пайдаланушының үлесіне келетін мөлшерде, шегерімге жатқызылмайтын қосылған құн салығы шегерімдерге жатқызылады.»;

37) 103-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Капиталдың орташа жылдық сомасының теріс мәні осы баптың мақсатына орай нөлге тең деп танылады»;

38) 111-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жер қойнауын пайдаланушының коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезге дейін бағалау, абаттандыру жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуге, барлауға және оларды өндіруге дайындық жұмыстарына арналған шығыстары, жалпы әкімшілік шығыстар, төленген қол қойылатын бонус пен коммерциялық табу бонусының сомасы, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу жөніндегі шығыстар және осы Кодекске сәйкес шегерімге жататын өзге де шығыстар амортизацияланатын активтердің жеке тобын құрайды. Көрсетілген шығыстар пайдалы қазбаларды коммерциялық табудан кейін өндіру басталған кезден бастап жылдық жиынтық табыстан шегеріледі. Амортизациялық аударымдардың сомасы салық кезеңінің аяғында, осы бапта көзделген амортизацияланатын активтер тобы бойынша жинақталған шығыстар сомасына жер қойнауын пайдаланушының қалауы бойынша айқындалатын, бірақ 25

процентten аспайтын амортизация нормаларын қолдану арқылы есептеледі.»;
үшінші бөлігі «осы қызмет аяқталған салықтық кезеңде» деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 4 және 5 тармақтармен толықтырылсын:
«4. Салық кезеңінің соңына жинақталған шығыстардың құндық балансы:
Салықтық кезең басындағы жинақталған шығыстар тобының құндық балансы кемітілген салықтық кезеңде активтердің істен шығуы, жинақтаушы шығыстар тобында ескерілген, қосылған осы Кодекстің 122-бабының 6-тармағына сәйкес жүргізілетін түзетулер ретінде анықталады.»
Топтың баланстық құны салықтық кезең басында:
алдыңғы салықтық кезеңдегі жинақталған шығыстар тобының құндық балансы;
кемітілген
алдыңғы салықтық кезеңде есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы ретінде анықталады.
5. Тіркелген активтерді істен шығару үшін белгіленген осы Кодекстің 119-бабының ережелеріне сәйкес анықталатын құнына жинақталған шығыстар тобында ескерілген активтердің істен шығуы;
114-баптың 1-тармағының бірінші абзацында «және есепке жазылған» деген сөздер «және (немесе) есепке жазылған» деген сөздермен ауыстырылсын,»;
115-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«7) Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының немесе өзге мемлекеттің заңнамасында белгіленген мөлшерден тыс есептелген (есепке жазылған) және төленген салық пен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомасы;»;
41) 116-баптың 2-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай сөздермен толықтырылсын:
«биологиялық активтер, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген активтерді қоспағанда,»;
42) 118-бапта:
2-тармақта:
мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:
«осы Кодекстің 100-бабы 12-тармағының екінші бөлігіне сәйкес шегерімге жатқызылмайтын шығындардан (шығыстардан);»;
үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«салық төлеушінің осы Кодекстің 100-бабының 6, 13-тармақтарының, сондай-ақ осы Кодекстің 101 - 114-баптары негізінде шегерімге құқығы болатын шығындардан (шығыстардан);»;
3, 4, 5 және 6 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе тауарлық-материалдық қорлардың немесе сатуға арналған активтердің құрамынан аудару жолымен түскен, тіркелген активтің

бастапқы құны оның түскен күніне бухгалтерлік есепке сәйкес айқындалған баланстық құны болып табылады.

Бұрын алдын тіркелген актив ретінде тану тоқтатылған тауарлық-материалдық қорлардың немесе сатуға арналған активтердің құрамынан аудару жолымен түскен, тіркелген активтің бастапқы құны бухгалтерлік есепке сәйкес оның түскен күніне баланстық құны мөлшерінде айқындалады, бірақ осы Кодекстің 119-бабы 2-тармағында көрсетілген құннан артпауы тиіс.

4. Тіркелген активтер өтеусіз алынған кезде алынған активтердің аталған активтерді қабылдап алу-беру актісінде осы баптың 2-тармағының негізінде тіркелген активтердің бастапқы құнына енгізілмейтін шығындарды (шығыстарды) қоспағанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттары мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бастапқы тану кезінде мұндай активтердің құнын ұлғайтатын нақты шығындарды ескере отырып көрсетілген баланстық құны тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады.

5. Жарғылық капиталға салым ретінде алу кезінде осы баптың 2-тармағының негізінде тіркелген активтердің бастапқы құнына енгізілмейтін шығындарды (шығыстарды) қоспағанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттары мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бастапқы тану кезінде мұндай активтердің құнын ұлғайтатын нақты шығындарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалатын құн тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады.

6. Салық төлеушінің қосылу, бірігу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты тіркелген активтерді алу кезінде, осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, осы баптың 2- тармағының негізінде тіркелген активтердің бастапқы құнына енгізілмейтін шығындарды (шығыстарды) қоспағанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттары мен Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бастапқы тану кезінде мұндай активтердің құнын ұлғайтатын нақты шығындарды ескере отырып, алынған активтердің беру актісінде немесе бөліну балансында көрсетілген баланстық құны осындай тіркелген активтердің бастапқы құны болып табылады.»

11-тармақта «қаржы есептілігі» деген сөздің алдынан «құнсызданулар мен қайта бағалалауларды есепке алмай» деген сөздермен толықтырылсын;

43) 122-бабының 2-тармағының бірінші бөлігінде «3-тармақпен» деген сөздер «4-тармақпен» деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 125-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«осы Кодекстің 100-бабы 12-тармағының екінші бөлігіне сәйкес шегерімге

жатқызылмайтын шығындардан (шығыстардан);»;
үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«салық төлеушінің осы Кодекстің 100-бабының 6, 13-тармақтарының, сондай-ақ осы Кодекстің 101 - 114-баптары негізінде шегерімге құқығы болатын шығындардан ( шығыстардан);»;
133-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:
«Өтеусіз берілетін активтер құны аталған активтерді көрсетілген қабылдап алу-беру актісінде беру активтерінің баланстық құны мөлшерінде анықталады»;
46) 135-баптың 4-тармағында «акцизделетін тауарлар өндіру мен» деген сөздер алып тасталсын;
47) 136-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:
«5. Кәсіпкерлік қызметтен шегетін залалдарға осы баптың тармақтарында көрсетілген залалдар, сондай-ақ I топтың тіркелген активтерінің шығып қалуынан шеккен залалдар болып табылмайды.»;
48) 137-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар және селолық тұтыну кооперативтері үшін арнаулы салық режимін қолдану шеңберінде шеккен залалдар келесі салық кезеңдеріне ауыстырылмайды.»;
49) 141-баптың 2-тармағында:
1) тармақшада «тиісті қаржы жылының» деген сөздер «алдыңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылының» деген сөздермен ауыстырылсын;
4) тармақшада «135-баптың 2 және 3 тармақтары» деген сөздер алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын;
5) осы Кодекстің 135-баптың 2 және 3-тармақтарының талаптарына сай келетін салық төлеушілер;
6) осы Кодекстің 150-баптың 1-тармағының талаптарына сай келетін салық төлеушілер.»;
50) 143-баптың 2-баптың 12) тармағының 50) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«12) акционерлік қоғамдарды, мекемелерді және пәтерлер (үй-жайлар) иелері кооперативтерінен басқа тұтыну кооперативтерін қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдарға төленетін депозиттер бойынша сыйақы төлем көзінен салық салынуға жатпайды.»;
51) 150-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы салық органдарында орналасқан орны бойынша салық төлеушілер ретінде тіркелген;»;
52) 155-баптың 3-тармағында:
9) тармақшада «тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы

заңда белгіленген» деген сөздер «республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақшада «зейнетақы жарналарын» деген сөздерден кейін «және әлеуметтік аударымдарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 156-баптың 1-тармағының 10) тармақшасында «заңда белгіленген» деген сөздерден кейін «және осындай төлемнің күніне қолданатын» деген сөздермен толықтырылсын;

54) 161-баптың 3-тармағының төртінші бөлімінде «төлеу» деген сөз «аудару» деген сөзбен ауыстырылсын;

55) 166-баптың 6-тармағы:

1-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы баптың 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес ұсынылатын салық шегерімінің сомасы мен осы Кодекстің 156-бабының 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес ұсынылатын түзету сомасы республикалық бюджет туралы және тиісті қаржы жылының қолданыстағы 1 қаңтарындағы заңымен белгіленген жалақының 8 еселік шағын мөлшерінен аспайтын күнтізбелік жылдағы жиынтығы;»;

3) тармақша алып тасталсын;

56) 180 бабының 2-тармағының 1) тармақшасында «тұрғын үй жайлары» деген сөздер «тұрғын үй» деген сөзбен ауыстырылсын;

57) 197-бапта:

1-тармақ:

3) тармақшада:

«резидент» деген сөз «резидент - заңды тұлға» деген сөздермен ауыстырылсын;

«болып табылатын» деген сөз «егер осындай заңды тұлға бөлігі табылатын болса» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада «резидент» деген сөз «резидент - заңды тұлға» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшада:

«резидент емес» деген сөздер «резидент - заңды тұлға» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте құн есімі мынадай тәртіпте айқындалады:

1) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мүлікті -мүлікті өткізу құны мен оны сатып алу құны арасындағы оң айырма ретінде өткізу кезінде;

2) акциялар мен қатысу үлестерін осы Кодекстің 87-бабына сәйкес өткізу кезінде.»;

1-1-тармақта:

бірінші бөлікте:

«акцияларды (қатысу үлестерін) өткізу күнгі заңды тұлғаның» деген сөздердің

алдынан «немесе дивидендтер төлеуді» деген сөздермен толықтырылсын;
«заңды тұлға,» деген сөздердің алдынан «дивидендтерді төлейтін немесе» деген сөздермен толықтырылсын;
үшінші бөлікте:
бірінші абзацта «заңды тұлға,» деген сөздердің алдынан «дивидендтерді төлейтін немесе» деген сөздермен толықтырылсын;
екінші абзацта «заңды тұлға,» деген сөздердің алдынан «дивидендтерді төлейтін немесе» деген сөздермен толықтырылсын;
төртінші бөлікте «заңды тұлғаның активтерін» деген сөздердің алдынан « дивидендтерді төлейтін немесе» деген сөздермен толықтырылсын;
бесінші бөлікте «заңды тұлғаның есептілігін» деген сөздердің алдынан « дивидендтерді төлейтін немесе» деген сөздермен толықтырылсын;
бірінші абзацта «күнге» деген сөздердің алдынан «дивидендтерді төлейтін немесе» деген сөздермен толықтырылсын;
екінші абзацта:
«күнгі» деген сөздердің алдынан «дивидендтерді төлейтін немесе» деген сөздермен толықтырылсын;
«күнге» деген сөздердің алдынан «дивидендтерді төлейтін немесе» деген сөздермен толықтырылсын;
оныншы абзацта «3) және 4)» деген сандар «4) және 5)» сандармен ауыстырылсын;
алтыншы бөлікте:
«3) және 4)» деген сандар «4) және 5)» сандармен ауыстырылсын;
он бірінші абзацта «акцияларды (қатысу үлестерін) өткізу күнгі» деген сөздер «,» үтірмен ауыстырылсын;
9-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі және 11-тармақта «2)-4)» деген сандар «4)-5)» сандармен ауыстырылсын;
58) 224-баптың 4-тармағында:
бірінші бөлімде:
тармақшада «аспайтын» деген сөз «аз» деген сөзбен ауыстырылсын;
2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«2) мұндай мемлекетте қаржы ақпаратының құпиялылығы туралы заңдар немесе мүліктің, табыстың нақты иесі немесе компанияның нақты иелері, құрылтайшылары, акционерлері туралы құпияны сақтауға мүмкіндік беретін заңдар болса.
Осы тармақшасының ережелері уәкілетті орган олардың құзырлы органдарынан мұндай мәліметтерді беруге жазбаша түрде бас тартқан немесе оның сауал салуы бойынша құзырлы органдарынан мұндай сауал салуы жібергеннен кейін екі жылдан астам уақыт ішінде мәліметтерді бермей отырған мемлекеттерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының жасасқан халықаралық келісімшартарда бар ақпараттармен алмасу туралы мәліметтерді уәкілетті органға беретін мемлекеттерге қатысты қолданылмайды.

Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.»;

екінші бөлімдерде «айқындайды» деген сөз «белгілейді»« деген сөзбен ауыстырылсын;

59) 228-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында «сәйкес» деген сөз «кеден одағының кедендік заңнамасымен және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;

60) 230 баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде «Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына» деген сөздердің алдына «Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;

61) 231-бапта:

6-тармақтың 1) тармақшасында барлық мәтін бойынша «режимінде» деген сөздер «кеден рәсімінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

5) тармақшада «сыйақы үшін» деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) кредит беру (қарыз, микрокредит беру)»

3-тармақтың 4) тармақшасында:

«Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде» деген сөздер «кеден одағынан тысқары жерлерде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«режимін» деген сөз «кеден рәсімін» деген сөздермен ауыстырылсын.

«егер оларды әкету» деген сөздерден кейін «Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;»;

3-тармақтың 9) тармақшасында барлық мәтін бойынша «режимінде» деген сөздер «кеден рәсімінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 7) тармақшасында:

«Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде» деген сөздер «кеден одағынан тысқары жерлерде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«кедендік режимде «Тауарларды уақытша кіргізу» деген сөздер «кедендік рәсімде «Уақытша кіргізу» деген сөздермен ауыстырылсын;

«егер мұндай әкету» деген сөздерден кейін «Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;»;

62) 232-баптың:

екінші бөлігінде екінші бөлігіндегі «орын» деген сөз «егер өзгесі осы баппен белгіленген болмаса, орын» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу орны осы Кодекстің 236-бабына сәйкес айқындалады»;

1-тармағында:

«тиеп-жөнелтуі» деген сөздер «женелтілуі» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта:
1) тармақша алып тасталсын;
2) тармақшада «тиеп-жөнелтуі» деген сөздер «жөнелтілуі» деген сөзбен ауыстырылсын;
63) 233-бапта:
«тиеп-жөнелтуі» деген сөз «өткізуді» деген сөздермен ауыстырылсын;
2-тармақта:
1) тармақша алып тасталсын;
2) тармақшада «тиеп-жөнелтуі» деген сөз «өткізуді» деген сөздермен ауыстырылсын;
3) тармақша мынадай мазмұнда толықтырылсын:
«3) тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде салық төлеушілердің салық заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы, сондай-ақ тұлғалардың осы Кодекстің 271-1-бабы 3-тармағына сәйкес өткізуі»;
64) мынадай мазмұндағы 233-1 баппен толықтырылсын:
«233-1-бап. Комиссияның келісімінің шарттарына сәйкес жағдайларда жүзеге асырылатын өткізу бойынша айналымдар
1. Комиссионердің өз атынан және комитет есебінен тауарларды тиеп - жөнелтуі, жұмыстарды орындауы немесе қызмет көрсетулері комиссионердің өткізу бойынша айналымы болып табылмайды.
2. Осы баптың 1-тармағының ережелері мыналарға қатысты қолданылмайды:
Қазақстан Республикасында қосылған күн салығын төлеуші болып табылмайтын және филиал, өкілдік арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес-сенім берушіден алған тауарларды өткізгенде. Бұл жағдайда өткізу сенгеннің өткізуі бойынша айналым болып табылады.»;
65) 234-бапта «тиеп-жөнелту» деген сөз «өткізу» деген сөзбен ауыстырылсын;
66)235-бапта:
1-тармақта «(оның ішінде өндірілген пайдалы қазбаларды)» алып тасталсын;
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Шот-фактураның түпнұсқасы тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алушыға да, бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың әрқайсысына да жазылады.»;
мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:
«5. Осы баптың ережелері осы Кодекстің 271-1-бабы 3-тармағында көзделген жағдайларда оператордың тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өткізгенде (алғанда) қолданылмайды.»;
67) 236-баптың 2-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

«Бұл ретте осы баптың мақсаттары үшін осы тармақта жылжымайтын мүлікке жатқызылған мүлік жылжымалы мүлік деп танылады.»;

68) 237-баптың 3-тармағында:

бірінші абзацындағы «режимі» деген сөз «кеден рәсімі» деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада:

«Қазақстан Республикасының шекарасын» деген сөздер «кеден одағының шекарасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

«сәйкес» деген сөздің алдынан «және (немесе) Кеден одағының кеден заңнамасына» деген сөздермен толықтырылсын;»;

2) тармақшада:

бірінші абзацында:

«ресімдеу» деген сөздер «кедендік декларациялау» деген сөздермен ауыстырылсын.
;

екінші және үшінші абзацтарда бүкіл мәтін бойынша «режимінде» деген сөздер « кеден рәсімінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«декларациялау» деген сөздің алдынан «кедендік» деген сөзбен толықтырылсын.;

238-бапта:

8-тармақта «қосылған құн салығы бойынша есепке жатқызу көзделмеген» деген сөздер «шот - фактураларда көрсетілген қосылған құн салығы осы тауарларды сатып алған кезде есепке жатқызуға жатпайды» деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Комиссия шартының талаптарына сай келетін жағдайларда тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде комиссионердің салық салынатын айналым мөлшері оның комиссиялық сыйақысы негізінде айқындалады.»;

мынадай мазмұндағы 19 және 20-тармақтармен толықтырылсын:

«19. Шетелдік валютадағы операция салық салу мақсатында операция жасалған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы қолданыла отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгеге қайта есептеледі.

20. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, салық салу мақсатында бағамдық айырманы валюта айырбастаудың (оның ішінде нарықтық бағамын қолдана отырып) есепке алу талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.»;

240-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында «кезеңі аяқталғаннан кейін» деген сөздер «кезеңінің басынан» деген сөзбен ауыстырылсын;

241-баптың 6-тармағының 2) тармақшасында «рәсімдеу» деген сөз «декларациялау» деген сөзбен ауыстырылсын;

242-баптың екінші абзацында:

«Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден одағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына» деген сөздердің алды «Кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;

243-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшасында:

«режимі» деген сөз «кеден рәсімі» деген сөздермен ауыстырылсын;

«режимі» деген сөз «кеден рәсімі» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден одағыньщ» деген сөздермен ауыстырылсын;;

3) тармақшада:

«қайырымдылық және» деген сөздер «қайырымдылық және (немесе)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«шетелдік» деген сөзден кейін «және қазақстандық» деген сөздермен толықтырылсын;

244-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарымен, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында реттелетін қатынастарға өзге де қатысушылармен қатынастарда өз мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген жеке немесе заңды тұлға салық төлеушінің (салық агентінің) уәкілетті өкілі болып танылады.

Салық төлеушінің (салық агентінің) - заңды тұлғаның не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің уәкілетті өкілі мұндай салық төлеушінің (салық агентінің) құрылтай құжаттары және (немесе) оның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген сенімхаты негізінде әрекет етеді, онда өкіл өкілеттіктерінің нақты тізбесі көрсетіледі.»;

245-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Салық қызметі органдарының рәмізі болады. Салық қызметі органдары рәмізінің сипаттамасы мен оны пайдалану тәртібін уәкілетті орган бекітеді.»;

245-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы «хабарлама» деген сөзден кейін «және ( немесе) осы Кодексте белгіленген жағдайларда оның көшірмесін» деген сөздермен толықтырылсын;

246-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы «тиісті қаржы жылына арналған Республикалық Бюджет туралы Заңмен белгіленген» деген сөздер «Республикалық Бюджет туралы Заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

246-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Егер мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген сенімгерлікпен басқару туындайтын өзге жағдайларда сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының салық міндеттемесін орындау толығымен сенімгерлікпен басқарушыға жүктелген болса, сенімгерлікпен басқару

құрылтайшысының дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқығы бар.»;
2) тармақшада «режимі» деген сөз «кеден рәсімі» деген сөздермен ауыстырылсын;;
3) тармақшада:
«режимі» деген сөз «кеден рәсімі» деген сөздермен ауыстырылсын;
4-тармақшада:
«кедендік бақылау үшін қажетті басқа да талаптарын орындамауы» деген сөздер «ішкі тұтынуға арналған тауарларды қайта өңдеудің кедендік рәсімдерді» деген сөздермен ауыстырылсын»;
248-бапта:
21) тармақшаның үшінші абзацындағы «операцияларын өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.» деген сөздер «операциялары;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:
«21) бажсыз сауда дүкенінің кеден режиміне орналастырылған тауарларды өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.»;
249-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын; 250-бапта:
1-тармақтың 2) тармақшасындағы «ұсынған» деген сөздер «жазып берген» деген сөздермен ауыстырылсын;
2-тармақта:
1) тармақшадағы «ұсынылған» деген сөз «жазып берілген» деген сөздермен ауыстырылсын;
4) тармақшадағы «бұқаралық ақпарат құралының өзге де өнімінің» деген сөздер «өзге де бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің, оған қоса олардың жалпыға бірдей қолжетімді төлекоммуникациялық желілердің интернет-ресурсында орналасқан өнімдерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;
тармақшаның үшінші абзацындағы «авиациялық» деген сөз «әуе» деген сөзбен ауыстырылсын;
3-тармақта:
бірінші бөліктегі «осы баптың 4-тармағында» деген сөздер «осы бапта» деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші бөлік алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:
«3-1. Босатылған айналымның мақсаттары үшін сатып алынған, бірақ салық салынатын айналымның мақсаттары үшін пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша өнім берушілер жазып берген шот-фактуралардағы қосылған құн салығының сомасы олар салық салынатын айналым мақсаттары үшін пайдаланылған салық кезеңінде осы тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынған күні қолданыста болған ставка бойынша есепке жатқызылуға жатады.
3-2. Аяқталмаған құрылыс объектісін өткізген жағдайда бұрын осы Кодекстің 249-бабына сәйкес қосылған құн салығынан босатылған айналым түрінде өткізуге арналған

осы объектінің құрылысы процесінде пайдаланылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығы аяқталмаған құрылыс объектісін өткізу жүзеге асырылған салық кезеңінде аталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған күні қолданыста болған ставка бойынша есепке жатқызылуға жатады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер шот-фактураны жазып беру осы Кодекстің 263-бабы 7-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасау күнінен кейін жүзеге асырылса, қосылған құн салығы шот-фактураны жазып беру күні тура келетін салық кезеңінде есепке жатқызылады.

Осы Кодекстің 263-бабының 20-тармағында көрсетілген жағдайларда лизинг алушы қосылған құн салығын лизинг берушінің осы Кодекстің 237- бабының 6-тармағында көрсетілген өткізу бойынша айналымды жасаған күні тура келетін салық кезеңінде есепке жатқызады.»;

257 және 260-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«257-бап. Есепке жатқызылуға жатпайтын құн салығы

1. Қосылған құн салығы, егер:

1) осы тармақта өзгеше көзделмесе, салық салынатын айналым мақсаттарында пайдаланылмайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

2) негізгі құралдар ретінде сатып алынатын жеңіл автомобильдерді;

3) шот-фактуралары осы Кодексте белгіленген талаптар сақталмай жазып берілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты төленуге жататын болса, есепке жазылмайды және осы Кодекстің 100-бабының 12-тармағында белгіленген тәртіппен ескеріледі.

4) Қосылған құн салығы, егер ол салық салынбайтын айналымның мақсаттары үшін пайдалануға арналған (пайдаланылған), оның болуына байланысты салық төлеуші осы Кодекстің 260 және 261-баптарына сәйкес барабарлық әдісті қолданған (қолданатын) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты төленуге жататын болса, есепке жатқызылады.

2. Мүлікті (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз негізде алған кезде, осындай мүлікті алған тұлға осындай мүлікті өтеусіз берген тұлғаның төлеуіне жататын қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызбайды.»;

«260-бап. Қосылған құн салығы салынбайтын өткізу бойынша айналымдар болған кезде қосылған құн салығын есепке жатқызу тәртібі

1. Салық салынбайтын айналымдардың мақсаттары үшін пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша өнім берушіге төленуге жататын және импорт бойынша қосылған құн салығы, осы Кодекстің 257-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, есепке жатқызылмайды.

2. Салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар болған кезде қосылған

құн салығын төлеушінің таңдауы бойынша барабарлық немесе бөлек әдіспен есепке жатқызылады.

Есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасын анықтаудың таңдап алынған әдісі күнтізбелік жыл ішінде өзгертілмеуге тиіс.

3. Осы Кодекстің 249-бабының 1-тармағына сәйкес өткізу бойынша айналымдар салық салудан босатылатын объектілер құрылысын жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеуші салық салынатын айналымдардың және осы Кодекстің 249-бабының 1 -тармағына сәйкес салықтан босатылатын айналымдардың мақсаттары үшін пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомаларын есепке жатқызудың бөлек әдісін қолдануға міндетті.

4. Қосылған құн салығын төлеушіде:

салық салынатын айналымдар;

осы Кодекстің 249-бабының 1-тармағына сәйкес салық салудан босатылатын айналымдар;

басқа да салық салынбайтын айналымдар болған жағдайда, қосылған құн салығын төлеуші осы Кодекстің 249-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығынан босатылатын айналымдарды қоспағанда, салық салынатын айналымдар мен салық салынбайтын айналымдар бойынша есепке жатқызудың барабарлық әдісін қолдануға құқылы.

5. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салық кезеңінде есепке жатқызудың барабарлық және бөлек әдістерін бір мезгілде пайдаланатын қосылған құн салығын төлеушілер айналымның жалпы сомасындағы салық салынатын айналымның үлес салмағын айқындаған кезде есепке жатқызудың бөлек әдісі қолданылатын айналымдарды ескермейді.

Бір мезгілде салық салынатын және салық салынбайтын айналымдардың мақсаттары үшін пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша есепке жатқызудың барабарлық әдісін қолданған кезде айналымның жалпы сомасындағы салық салынатын айналымның үлес салмағын айқындау үшін салық салынатын және салық салынбайтын айналымдардың жалпы сомасы ескеріледі.

6. Осы бапқа сәйкес есепке жатқызылуға жатпайтын қосылған құн салығы осы Кодекстің 100-бабының 12-тармағында белгіленген тәртіппен ескеріледі.»;

262-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Есепке жатқызудың бөлек әдісін пайдаланатын қосылған құн салығын төлеушілердің бір мезгілде салық салынатын және салық салынбайтын айналымдар мақсаттарында пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасы бөлігінде барабарлық әдісті қолдануға құқығы бар.»;

263-бапта:

2-тармақтағы «ресімдеуге» деген сөз «жазып беруге» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың 2) тармақшасындағы «толтырылған» деген сөз «жазып берілген» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Кодекстің 78-бабында белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда лизинг беруші «Салық кодексінің 78-бабы сақталмаған» деген белгісі бар шот-фактура немесе қосымша шот-фактура жазып береді.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, шот-фактура айналым жасалған күннен бұрын жазылмайды және өткізу бойынша айналым жасалған күннен кейінгі бес күннен кешіктірілмей жазып беріледі.

Қосылған құн салығын төлеуші:

қосылған құн салығы салынатын электр энергиясын, суды, газды, байланыс қызметін көрсетуді, коммуналдық қызмет көрсетуді, темір жол тасымалдарын, сондай-ақ көлік-экспедиторлық қызмет көрсетуді, банк операцияларын өткізу кезінде оның қорытындысы бойынша шот-фактура жазып берілетін айдан кейінгі айдың 20-шы күнінен кешіктірмей күнтізбелік айдың қорытындылары бойынша;

есептелген сыйақы сомасы бөлігінде мүлікті қаржы лизингіне беру кезінде оның қорытындысы бойынша шот-фактура жазып берілетін тоқсаннан кейінгі айдың 20-шы күнінен кешіктірмей күнтізбелік тоқсанның қорытындылары бойынша шот-фактураны жазып беруге құқылы.»;

15-тармақтың 2) тармақшасының мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

18-тармақтың екінші бөлігіндегі «ұсынған» деген сөздер «жазып берген» деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Тапсырма шартына сәйкес келетін талаптармен өткізілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушыға шот-фактураны жазып беруді сенім білдіруші (осы Кодекстің 233-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда - сенім білдірілген адам) осы бөлімде көзделген тәртіппен жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 20-тармақпен толықтырылсын:

«20. Осы Кодекстің 78-бабында белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда лизинг беруші көрсетілген сақталмаушылық болған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей:

мүлікті қаржы лизингіне беру бойынша - қосымша шот-фактура жазып беруге міндетті, онда қосылған құн салығы көрсетіле отырып, сыйақы сомасы қосылмаған босатылған айналымдардың теріс мәні және салық салынатын айналымдардың оң мәні қамтылуға тиіс;

мүлікті қаржы лизингіне беру бойынша сыйақының есепке жазылған сомалары бөлігінде - қосымша шот-фактуралар жазып беруге міндетті, оларда қосылған құн салығы көрсетіле отырып, босатылған айналымдардың теріс мәні және салық

салынатын айналымдардың оң мәні қамтылуға тиіс»;

264-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі «берген» деген сөз «жазып берген» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөліктегі «данада жасайды» деген сөздер «дана етіп жазып береді» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің 1) тармақшасындағы «жасалған» деген сөз «жазып берілген» деген сөздермен ауыстырылсын;

265-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«265-бап. Қосымша шот-фактураларды жазып беру

1. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіппен қосымша шот-фактураны мынадай:

1) осы Кодекстің 239-бабына сәйкес салық салынатын айналым мөлшері түзетілген;

2) бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес болған:

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші шот-фактураны осы Кодекстің 263-бабында көзделген жағдайларда осындай шот-фактура жазып берілген күні қолданыста болған салық ставкасы бойынша есептелген қосылған құн салығы сомасын көрсете отырып, өткізу бойынша айналым жасалған күннен бұрын жазып берген;

1. шот-фактура жазып берілген күні қолданыста болған қосылған құн салығы ставкасы осындай шот-фактура бойынша өткізу бойынша айналым жасалған күні қолданыста болған қосылған құн салығы ставкасынан өзгеше болған жағдайларда жазып береді.

2. Қосымша шот-фактурада:

1) қосымша шот-фактураның араб цифрларымен көрсетілетін реттік нөмірі және оның жазып берілген күні;

2) қосымша шот-фактура жазып берілетін шот-фактураның араб цифрларымен көрсетілетін реттік нөмірі және жазып берілген күні;

3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші мен алушының атауы, мекен-жайы және сәйкестендіру нөмірі;

4) қосылған құн салығының ставкасы;

5) қосылған құн салығын есепке алмай, салық салынатын айналымды түзету мөлшері;

6) қосылған құн салығының түзетілген сомасы көрсетіледі.

3. Қосымша шот-фактураны тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруші жазып береді және аталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы растайды.»;

267-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен

толықтырылсын:

«Осы тармақтың 1) тармақшасын қолдану мақсатында қызмет түрлерін айқындау техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылады;»;

272-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында:

үшінші абзац алып тасталсын;

бесінші абзацта «активтер» деген сөздерден кейін «жылжымайтын мүлікке құқығын мемлекеттік тіркеу» деген сөздермен толықтырылсын;

273-бапта:

3-тармақтың 3) тармақшасының екінші бөлімінде «243-245-баптар» деген сөздерден кейін «276-11 - 276-13-баптар» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 37-1-тараумен толықтырылсын:

«37-1-бөлім. Кеден одағында тауарлардың, жұмыстарды орындаудың, қызмет көрсетулердің экспорты мен импорты кезінде қосылған құн салығын салудың ерекшеліктері

Осы тараудың ережелері кеден одағына мүше-мемлекеттердің арасында жасалған халықаралық шарттардың негізінде белгіленген, және тауарлардың, жұмыстарды орындаудың, қызмет көрсетулердің эксперты мен импорты кезінде қосылған құн салығын салуды, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың кеден одағына мүше-мемлекеттердің (бұдан әрі - кеден одағы) өзара саудада салық әкімшілендіру тәртібін реттейді.

Егер осы Кодекстің басқа тарауларына қарағанда, осы тараудың тауарлардың, жұмыстарды орындаудың, қызмет көрсетулердің экспорты мен импорты кезінде қосылған құн салығын салуда, сондай-ақ оның салық әкімшілендіруінде өзге де нормалары белгіленсе, онда осы тараудың нормалары қолданылады.

Осы тарауда тауарлардың, жұмыстарды орындаудың, қызмет көрсетулердің экспорты мен импорты кезінде қосылған құн салығын салуда, сондай-ақ оның салық әкімшілендіруіне қатысты реттелмеген мәселелер осы Кодекстің басқа тарауларымен, сондай-ақ осы Кодексті қолданысқа енгізу туралы заңнамалық актілермен реттеледі.

Кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарлар бойынша қосылған күн салығын өндіріп алуды Қазақстан Республикасының салық органдары салық салынатын импорттың мөлшеріне осы Кодекстің 268-бабы 1-тармағында белгіленген ставка бойынша жүзеге асырады.

Осы баптың мақсаттары үшін шет ел валютасындағы тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің құны тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді, салық салынатын импортты өткізу бойынша айналымды жасау күніндегі нарықтық бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі.

276-1-бап. Кеден одағына қолданылатын негізгі ұғымдар

1. Осы тарауда қолданылатын түсініктер кеден одағына мүше мемлекеттердің

арасында жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген.

Егер, кеден одағына мүше мемлекеттердің арасында жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осы тарауда қолданылатын түсініктер көзделмесе, осы Кодекстің тиісті баптарында, азаматтық және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де салаларында көзделген.

2. Осы тараудың мақсатында лизинг болып мүлікті, егер ол мына шарттардың біріне жауап берсе лизинг шарты бойынша үш жылдан артық мерзімге беру танылады:

1) тіркелген бағалар бойынша лизинг алушының меншігіне мүлік беру лизинг шартымен анықталған;

2) лизинг мерзімі мүлік лизингі бойынша берілетін пайдалы қызмет мерзімінің жетпіс бес пайызынан асады;

3) лизингтік төлемдердің ағымдағы (дисконтталған) құны лизингтің барлық мерзімінде мүлік лизингі бойынша берілетін құнның тоқсан пайызынан асады.

Осы тараудың мақсатында осындай беру лизинг берушінің мүлікті сатуы және лизинг алушының осы мүлікті сатып алуы ретінде қаралады. Бұл ретте, лизинг алушы лизинг мәнінің иесі ретінде, ал лизингтік төлемдер - тауардың құны бөлігінде лизинг алушыға ұсынылған кредит бойынша төлемдер ретінде қаралады. Бұл ретте, лизингтік төлемдер деп сыйақыны ескере отырып, тауар (лизинг мәні) құнының бөлігі түсіндіріледі.

Осы тараудың мақсатында лизингтік мәмілелер жоғарыда көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда немесе олар бойынша лизингтік шарттар, осындай шарттар жасалған күннен бастап үш жыл өткенге дейін бұзылған (лизинг шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған) жағдайда лизинг деп танылмайды.

Осы тараудың мақсатында лизинг шарты бойынша сыйақы деп мүлікті лизингке беруге байланысты барлық төлемдер, осындай мүлік алынған (берілген) құнды, лизинг алушыға лизинг беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төлемдерді қоспағанда түсіндіріледі.

276-2-бап. Кеден одағындағы қосылған құн салығын төлеушілер

Мыналар:

1) осы Кодекстің 228-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар;

2) кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттаушы тұлғалар:

резидент-заңды тұлға;

резидент-заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі, егер ол шарттың (келісімшарттың) тарапы болып табылатын жағдайда;

заңды тұлға-резиденттің құрылымдық бөлімшесі, егер резидент-заңды тұлға мен кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісі арасындағы шарттың (келісімшарттың) талаптары бойынша тауарларды алушы резидент-заңды тұлғаның

құрылымдық бөлімшесі болып табылатын жағдайда;
Қазақстан Республикасының салық органдарында салық төлеуші ретінде тіркелген, филиалын, өкілдігін ашпай тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлға;
филиал, өкілдік арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлға;
тұрақты мекемені құрмай қызметін жүзеге асыратын резидент емес-заңды тұлға;
сенімгерлік басқаруды құрушылармен сенімгерлік басқару шарттары бойынша не пайда сатып алушылармен сенімгерлік басқару пайда болған өзге жағдайларда қызметті жүзеге асыру шеңберінде тауарларды импорттайтын сенімгерлік басқарушылар;
Қазақстан Республикасында аккредиттелген, шетел мемлекетінің дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі, дипломатиялық, әкімшілік-техникалық персоналға жататын тұлғалар, олармен бірге тұратын олардың жанұя мүшелерін қоса алғанда;
нотариалдық, адвокаттық қызметтерді жүзеге асыру мақсатында тауарларды импорттайтын жеке нотариустер, адвокаттар;
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызмет мақсатында тауарларды импорттайтын жеке тұлға;
Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын көліктік құралдарды импорттайтын жеке тұлға қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады.

276-3-бап. Салық салу объектілері, салық салынатын айналымды айқындау

Егер, осы Кодекстің 276-4 бабында өзгесі белгіленбесе, кеден одағында қосылған құн салығы салынатын объектілер, сондай-ақ салық салынатын айналым осы Кодекстің 229, 230, 241-баптарына сәйкес анықталады.

276-4-бап. Кеден одағында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу және салық салынатын импорт бойынша айналымды айқындау

1. Қазақстан Республикасының аумағынан басқа кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына тауарлар экспорта тауарларды өткізу бойынша айналым болып табылады.
2. Егер осы Кодекстің 231-бабының 2-тармағына сәйкес айналымдар, осы Кодекстің 276-5-бабы 2-тармағының негізінде оларды өткізу орны болып Қазақстан Республикасы танылатын болса кеден одағында жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым болып табылады.
3. Мыналар салық салынатын импорт болып табылады:
1)Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін немесе әкелінген тауарлар (осы Кодекстің 276-15-бабының 2-тармағына сәйкес қосылған құн салығын салудан босатылғандарды қоспағанда).
Осы тармақшаның ережесі сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын, әкелінетін көліктік құралдарға қатысты

қолданылады.
2) Қазақстан Республикасының аумағына басқа кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-берістік шикізатынан қайта өңделген өнімдер болып табылатын тауарлар.
276-5-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді өткізу орны
1. Тауарларды өткізу орны осы Кодекстің 236-бабының 1-тармағына сәйкес анықталады.
2. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны Қазақстан Республикасының аумағы болып танылады, егер:
1) жұмыстар, көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жылжымайтын мүлікпен тікелей байланысты.
Осы тармақшаның ережесі сол сияқты жылжымайтын мүлікті жалға беру, жалға алу және өзге де негіздемелерде пайдалануға беру бойынша қызметтерге қатысты қолданылады.
Осы тармақшаның мақсаты үшін жер учаскелері, жер қойнауының учаскелері, оқшауланған су объектілері және жермен тығыз байланыстының барлығы, яғни мақсатына шамадан тыс зиян келтірілмей көшірілуі мүмкін болмайтын объектілер, оның ішінде ормандар, көп жылдық көшеттер, ғимараттар, құрылыстар, құбырлар, электр беру желілері, мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорындар және ғарыш объектілері жылжымайтын мүлік деп танылады;
2) жұмыстар, көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жылжитын мүлікке, көліктік құралдарға тікелей байланысты (көлік құралдарын жалға беру, лизингі және өзге де негіздемелерде пайдалануға беру бойынша қызметтерді қоспағанда).
Осы тармақшаның мақсаттары үшін жылжитын мүлік болып осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын мүлікке, көліктік құралдарға жатпайтын заттар танылады.
Осы тармақшаның мақсаттары үшін көліктік құралдар болып әуе және су кемелері, ішкі жүзу кемелері, аралас (өзен-теңіз) жүзу кемелері; темір жол жылжымалы құрамы; автобустар, автомобильдер, тіркемелер мен жартылай тіркемелерді қоса алғанда; жүк контейнерлері танылады.
3) мәдениет, өнер, оқу (білім беру), дене шынықтыру, туризм, демалыс және спорт саласындағы қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілген;
4) Қазақстан Республикасының салық төлеушілері мыналарды сатып алады:
консультативтік, заң, бухгалтерлік, аудиторлық, инжинирингтік, жарнамалық, дизайнерлік, маркетингтік қызметтер, ақпаратты өңдеу бойынша қызметтер, сондай-ақ ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-технологиялық ( технологиялық) жұмыстар;
ЭЕМ мен деректер қорлары (есептеу техникасының бағдарламалық құралдары мен

ақпараттық өнімдері) үшін бағдарламаларды әзірлеу, оларды бейімдеу және түрлендіру, осындай бағдарламалар мен деректер қорын сүйемелдеу бойынша жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

егер, персонал сатып алушының қызмет орнында жұмыс істейтін жағдайда персонал беру бойынша қызметтер.

Осы тармақшаның ережесі сол сияқты мына жағдайларда қолданылады:

патенттерді, лицензияларды беру, ұсыну, мемлекет қорғайтын өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқығын растайтын өзге де құжаттарды беру, сауда таңбаларын, тауар белгілерін, фирмалық атауларын, авторлық, сабақтас құқықтар немесе өзге де осыған ұқсас құқықтарды беру;

көлік құралдарын өзге де негіздерде жалға беру, лизинг және пайдалануға беруді қоспағанда, жылжымалы мүлікті өзге де негіздерде жалға беру, лизингке және пайдалануға беру;

шартқа (келісімшартқа) негізгі қатысушының атынан осы тармақшада көзделген жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін басқа тұлғаны тартатын тұлғаның қызметтер көрсетуі;

5) егер осы баптың осы 2-тармағы 1)-4) тармақшаларында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының салық төлеушісі жұмыстарды орындайды, қызметтер көрсетеді.

Осы тармақшаның ережесі сондай-ақ көлік құралдарын жалға, лизинг және өзге де негіздерде пайдалануға берген кезде де қолданылады.

3. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орнын растайтын құжаттар болып мыналар табылады:

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі мен кеден одағына мүше мемлекеттердің салық төлеушісі арасында жасалған жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған шарт (келісімшарт);

жұмыстардың орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын құжаттар;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құжаттар.

4. Егер салық төлеуші қызметтің, жұмыстардың бірнеше түрі орындаған жағдайда, салық салу тәртібі қызметті, бір жұмысты іске асыру, басқа да қызметтерді, жұмыстарды іске асыруға қарағанда қосалқы сипаттарды алып жүргізіледі, қосалқы қызметтерді, жұмыстарды іске асыратын орын негізгі қызметтерін, жұмыстарын іске асыратын орны болып танылады.

276-6-бап. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, салық салынатын импортты өткізу бойынша айналым жасау күні.

1. Тауарларды экспортқа өткізу кезінде қосылған құн салығын есептеу мақсатында тауарларды өткізу бойынша айналым жасау күні тауарларды түсіруді растайтын, тауарлардың сатып алушыға (бірінші тасымалдаушыға) ресімделген бастапқы бухгалтерлік (есептік) құжатының жасалу уақыты бойынша бірінші күн ретінде

айқындалатын түсіру күні болып табылады.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық салынатын импортты жасау күні салық төлеушінің импортталған тауарларды (оның ішінде оларды дайындау туралы шарттар (келісімшарттар) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарларды), сондай-ақ алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын заттар, тауарлар түрінде қарыз беруді көздейтін шарттар (келісімшарттар) бойынша алынған тауарларды есепке қабылдаған күн болып танылады.

Осы тараудың мақсаты үшін импортталған тауарларды есепке алу күні халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес осындай тауарларды кіріске алу күні болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында бухгалтерлік есепті жүргізуді жүзеге асыру міндеті көзделмеген тұлғалар үшін импортталған тауарларды есепке алу күні осындай тауарларды алуды (не сатып алуды) растайтын құжат жазып берілген күн бойынша анықталады. Бұл ретте, тауарларды жеткізуді растайтын құжаттар болған кезінде, импортталған тауарларды есепке алу күні тасымалдаушының тауарларды сатып алушыға берген күні танылады.

3. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды (лизинг мәндерін) әкелген кезде, осындай тауарлардың (лизинг мәндерінің) меншік құқығының лизинг алушыға өтуін көздейтін лизинг шарты бойынша салық салынатын импортты жасау күні сыйақыны ескермей, лизинг шартына сәйкес (төлемнің іс жүзіндегі мөлшері мен жүзеге асырылған күніне қарамастан) тауарлардың (лизинг мәндерінің) бөлігін төлеу күні болып табылады.

Егер, лизинг шарты бойынша тауарлар (лизинг мәндері) құнының бөлігін төлеу мерзімінің басталу күні тауарларды (лизинг мәндерін) Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін күнге дейін белгіленген жағдайда салық салынатын импортты жасаудың бастапқы күні импортталған тауарларды есепке алған күн болып табылады.

Егер, лизинг алушының лизинг шартында көзделген лизингтік төлемдерді мерзімінен бұрын өтеуі үш жыл өткен соң жүзеге асырылатын жағдайда түпкілікті есеп айырысу күні осы лизинг шарты бойынша салық салынатын импортты жасау жасаудың соңғы күні болып табылады.

4. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасау күні, егер осы тармақшада өзгеше көзделмесе жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен күн болып табылады

Жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен күн жұмыстар орындалу, қызметтердің көрсетілу фактісін растайтын құжатқа қол қойылған күн болып танылады .

Егер жұмыстар, қызмет көрсетулер тұрақты (үзіліссіз) негізде өткізілетін болса, онда өткізу бойынша салық салынатын айналым жасау күні:

шот-фактура жазылған күннің;

әрбір төлемді (есеп айырысу нысанына қарамастан) алған күннің қайсысы бірінші басталса, сол күн болып табылады.

Тұрақты (үзіліссіз) негізде өткізу, егер жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы олардың нәтижелерін өз өндірістік қызметінде жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету күнінде пайдалана алуы шартымен, он екі ай және одан артық мерзімге жасалған ұзақ мерзімді шарт негізінде жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді білдіреді.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі Қазақстан Республикасында қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтын және қызметін филиалдар, өкілдіктер арқылы жүзеге асырмайтын және кеден одағына мүше мемлекеттердің салық төлеушісі (төлеушісі) болып табылатын резидент еместен жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алған жағдайда -жұмыстардың орындалуы, қызметтердің көрсетілуі фактісін растайтын құжаттарға қол қою күні.

276-7-бап. Тауарлардың экспорта кезінде салық салынатын айналымның мөлшерін айқындау

1. Тауарлардың экспорта кезінде салық салынатын айналым мөлшері, егер осы бапта және Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу заңнамасында өзгеше көзделмесе, мәміле жасасқан тараптар қолданатын бағалар мен тарифтердің негізінде өткізілетін тауарлардың құны негізінде айқындалады.

2. Лизинг шарты бойынша тауарлардың (лизинг мәнінің) экспорта кезінде салық салынатын айналым мөлшері лизинг шартында көзделген тауардың (лизинг мәнінің) бастапқы құнының бөлігі мөлшерінде, әрбір лизингтік төлемді алған күні, бірақ іс жүзінде алынған төлем сомасынан аспайтын мөлшерде айқындалады.

Бұл ретте тауардың (лизинг мәнінің) бастапқы құны деп сыйақыны есепке алмай, шартта көрсетілген лизинг мәнінің құны түсініледі.

3. Зат түріндегі қарыз беруді көздейтін шарт (келісімшарт) бойынша тауарлардың экспорты кезінде салық салынатын айналым мөлшері шартта (келісімшартта) көзделген берілетін (ұсынылатын) тауарлардың құны, шартта (келісімшартта) құны болмаған жағдайда - тауарларға ілеспе құжаттарда көрсетілген құн, шартта (келісімшартта) және тауарларға ілеспе құжаттарда құны болмаған жағдайда - бухгалтерлік есепте көрсетілген тауарлардың құны болып табылады.

Бұл ретте осы тараудың мақсаттары үшін тауарларға ілеспе құжаттар деп: халықаралық автомобиль жүк құжаттамалары, темір жол көліктік жүк құжаттамалары, багаж тізімдемесі, багаж түбіртегі, әуе жүк құжаттамалары, коносамент, сондай-ақ тауарларды құбыр тасымалымен және электр беру желілері арқылы өткізу кезінде пайдаланылатын құжаттар мен Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген тасымалдар кезінде тауарлар мен көлік құралдарына ілесе жүретін өзге де құжаттар;

шот-фактуралар, арнайы тізбелер, тиеу және орау парақтары, сондай-ақ тауарлар туралы мәліметтерді, оның ішінде тауарлардың құнын растайтын және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес пайдаланылатын басқа да құжаттар түсініледі.

276-8-бап. Салық салынатын импорттың мөлшерін айқындау

1. Тауарлардың салық салынатын импортының, оның ішінде оларды шығару жөніндегі шарттар (келісімшарттар) бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарлардың мөлшері, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, Кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелген тауарлар құны негізінде айқындалады.

2. Осы баптың мақсаты үшін тауарлардың құны салық салу мақсатында бағаларды айқындау принциптері негізінде анықталады.

Салық салу мақсатында бағаларды айқындау принциптері, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, тауарлардың бағалары негізінде, тауарлардың құнын айқындауды білдіреді, егер олар бұрын мыналарға енгізілмесе:

1) тауарды әуежайға, портқа немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкететін өзге орынға дейін жеткізу бойынша шығыстар:

тасымалдау құны;

тауарларды тиеу, түсіру, қайта тиеу және ауыстырып тиеу бойынша шығыстар.

Бұл ретте осы тараудың мақсаттары үшін тауарларды әкелудің өзге орны болып мыналар табылады:

халықаралық автомобиль қатынасында тауарларды тасу кезінде -шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес айқындалған, не болмаса тауарларға ілеспе құжаттарға сәйкес жеткізу орны, ал жеткізу шарттарын айқындау мүмкіндігі болмаған жағдайда - салық төлеуші көліктік шығыстардың есебін табыс етумен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына дейін; көліктік шығыстардың есебін табыс етпеген жағдайда -Қазақстан Республикасының аумағындағы соңғы тағайындау пунктіне дейін;

халықаралық және мемлекетаралық темір жол қатынасында тауарларды тасу кезінде - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген бірінші шекаралық өткізу пункті (станциясы);

тауарларды магистралдық құбыр жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша тасымалдаған кезде - тауарларды тапсыру пункты;

2) сақтандыру құны;

3) сатып алушы шеккен шығыстар;

контейнерлердің немесе айналымға көп түсетін басқа да ыдыстардың, егер олар бағаланатын тауарлармен біртұтас зат ретінде қаралса құны;

буып-түю материалдары мен буып-түю жөніндегі жұмыстардың құнын қоса алғанда, буып-түю құны.

Егер шарттың (келісімшарттың) талаптары бойынша осы тармақтың 1) - 3) тармақшаларында көрсетілген шығыстар мәміле бағасына енгізілген жағдайда, онда әкелінген тауарлардың құны шартта (келісімшартта) көрсетілген мәміле бағасы негізінде айқындалады.

3. Тауарлардың салық салынатын импортының мөлшеріне акцизделетін тауарлар бойынша акциздің сомасы енгізіледі.

Лизинг шарттары бойынша тауарлардың (лизинг мәндерінің) салық салынатын импортының мөлшеріне акцизделетін тауарлар бойынша акциздің есептелген сомасы импортталған акцизделетін тауарларды (лизинг мәндерін) есепке алған кезде енгізіледі.

4. Тауар алмасу (бартерлік) шарттары (келісімшарттары), сондай-ақ зат түріндегі қарыз беруді көздейтін шарттар (келісімшарттар) бойынша алған тауарлардың салық салынатын импортының мөлшері шартта (келісімшартта) көзделген тауарлардың құны, шартта (келісімшартта) құны болмаған жағдайда - тауарларға ілеспе құжаттарда көрсетілген құны, шартта (келісімшартта) және тауарларға ілеспе құжаттарда құны болмаған жағдайда - осы баптың 2-тармағында көрсетілген шығыстарды, егер олар құнға енгізілмесе, оны ескере отырып, бухгалтерлік есепте көрсетілген тауарлардың құны негізінде айқындалады.

Тауар алмасу (бартерлік) шарттары (келісімшарттары), сондай-ақ зат түріндегі қарыз беруді көздейтін шарттар (келісімшарттар) бойынша алған тауарлардың салық салынатын импортының мөлшері осы баптың 2-тармағында көзделген салық салу мақсатында баға анықтау принциптерін ескере отырып, тауар құнының негізінде айқындалады.

5. Алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу өнімі болып табылатын тауарлардың салық салынатын импортының мөлшері, осы алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстардың құны негізінде айқындалады.

6. Меншік құқығының лизинг алушыға өтуін көздейтін лизинг шарты ( келісімшарты) бойынша тауарлардың салық салынатын импортының мөлшері, осы баптың 2-тармағында көзделген салық салу мақсатында баға анықтау принциптерін ескере отырып, сыйақыны есепке алмай, осы Кодекстің 276-6-бабы 3-тармағында белгіленген мерзімге көзделген тауар (лизинг мәні) құнының бөлігі мөлшерінде айқындалады.

Егер, осы бап 2-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген тартқан шығындар тауардың құнына енгізілмеген жағдайда, онда осындай шығыстар тауарлардың (лизинг мәндерінің) салық салынатын импортын жасаудың алғашқы күніне тауарлардың ( лизинг мәндерінің) салық салынатын импортының мөлшеріне енгізілуге жатады. Егер, лизинг шарты бойынша

Шетел валютасындағы лизингтік төлем салық салынатын импортты жасау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

6. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығы бойынша салық міндеттемесін бақылауды жүзеге асырғанда, салық қызметі органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу заңнамасының талаптарын ескере отырып, салық салынатын импорттың мөлшерін түзетуге құқы бар.

276-9-бап. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша салық салынатын айналымның мөлшерін айқындау

Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша салық салынатын айналымның мөлшері осы Кодекстің 238 және 241-баптарына сәйкес айқындалады.

276-10-бап. Кеден одағындағы тауарлардың экспорта

1. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың эксперты кезінде қосылған құн салығының нөлдік ставкасы қолданылады.

Егер осы тарауда өзгеше белгіленбесе, Кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың экспорта кезінде қосылған құн салығын төлеуші осы Кодекстің 34-тарауына сәйкес қосылған құн салығының сомасын есепке жатқызуға құқылы.

2. Осы баптың ережесі сол сияқты Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін, оларды дайындау туралы шарттар бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарларға қатысты да қолданылады. Көрсетілген тауарларға алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі болып табылатын тауарлар жатпайды.

3. Меншік құқығының лизинг алушыға өтуін көздейтін лизинг шарты бойынша, зат түріндегі қарыз беруді көздейтін шарт (келісімшарт) бойынша, тауарларды дайындау туралы шарт бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағына тауарды (лизинг мәнін) әкету кезінде қосылған құн салығының нөлдік ставкасы қолданылады.

276-11-бап. Тауарлар экспортын растау

1. Тауарлар экспортын растайтын құжаттарға мыналар жатады:

1) өзгерістер, толықтырулар мен оларға қосымшалар ескеріле отырып, солардың негізінде тауарлар экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар) (бұдан әрі - шарттар (келісімшарттар), тауарлар лизингі немесе зат түріндегі қарыз берген жағдайда - зат түріндегі қарыз беруді көздейтін шарттар (келісімшарттар), тауарларды дайындауға арналған шарттар (келісімшарттар);

2) тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініш (аумағына тауарлардың импортталған кеден одағына мүше мемлекеттердің жанама салықтарды төленгені (босатқаны немесе салық міндеттемелерін орындаудың өзге тәртібі) туралы

салық органының белгісімен, қағаз тасығышта) (бұдан әрі - Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініш;

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініштің нысанын, оны толтыру мен табыс етудің Тәртібін уәкілетті орган бекітеді;

3) кеден одағына мүше бір мемлекеттердің аумағынан кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағына тауарлардың әкелінуін растайтын тауарларға ілеспе құжаттар .

Магистралдық құбыр жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша тауарларды экспорт режимінде әкеткен жағдайда, тауарларға ілеспе құжаттардың көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдап алу-тапсыру актісі табыс етіледі;

4) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде ашылған банк шоттарына валюталық түсімнің түсуін растайтын құжаттар.

Сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (бартерлік) операциялар бойынша тауарлар экспорты болған жағдайда, зат түріндегі қарыз беру, қайтарылуға тиіс қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ олардың аталған операциялар бойынша алған тауарлардың импортын растайтын құжаттардың болуы есепке алынады.

Меншік құқығының лизинг алушыға өтуін көздейтін лизинг шарты (келісімшарт) бойынша тауарларды әкеткен жағдайда, қосылған құн салығын төлеуші Қазақстан Республикасында ашқан оның банк шоттарына тауардың (лизинг мәнінің) бастапқы құнының өтеу бөлігінде лизингтік төлемнің түсуін растайтын құжаттарды салық органына табыс етеді;

5)зияткерлік меншік объектісіне құқығы туралы, сондай-ақ зияткерлік меншік объектісін экспорттаған жағдайда - оның құны туралы зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның растамасы.

2. Қайта өңдеу үшін бұрын алдын Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағына әкетілген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу өнімдерін кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында өткізген жағдайда, қайта өңдеу өнімдерінің экспортын растау мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) алыс-берістік шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) қайта өңдеу өнімдерінің экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар);

3) алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттар;

4) Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағына алыс-беріс шикізатын әкетуді растайтын тауарлық ілеспе құжаттамалары;

5) Жанама салықтарды төленгені туралы өтініш (аумағына қайта өңдеу өнімдері импортталған кеден одағына мүше мемлекеттердің жанама салықтарды төленгені (

босатқаны немесе салық міндеттемелерін орындаудың өзге тәртібі);

6) кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан қайта өңдеу өнімдерін әкетуді растайтын тауарлық ілеспе құжаттамалары;

Егер алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстар кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағында орындалып, қайта өңдеу өнімдері олардың салық төлеушісіне өткізілген жағдайда, - осындай қайта өңдеу өнімдерін тиеп-жөнелтуді растайтын құжаттар;

7) Қазақстан Республикасының аумағында ашылған салық төлеушінің банк шоттарына валюталық түсімнің түсуін растайтын құжаттар.

Қайтарылуға тиіс қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (бартерлік) операциялар бойынша қайта өңдеу өнімдерінің эксперты болған жағдайда, шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ олардың аталған операциялар бойынша алған тауарлардың импортын растайтын құжаттардың болуы есепке алынады.

2. Қайта өңдеу үшін бұрын Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағына әкетілген алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу өнімдерін кеден одағына мүше емес мемлекеттің аумағына одан әрі экспорттаған жағдайда, қайта өңдеу өнімдерінің экспортын растау мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) алыс-берістік шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) қайта өңдеу өнімдерінің экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісімшарттар);

3) алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттар;

4) Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағына алыс-берістік шикізатын әкетуді растайтын тауарлық ілеспе құжаттамалары;

5) қайта өңдеу өнімдерін кеден одағы шегінен әкетуін растайтын тауарлық ілеспе құжаттамалары;

6) тауарларды экспорт режимінде шығаруды жүзеге асыратын кеден одағына мүше мемлекеттің кеден органының белгілері бар, сондай-ақ осы баптың 7) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, кеден одағының кеден шекарасындағы өткізу пунктінде орналасқан кеден одағына мүше мемлекеттің кеден органының белгісі бар жүктің кедендік декларациясы;

7) мынадай жағдайларда:

8) магистралдық құбыр жүйесі бойынша немесе электр беру желілері бойынша тауарларды экспорт режимінде әкету кезінде;

кезең-кезеңдік декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт режимінде әкету кезінде;

уақытша декларациялау рәсімін қолдана отырып, тауарларды экспорт режимінде әкету кезінде кедендік ресімдеуді жүргізген кеден одағына мүше мемлекеттің кеден

органының белгілері бар жүктің толық кедендік декларациясы;

8) салық төлеушінің Қазақстан Республикасының аумағында ашылған банк шоттарына валюталық түсімнің түсуін растайтын құжаттар. Қайтарылуға тиіс қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі ( бартерлік) операциялар бойынша қайта өңдеу өнімдерінің экспорты болған жағдайда, шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ олардың аталған операциялар бойынша алған тауарлардың импортын растайтын құжаттардың болуы есепке алынады.

276-12-бап. Кеден одағында халықаралық тасымалдауға салық салу

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, кеден одағында халықаралық тасымалдауға салық салу осы Кодекстің 244-бабына сәйкес жүргізіледі.

2. Кеден одағында магистралдық құбыр жүйесі бойынша экспортталатын тауарларды тасымалдау, егер тасымалдауды рәсімдеу кеден одағының аумағындағы сатып алушыға не аталған тауарларды сатып алушыға одан әрі жеткізуді жүзеге асыратын басқа тұлғаларға экспортталатын тауарларды беруді растайтын құжаттармен жүзеге асырылған болса, халықаралық тасымалдау деп есептеледі.

3. Осы баптың 2-тармағының мақсаты үшін сатып алушыға экспортталатын тауарларды беруді растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) тауарларды импорттаушыдан экспорттаушы алған Тауарларды әкелуі және жанама салықтарды төленгені туралы өтініштің көшірмесі;

2) орындалған жұмыстардың актілері, жүктерді қабылдап алу-тапсыру актілері;

3) шот-фактуралар.

4. Осы баптың 2-тармағының мақсаты үшін кеден одағында магистралдық құбыр жүйесі бойынша транзиттік жүктерді Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) орындалған жұмыстардың актілері, жүктерді қабылдап алу-тапсыру актілері;

2) шот-фактуралар.

276-13-бап. Кеден одағында алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарға салық салу

1. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстарға, кейіннен өңделген өнімді басқа мемлекеттің аумағына шығаруға, осы баптың 7-тармағында және осы Кодекстің 276-14-бабында көзделген тауарларды қайта өңдеу шарттары мен алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу мерзімі сақталған кезде нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынады.

2. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындаған, кейіннен қайта өңделген өнімді сол кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына шығарған жағдайда, Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі

жұмыстарды орындау фактісін растаушы мыналар болып табылады:

1) кеден одағына мүше мемлекеттердің салық төлеушілерінің арасында жасалған шарттар (келісімшарттар);

2) алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттар;

3) алыс-берістік шикізатын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуін растайтын құжаттар (оның ішінде, қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеме);

4) қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуін растайтын құжаттар (оның ішінде, қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттемені орындау);

5) алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың құнымен бірге қосылған құн салығының төленгенін растайтын, Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш;

6) Қазақстан Республикасының аумағында екінші деңгейдегі банктердегі салық төлеушінің банктік шоттарына валюталық түсімнің түсуін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ашылуын растайтын осы Кодекстің 635-бабы 4-тармағында көзделген құжаттар;

7) тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы тиісті уәкілетті органның қорытындысы.

3. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындаған, кейіннен қайта өңделген өнімді басқа кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына өткізген жағдайда, Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің алыс-берістік шикізаттың қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растауы үшін мыналарды ұсынады:

1) кеден одағына мүше мемлекеттердің салық төлеушілері арасында жасалған алыс-берістік шикізатын қайта өңдеуге, дайын өнімді жеткізуге арналған шарттар (келісімшарттар);

2) алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттар;

3) алыс-берістік шикізатын және дайын өнімді қабылдап алу-тапсыру актісі;

4) алыс-берістік шикізатын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуін растайтын құжаттар (оның ішінде, қайта өңдеу өнімдерін әкелу/әкету туралы міндеттеме);

5) қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуін растайтын құжаттар (оның ішінде, қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеме);

6) алыс-берістік шикізат иесінен алынған алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстардың құнымен бірге, қосылған құн салығының төленгенін

растайтын Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш;

7) тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы тиісті уәкілетті органның қорытындысы.

4. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындаған, кейіннен қайта өңделген өнімді кеден одағына мүше емес мемлекеттік аумағына шығарған жағдайда, Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растауы үшін мыналарды ұсынады:

1)кеден одағына мүше мемлекеттердің салық төлеушілері арасында жасалған шарттар (келісімшарттар);

2) алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындау фактісін растайтын құжаттар;

3) алыс-берістік шикізатын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуін растайтын құжаттар (оның ішінде, қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеме);

4) қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуін растайтын құжаттар (оның ішінде, қайта өңдеу өнімдерін әкелу (әкету) туралы міндеттеме);

5) кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден одағына мүше мемлекеттің кеден одағы бекіткен экспорт режимінде кеден одағына мүше емес мемлекеттің аумағына тауарларды әкету кезінде ресімделетін кедендік декларациясының көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасының аумағында екінші деңгейдегі банктердегі салық төлеушінің банктік шоттарына валюталық түсімнің түсуін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ашылуын растайтын осы Кодекстің 635-бабы 4-тармағында көзделген құжаттар;

7) тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы тиісті уәкілетті органның қорытындысы.

5. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар, кейіннен өңделген өнімді Қазақстан Республикасының аумағында шығару осы Кодекстің 268-бабының 1-тармағында белгіленген ставка бойынша қосылған құн салығын салуға жатады.

6. Қазақстан Республикасының салық төлеушісі алыс-берістік шикізатын қайта өңдеуге әкету (әкелу) жүзеге асырылған жағдайда қайта өңдеу өнімдерін әкету (әкелу), сондай-ақ оның уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, нысан бойынша және мерзімде орындалуы туралы міндеттемені ұсынады.

7. Алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларды қайта өңдеу шарттарына сәйкес болуы тиіс.

8. Тиісті уәкілетті мемлекеттік органның тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы

қорытындысы мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:
1) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес қайта өңделетін тауарлар мен өнімдердің, атауы, сыныптамасы, олардың саны, және құны;
2) қайта өңдеуге арналған шарттың (келісімшарттың) күні және нөмірі, қайта өңдеу мерзімі;
3) қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормалары;
4) қайта өңдеу сипаттамасы;
5) қайта өңдеуді жүзеге асыратын тұлға туралы мәліметтер.
9. Тұлғаның шоғырландырылған сұрауы бойынша, салық органының рұқсатымен қайта өңделген өнімдерді қайта өңдеуші бұрын шығарған тауарлармен ауыстыруға, егер олар өздерінің сипаттары, саны, құны, сапасы және техникалық сипаты бойынша қайта өңделген өнімдерге сәйкес келетін болса, ауыстыруға жол беріледі.

276-14-бап. Алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу мерзімі

1. Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына әкетілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына ден одағына мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу мерзімі алыс-берістік шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттардың (келісімшарттардың) талаптарына сәйкес айқындалады және алыс-берістік шикізатын есепке қабылдау және (немесе) түсіру күнінен бастап екі жылдан аспауы тиіс.
2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім өтіп кеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағынан қайта өңдеу үшін әкетілген алыс-берістік шикізат салық салу мақсатында импорт бойынша айналым деп танылады және осы тарауға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелген күннен бастап қосылған құн салығы салынуы тиіс.
3. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім етіп кеткен жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына қайта өңдеу үшін әкетілген алыс-берістік шикізат салық салу мақсатында өткізу бойынша айналым деп танылады және осы Кодекстің 268-бабы 1-тармағында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкеткен күннен бастап қосылған құн салығы салынуы тиіс.

276-15-бап. Кеден одағында қосылған құн салығынан босатылған айналымдар

1. мыналарды:
1) осы Кодекстің 33-тарауында көрсетілген жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;
2) Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген тауарды жөндеу, оны қалпына келтіру, құрама бөліктерін ауыстыру бойынша қызметтерді іске асыру бойынша айналымдар қосылған құн салығын салудан босатылады.
Осы тармақшада көрсетілген қызметтерді көрсетілуін растайтын құжаттар осы Кодекстің 276-5-бабының 3-тармағында көзделген құжаттар болып табылады.

Осы тармақшада көрсетілген қызметтер тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тауарлардан өндірілген тауарларды өткізу, оларды осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында анықталған салық төлеушілер Қазақстан Республикасының аумағында іске асыруы бойынша айналымдар;

4) Қазақстан Республикасының лизинг алушы-салық төлеушісінің кеден одағына басқа мүше мемлекеттің лизинг берушісіне лизинг шарты бойынша төлейтін сыйақысы ;

2. Қосылған құн салығынан мыналар босатылады:

1) осы Кодекстің 228-бабында көзделген тауарлардың импорты.

Осы тармақшада көрсетілген кеден одағы шеңберінде тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2) кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына қайта өңдеуге арналған тауарларды, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялар жүзеге асырылатын тауарларды әкелу. Бұл ретте импортталатын тауарлар тізбесі мен осындай тауарларды әкелуді жүзеге асыратын салық төлеушілердің тізбесі, сондай-ақ аталған тізбелерге тауарлар мен салық төлеушілерді жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды;

3.Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеде көзделген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде қосылған құн салығын төлеуден босатылады.

Осы тармақтың мақсаты үшін кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды уақытша әкелу әкелген тауарлардың құрамы мен сипаттарын өзгертпей одан кейін Қазақстан Республикасының аумағынан әкету туралы міндеттememен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу деп түсініледі.

Бұл ретте, салық төлеуші уақытша әкелінген тауарларды, көліктік құралдарды Қазақстан Республикасының аумағынан кейіннен әкету және оны уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен орындау туралы міндеттемелер ұсынады.

Қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғалар қосылған құн салығы бойынша салық міндеттемесін орындауды, аталған тізбеде көзделмеген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелген кезде, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген тауарларды әкетпеген жағдайда, салық салу мақсатында осындай әкелу импорт бойынша салық салынатын айналым деп танылады және осы Кодекстің 268-бабы 1-тармағында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелген күннен бастап

қосылған құн салығы салынуға жатады.

4. Қазақстан Республикасының аумағына бұрын әкелінген тауарларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес импортқа қосылған құн салығы салудан босату берілгендерден өзге мақсаттарда пайдаланған жағдайда, импорт бойынша мұндай тауарларға қосылған құн салығы тауарларды әкелген кезде қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен өсімақыны есептеумен, осы Кодексте айқындалған тәртіп пен мөлшерде төлеуге жатады.

276-16-бап. Кеден одағында қосылған құн салығының сомаларын есепке жатқызу тәртібі

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, қосылған құн салығы осы Кодекстің 34-тарауында белгіленген тәртіпте есепке жатқызылады.

2. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың импорты кезінде саналғандар және есептелгендер шегінде Қазақстан Республикасының бюджетіне белгіленген тәртіппен төленген импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығының сомасы есепке жатқызылады.

Лизинг шарты бойынша тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығының сомалары бюджетке төленген, бірақ осы Кодекстің 276-8-бабы 5-тармағына сәйкес айқындалатын салық кезеңі үшін салық салынатын импорттың көлеміне келетін қосылған құн салығының сомасынан артпайтын қосылған құн салығының сомасы болып табылады. Бұл ретте алдыңғы салық кезеңдері үшін есептелген (есеп жүргізілген ), оның ішінде осы Кодекстің 599, 601-баптарында белгіленген тәртіппен есепке жатқызу жолымен төленген қосылған құн салығының сомалары ағымдағы салық кезеңінде есепке жатқызылуы тиіс.

3. Кеден одағына мүше басқа мемлекеттің салық төлеушісі - лизинг берушісінің алуына жататын, Қазақстан Республикасының салық төлеушісі - лизинг беруші тауарларды (лизинг мәнін) лизингке берген кезде, Қазақстан Республикасының салық төлеушісі - лизинг беруші есебіне жатқызылуы тиіс қосылған құн салығының сомалары лизингтік төлемдерді алған тауардың (лизинг мәнінің) құнына келетін бөлігінде айқындалады.

276-17-бап. Шот-фактура

1. Шот-фактураны жазып беру тәртібі осы бапта өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 35-тарауына сәйкес айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына тауарлардың экспорты жағдайында тауарларды өткізу бойынша айналым жасалған күннен бастап бес күнтізбелік күннен кешіктірмей шот-фактура жазып беріледі.

3. Кеден одағына мүше бір мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, кейіннен басқа мемлекеттің аумағына қайта өңдеу өнімдері түрінде әкетілетін алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды

орындаған жағдайда, әкетілетін алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды орындауын растайтын құжатқа қол қою күніне шот-фактура жазып береді.

276-18-бап. Тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығын төлеушілерді айқындаудың ерекшеліктері

1. Егер тауарлар Қазақстан Республикасының салық төлеушісі кеден одағына мүше бір мемлекеттің салық төлеушісімен шарт (келісімшарт) негізінде алынған жағдайда, тауарлар оның аумағына импортталған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі - тауарлардың меншік иесі не болмаса сенімді өкілі, комиссионер қосылған құн салығын төлеуді жүзеге асырады.

Осы тараудың мақсаттары үшін тауарлардың меншік иесі тауарларға меншік құқығы бар немесе тауарларға меншік құқығының өтуі шартпен (келісімшартпен) көзделген тұлға деп түсінілуі керек.

2. Егер тауарлар Қазақстан Республикасының салық төлеушісі кеден одағына мүше бір мемлекеттің салық төлеушісімен шарт (келісімшарт) негізінде алынған жағдайда және бұл ретте тауарлар кеден одағына мүше үшінші бір мемлекеттің аумағынан импортталса, тауарлар оның аумағына импортталған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі - тауарлардың меншік иесі қосылған құн салығын төлейді.

3. Егер тауарлар Қазақстан Республикасының салық төлеушісіне тапсырмалар, комиссияның шарт (келісімшарт) негізінде кеден одағына мүше бір мемлекеттің салық төлеушісі өткізген жағдайда, тауарлар кеден одағына мүше үшінші бір мемлекеттің аумағынан импортталса, тауарлар оның аумағына импортталған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі - сенімді өкілі, комиссионер қосылған құн салығын төлейді.

4. Егер кеден одағына мүше басқа бір мемлекеттің салық төлеушісі бұрын-алдын Қазақстан Республикасының аумағына импорттаған, олар бойынша қосылған құн салығын төленген тауарларды Қазақстан Республикасының салық төлеушісі алған жағдайда, тауарлар оның аумағына импортталған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі - тауарлардың меншік иесі не болмаса сенімді өкілі, комиссионер қосылған құн салығын төлеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ұйымдастырған көрмелік-жәрмеңкелік саудада кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан бұрын-алдын Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды Қазақстан Республикасының салық төлеушісі алған жағдайда, Қазақстан Республикасының резидент емесімен оларды сатып алу-сатуға шарт (келісімшарт) болған кезде, олар бойынша қосылған құн салығын төленбеген болса, тауарлардың меншік иесі қосылған құн салығын төлейді.

Сатып алу-сатуға шарт (келісімшарт) болмаған кезде, мұндай тауарлар бойынша қосылған құн салығын көрмелік-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастырған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі төлеуді жүзеге асырады.

Көрмелік-жәрмеңкелік сауданы ұйымдастырған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі мұндай сауданы кеден одағына мүше мемлекеттерден саудадағы қатысушылар тізімін қоса берумен, өткізу туралы оны өткізуі бастағанға дейін 10 жұмыс күні ішінде орналасқан орны бойынша салық органына жазбаша түрде хабарлауы міндетті.

Көрмелік-жәрмеңкелік сауда жөніндегі қосылған құн салығын төлеуге бақылау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

5. Егер тауарлар Қазақстан Республикасының салық төлеушісі кеден одағына мүше емес мемлекеттің салық төлеушісімен шарт негізінде алынған жағдайда және бұл ретте тауарлар кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан импортталса, тауарлар оның аумағына импортталған Қазақстан Республикасының салық төлеушісі - сенімді өкілі, комиссионер қосылған құн салығын төлейді.

276-19-бап. Комиссияның шарттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығын есептеу ерекшеліктері, кеден одағындағы тапсырмалар.

1. Комиссияның шарттары (тапсырмалар) негізінде тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын бюджетке есептеу және аудару бойынша міндеттің орындалуы комиссионерге (сенімді өкілге) жүктеледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша комиссионер (сенімді өкіл) төлеген қосылған құн салығының сомасы комиссионер ( сенімді өкіл) сатып алушының атына жазып берген шот-фактураның негізінде мұндай тауарларды, сондай-ақ осы Кодекстің 276-21-бабы 7-тармағында көзделген, салық органының белгісімен Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініштердің көшірмелерін сатып алушының есебіне жатқызуы тиіс.

2. Комиссионердің өз атынан және комитент есебінен тауарларды түсіруі, жұмыстарды орындауы немесе қызметтерді көрсетуі комиссионердің өткізу бойынша айналымы болып табылмайды.

3. Сенімді өкілдің өз атынан және сенім танытушының есебінен тауарларды түсіруі, жұмыстарды орындауы немесе қызметтерді көрсетуі сенімді өкілдің өткізу бойынша айналымы болып табылмайды.

4. Кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісі - комитент (сенім танытушы) пен Қазақстан Республикасының салық төлеушісі - комиссионер (сенімді өкілі) арасында жасалған комиссияның (тапсырмалар) шарттары негізінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелген тауарлар бойынша шот-фактураларды жазып беруді комиссионер (сенімді өкілі) жүзеге асырады. Бұл ретте шот-фактурада « комиссионер» («сенімді өкіл») - жеткізушінің мәртебесін көрсетумен жазып беріледі.

Сатып алушыға комиссионер (сенімді өкілі) жазып берген шот-фактурада осы Кодекстің 263-бабы 5-тармағының 6) тармақшасында белгіленген деректемелер,

қосылған құн салығын есепке алмай, тауарлардың құны және шот-фактураға қоса берілген Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініштердің күні көрсетіледі.

Импортталған тауарлар бойынша комиссионер (сенімді өкіл) төлеген қосылған құн салығының сомасы шот-фактурада жеке жолда бөлек көрсетіледі.

Мұндай шот-фактураға комиссионер (сенімді өкіл) тауарларды импорттаған кезде төлеген қосылған құн салығын есепке жатқызуға негіз болып табылатын комиссионерден (сенімді өкілден) алған Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініштердің көшірмелері қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттау кезінде импортталған тауарлар бойынша комиссионер (сенімді өкіл) төлеген қосылған құн салығы комиссионердің (сенімді өкілдің) есебіне жатқызылмауы тиіс.

5. Комиссияның (тапсырмалар) шарттары негізінде тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде салық салынатын импортты жасау күні импорттаған тауарларды комиссионердің (сенімді өкілдің) есебіне қабылдау күні болып табылады.

Осы баптың мақсаттары үшін есепке қабылдау күні тауарларды комиссионердің ( сенімді өкілдің) атына беруді растайтын, комитент (сенім танытушы) жасаған бастапқы құжатты жасау күні болып табылады.

6. Комиссияның (тапсырмалар) шарттары негізінде тауарлардың, жұмыстарды орындаудың, қызмет көрсетулерді өткізген кезде комиссионердің (сенімді өкілдің) салық салынатын айналымының мөлшері сыйақы негізінде айқындайды.

276-20-бап. Кеден одағында қосылған құн салығын есептеу мен төлеу тәртібі

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, кеден одағында қосылған құн салығын есептеу мен төлеу тәртібі осы Кодекстің 36-тарауына сәйкес айқындалады.

2. Кеден одағына мүше мемлекеттерге тауарларды экспортаған кезде немесе алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстарды орындағанда қосылған құн салығын төлеуші салық органына осы Кодекстің 276-22-бабы 1-тармағының ережелерін ескере отырып, осы Кодекстің 270-бабында көзделген салық декларациясымен бір мезгілде мынадай құжаттар (олардың көшірмелері) табыс етіледі:

1) өзгерістер, толықтырулар мен оларға қосымшалар ескеріле отырып, солардың негізінде тауарлар экспорты жүзеге асырылатын шарттар (келісім-шарттар) (бұдан әрі - шарттар (келісім-шарттар); тауарлар лизингі немесе тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) жағдайында - лизинг шарттары (келісім-шарттары), тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) шарттары (келісім-шарттары); тауарларды дайындауға арналған шарттар (келісім-шарттар); алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісім-шарттар);

2) егер кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, экспортталған тауарды өткізуден түскен түсімнің экспорттаушы салық төлеушінің

шотына нақты түсуін растайтын банктің көшірме-үзіндісі.

3. Тауарлар меншік құқығының лизинг алушыға өтуі көзделетін лизинг шарты (келісім-шарты) бойынша әкетілген жағдайда, егер кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше көзделмесе, салық төлеуші салық органына экспорттаушы салық төлеушінің шотына лизинг төлемінің (тауардың (лизинг мәндерінің) бастапқы құнын өтеу бөлігінде) нақты түсуін растайтын банктің көшірме-үзіндісін (көшірме-үзіндісінің көшірмесін) табыс етеді.

Салық органына салық декларациясымен бір мезгілде мынадай құжаттар табыс етіледі:

1) Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініш қағаз тасығышта және электронды түрде (төрт дана);

Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініштің нысанын, оны толтыру мен табыс етудің Тәртібін уәкілетті орган бекітеді;

3) кеден одағына мүше бір мемлекеттердің аумағынан кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағына тауарлардың әкелінуін растайтын тауарларға ілеспе құжаттар.

2) қолма-қол ақша қаражатымен есеп айырысу көзделген жағдайда және мұндай есеп айырысу аумағынан тауарлар экспортталатын кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына қайшы келмесе, салық төлеуші салық органына оның банктегі шотына алынған сомаларды салық төлеушінің енгізгенін растайтын банктің көшірме-үзіндісін, сондай-ақ тауарларды сатып алушыдан түскен түсімнің нақты түсуін растайтын кассалық кіріс ордерлерінің көшірмелерін табыс етеді.

Тауарлар меншік құқығының лизинг алушыға өтуі көзделетін лизинг шарты (келісім-шарты) бойынша әкетілген жағдайда, салық төлеушінің шотына лизинг төлемінің (тауардың (лизинг мәндерінің) бастапқы құнын өтеу бөлігінде) нақты түсуін растайтын банктің көшірме-үзіндісін (көшірме-үзіндісінің көшірмесін) табыс етеді.

3) Кеден одағына мүше басқа мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың әкелінуін растайтын ілеспе құжаттар.

Аталған құжаттар, егер тауарлардың жекелеген түрлері үшін мұндай құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген жағдайда табыс етілмейді;

4) егер шот-фактураларды жазып беру (шығарып беру) кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайда тауарларды тиеп-жөнелту кезінде кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактуралар;

5) кеден одағына мүше бір мемлекеттің аумағынан кеден одағына мүше екінші бір мемлекеттің аумағына импортталған тауарлар олардың негізінде сатып алынған шарттар (келісім-шарттар); тауарлар (лизинг мәндері) лизингі жағдайында - лизинг шарттары (келісім-шарттары); тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) жағдайында - тауарлық кредит (тауарлық қарыз, зат түріндегі қарыз) шарттары (келісім-шарттар); тауарларды шығару туралы шарттар (келісім-шарттар), алыс-беріс

шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісім-шарттар);

6) кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісіне (осы Кодекстің 276-19-бабы 2-5-тармағында кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісі не кеден одағына мүше үшінші бір мемлекеттің аумағынан импортталған тауарларды өткізуші) кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттің салық төлеушісі берген кеден одағына мүше үшінші бір мемлекеттің салық төлеушісі туралы және импортталған тауарларды сатып алу туралы осы кеден одағына мүше үшінші бір мемлекеттің салық төлеушісімен жасасқан шарт (келісім-шарт) туралы мынадай мәліметтер жөнінде ақпараттық хабарлама (басшысы (жеке кәсіпкер) қол қойған және ұйымның мөрімен куәландырылған):

тұлғаны кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісі ретінде сәйкестендіруші нөмір;

кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісінің (ұйымның/жеке кәсіпкердің) толық атауы;

кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісінің орналасқан (тұрғылықты) орны;

шарт (келісім-шарт) нөмірі мен күні;

ерекшелік нөмірі мен күні.

Егер тауарлар сатып алынатын кеден одағына мүше мемлекеттің салық төлеушісі өткізетін тауарлардың иесі болып табылмаған жағдайда (комиссионер, сенім білдірілген тұлға, агент болып табылса), онда осы тармақшаның екінші-алтыншы абзацтарында көрсетілген мәліметтер өткізілетін тауардың иесіне қатысты да табыс етіледі.

Ақпараттық хабарлама шетел тілінде табыс етілген жағдайда орыс тіліндегі аудармасының болуы міндетті.

Егер осы тармақшада көзделген мәліметтер осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген шартта (келісім-шартта) қамтылған жағдайда ақпараттық хабарлама табыс етілмейді;

7) комиссия шарттары (келісім-шарттары) немесе тапсырма (олар жасалған жағдайда);

8) комиссия шарттары (келісім-шарттары), тапсырма немесе агенттік шарт (келісім-шарт) бойынша кеден одағына мүше бір мемлекеттің аумағынан кеден одағына мүше екінші бір мемлекеттің аумағына импортталған тауарлар олардың негізінде сатып алынған шарттар (келісім-шарттар) (жанама салықтарды комиссионер, сенім білдірілген адам немесе агент төлейтін жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 276-19-бабы 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларда).

Осы тармақтың 2) - 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттар кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелерде берілуі мүмкін.

Бөлшек сатып алу-сату жағдайында осы тармақтың 3) - 5) тармақшаларында көзделген құжаттар болмаған кезде Қазақстан Республикасының аумағына әкелген тауарлар бойынша тауарлардан (немесе сатып алу) түскен түсімнің нақты түсуін растайтын (оның ішінде бақылау-кассалық машиналар чектері, тауар чектері, сатып алу актілері).

Осы тармақтың 2) - 8) тармақшаларында көзделген құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша салық төлеушінің мөрі болмаған жағдайларды қоспағанда, шот-фактура өнім берушінің басшысы мен бас бухгалтерінің қолдарымен, сондай-ақ салық төлеушінің мөрімен куәландырылады.

Лизинг шарты (келісім-шарты) бойынша қосылған құн салығын бірінші рет төлеген кезде салық төлеуші салық органына осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген құжаттарды табыс етеді. Одан әрі салық төлеуші салық органына салық декларациясымен бірге осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген құжаттарды (олардың көшірмелерін) табыс етеді.

Қосылған құн салығын төлеушінің шешімімен заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі ол жазып берген шот-фактураларды заңды тұлғаның осындай құрылымдық бөлімшесінің, оның ішінде импортталған тауарларды алғанын мөрмен куәландыруға құқылы.

4. Импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы орналасқан жері (тұрғылықты жері) бойынша салық есептелген айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірілмей төленеді:

1) импортталған тауарларды есепке қабылдау;

2) лизингтің шартымен көзделген төлем мерзімі.

5. Салық төлеуші импортталған тауарлар бойынша жанама салық бойынша салық декларациясы мен Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініш қағаз тасығышта және электронды түрде табыс етеді.

Импортталған тауарлар бойынша жанама салық бойынша салық декларациясының нысанын, оны толтыру мен табыс етудің тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

6. Салық төлеуші импортталған тауарлар бойынша жанама салық бойынша салық декларациясы мен Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініш осы Кодекстің 584-бабы 5-тармағында көрсетілген, сондай-ақ осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген құжаттарды табыс етпеген жағдайларда салық қызметі органдарына табыс етілмеген деп есептеледі.

7. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтініште импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеген фактісін салық органдарының тиісті белгі қою немесе дәлелді бас тартуды растауы уәкілетті орган көзделген тәртіпте растауды жүзеге асырады.

276-21-бап. Кеден одағында тауарлардың экспорты кезінде Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті тапсыру тәртібі

1. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды (оның ішінде алыс-беріс шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттар (келісім-шарттар) алған алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу жұмыстарын орындаудың, қызмет көрсетулердің экспорты кезінде салық төлеуші кеден одағына мүше мемлекеттердің салық төлеушісінен Қазақстан Республикасының салық төлеушісі осы Кодекстің 276-21-бабы 2-тармағына сәйкес табыс етеді.

Бұл ретте салық төлеушісі Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті айналым жасаған күннен 180 күнтізбелік күн ішінде табыс етуге құқылы:

тауарлардың экспорты кезінде өткізу бойынша;

алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу бойынша.

2. Кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкетілетін алыс-беріс шикізатын кейіннен қайта өңдеу өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағына өткізумен қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар тауарларды өткізу кезінде қосылған құн салығын есептеу мақсатында тауарларды экспортқа өткізген кезде тауарларды өткізу бойынша айналымды жасау күніне осы Кодекстің 268 -бабы 1-тармағында белгіленген ставка бойынша қосылған құн салығы салынады.

Осы тармақта көрсетілген қосылған құн салығы сомаларын уәкілетті орган белгілеген тәртіпте салық органы жүргізеді.

3. Салық төлеуші салық органына осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес есептелген қосылған құн салығы сомаларын дер кезінде және толық емес төлеген жағдайда, осы Кодекстің 85 және 86-тарауларында айқындалған мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары мұндай есепке жазылған сомаға қолданылмайды.

4. Осы баптың 1-тармағына белгіленген мерзімде Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті табыс еткен жағдайда, осы Кодекстің 599 және 602-баптарына сәйкес төленген қосылған құн салығы сомаларын есепке жатқызу және қайтаруға жатады.

Бұл ретте осы баптың 3-тармағына сәйкес есептелген өсімақылардың төленген сомаларын қайтаруға жатпайды.

276-22-бап. Кеден одағында тауарлардың импорты кезінде тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті қайтарып алу

1. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті салық төлеушінің салықтық өтініші негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылуына байланысты орналасқан жері (тұрғылықты жері) бойынша салық қызметі органдарынан қайтаруға жатады.

2. Салық төлеуші осы баптың 1-тармағына көрсетілген салықтық өтініші мынадай

жағдайларда беруге құқылы:
1) қате берген Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті қайтаруға;
2) Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті өзгерістер мен толықтырулар енгізу.
3. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті егер мұндай Өтінішті табыс ету бойынша осы Кодексте көзделген жағдайда, қате берген деп есептеледі.
4. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті өзгерістер мен толықтырулар енгізуді салық төлеуші бір уақытта жаңа Өтінішті табыс етумен, бұрын табыс еткен Өтінішті қайтару жолымен жүргізеді.
Бұл ретте Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы жаңа Өтінішті табыс ету күні қайтарылатын Өтінішті қабылдау күні деп танылады.
5. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті қайтарумен бір уақытта орналасқан жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органы салық төлеушінің түзету жасауды жүзеге асырады.
6. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішке салық төлеуші өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді:
1) тексеру жүргізуге арналған нұсқамада көрсетілген салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша кешенді және тақырыптық тексерулерді жүргізу кезеңінде - тексерілетін салық кезеңінің;
2) шағым берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) салық қызметінің жоғары тұрған органының хабарламаға жасалған шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарған шешіміне шағым беру және оны қарау мерзімі кезеңінде - шағым жасалатын салық кезеңінің қате берілген салық есептілігін кері қайтарып алуына жол берілмейді.
7. Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төленгені туралы өтінішті қайтару тәртібін уәкілетті орган бекітеді.
276-23-бап. Тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығы сомаларын түзету тәртібі
1. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарларды сапасы тиісінше болмауы және (немесе) жинақталмағандығы себебі бойынша, осындай тауарлар әкелінген айдың ішінде қайтару жүзеге асырылған жағдайда импортталған тауарлар жөнінде жанама салықтар бойынша декларацияда осындай тауарлар бойынша мәліметтерді көрсету жүргізілмейді.
Тараптардың қайтарылуын растау осы баптың 3-тармақтың екінші бөлігінің 1)-3) тармақшаларында көзделген құжаттар болып табылады. Бұл ретте, осы құжаттарды

импорттаушы импортталған тауарлар жөнінде жанама салықтар бойынша декларациямен бірге ұсынылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарларды, осындай тауарлар әкелінген айдың ішінде қайтару кезінде осындай тауарлар бойынша мәліметтерді импортталған тауарлар жөнінде жанама салықтар бойынша қосымша декларацияда көрсетуге жатады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген жағдайларда салық төлеуші Тауарларды әкелуі және жанама салықтарды төлеуі туралы өтінішінде әкелінген тауарлар туралы мәліметтерді (оның ішінде сапасы тиісінше болмауы және (немесе) жинақталмағандығы себебі бойынша қайтарылған тауарлар туралы) көрсетуі тиіс.

Салық төлеуші Тауарларды әкелуі және жанама салықтарды төлеуі туралы өтінішін кері алуға және жаңа Тауарларды әкелуі және жанама салықтарды төлеуі туралы өтінішті ұсынуға мына құжаттарды ұсынған кезде құқылы:

1) саны бойынша экспорттаушы-салық төлеушімен және импорттаушы-салық төлеушімен келісілген наразылықтар (қабылдау акті);

2) сапасы тиісінше болмауын және (немесе) жинақталмағандығын растайтын тәуелсіз сараптаманың қорытындысы (акті);

3) аумағынан тауарлар экспортталған кеден одағына мүше мемлекеттің құзыретті салық органының экспорттаушы салық төлеушінің осындай тауарларды экспорттауы кезінде салық салынатын айналымының мөлшерін түзету жүргізуі туралы растауы.

Салық төлеушінің өтініші бойынша салық қызметі органдары көрсетілген растауды ұсыну туралы сауал жібереді.

4. Қосылған құн салығын салуға мыналар жатпайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген табиғи зиян нормаларының шегінде салық төлеуші тартқан тауарлар шығыны;

2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде пайда болған тауарлардың бұзылуы.

Осы баптың мақсаттары үшін тауарлар шығыны деп тауарлардың жойылуы немесе жоғалуы болған оқиғалар түсіндіріледі. Тауардың бұзылуы тауарлардың барлық немесе жекелеген сапаларының (сипаттарының) нашарлауын білдіреді, оның нәтижесінде осы тауар салық салынатын айналымның мақсаттары үшін пайдалануы мүмкін емес.

89) мынадай мазмұндағы 277-1-баппен толықтырылсын:

«277-1-бап. Осы тарауда қолданылатын түсініктер кеден одағына мүше мемлекеттердің арасында жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген.

Егер, кеден одағына мүше мемлекеттердің арасында жасалған, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осы тарауда қолданылатын түсініктер көзделмеген болса, осы Кодекстің тиісті баптарында, азаматтық және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де салаларында көзделген.»;

90) 278-баптың 1-тармағында:

2) тармақшада «кедендік» деген сөз алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
«осы Кодекстің 279-бабының 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды жинауды (жинақтауды) жүзеге асыратын»;
91) 279-бапта:
3) тармақша алып тасталсын;
6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«6) двигателінің көлемі 3000 текше сантиметрден асатын, жүкке арналған платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиіндегі моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа);»;
мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:
«8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген медициналық мақсаттағы құрамында спирт бар өнім»;
92) 280-бапта:
1-тармақтың бірінші абзацында «тауар құнына процентпен (адвалорлық) және ( немесе)» деген сөздер алып тасталсын;
4-тармақта:
Бірінші абзацта «7)» деген саннан кейін «8)» деген санмен толықтырылсын;
кестеде:
3-бағанның 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«80 көлемдік процент немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті (алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін сатылатын, белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін денатуратталмаған этил спиртінен басқа), этил спирті және кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирттер ( денатуратталмаған отындық этил спиртінен (этанол) басқа ішкі нарықта пайдалану үшін (түссіз емес, боялған);
2-тармақшада:
3-баған мынадай редакцияда жазылсын:
«Денатуратталмаған отындық этил спирті (этанол) ішкі нарықта пайдалану үшін ( түссіз емес, боялған)»;
4-бағанда «0,1 теңге/литр» деген сөздер «1,0 теңге/литр» деген сөздермен ауыстырылсын;
3-бағанның 3-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«80 көлемдік проценттен төмен спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер (алкоголь өнімін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін сатылатын, белгіленген квоталар шегінде

мемлекеттік медициналық мекемелерге берілетін денатуратталмаған этил спиртінен басқа)»;

3-бағанның 4-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Алкоголь өнімін өндіру үшін сатылатын 80 көлемдік процент немесе одан жоғары спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті»;

3-бағанның 5-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«Алкоголь өнімін өндіру үшін сатылатын 80 көлемдік проценттен төмен спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер»;

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 5-1-тармақшамен толықтырылсын:

«

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5-1. | 3003, 3004-тен | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген медициналық мақсаттағы құрамында спирт бар өнім | 100% спирт 500 теңге/литр |

»;

2-бағанның 9-тармақшасында «-ден» деген сөз алып тасталсын;

2-бағанның 13-тармақшасында «2203 00-ден» деген сөздер «2202 90 100 1» деген сандармен ауыстырылсын;

3-бағанның 19-тармақшасында «табиғи» деген сөз алып тасталсын;

3-бағанның 20-тармақшасының 3-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

«Двигателінің көлемі 3000 текше см-ден жоғары жүкке арналған платформасы және жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүргізуші кабинасы бар жеңіл автомобиль шассиіндегі моторлы көлік құралдары (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару адаптері бар автомобильдерден басқа)»;

93) 281-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) акцизделетін тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына импортталуы»;

3-тармақта:

«салынбайды» деген сөз «салудан босатылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада «0,1 литрден аспайтын тұтыну ыдысына құйылған және» деген сөздер алып тасталсын;

94) 282-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Алыс-берістік шикізатынан болып табылатын акцизделетін тауарларды беру кезінде көрсетілген тауарларды мердігерге (қайта өңдеушіге) берген күн операция жасалған күн болып табылады.

Алыс-берістік шикізатынан акцизделетін тауарлар дайындаған кезде дайындалған акцизделетін тауарларды тапсырыс берушіге немесе тапсырыс беруші көрсеткен

тұлғаға берген күн операция жасалған күн болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағынан кеден одағына мүше мемлекеттің аумағына шығарылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген, акцизделетін болып табылатын алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу мерзімі алыс-берістік шикізатын қайта өңдеуге арналған шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес анықталады және алыс-берістік шикізатын есепке алған және түсірген күннен бастап екі жылдан асуы мүмкін емес.

Алыс-берістік шикізатын қайта өңдеудің белгіленген мерзімінен асқан жағдайда акциз салу объектісі осы Кодекстің 280-бабында көзделген ставкалар бойынша шарттың (келісімшарттың) талаптарына сәйкес қайта өңдеу өнімінің болжамданған көлемі болып табылады.

Алыс-берістік шикізатын қайта өңдеуге әкелу (әкету) жүзеге асырылатын жағдайда Қазақстан Республикасының салық төлеушісі қайта өңдеу өнімдерін әкету (әкелу), сондай-ақ оның уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, нысанда және мерзімде орындалуы туралы міндеттемелер ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Қазақстан Республикасының аумағына басқа кеден одағына мүше мемлекеттің аумағынан акцизделетін тауарлардың импорты кезінде салық төлеуші импортталған акцизделетін тауарларды есепке алған күн операция жасалған күн болып табылады.

Бұл ретте, осы тараудың мақсаттары үшін импортталған акцизделетін тауарларды есепке алған күн осындай тауарларды халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес кіріске алған күн болып табылады.»;

95) 283-бапта:

1-тармақта «Тұрлаулы акциз ставкалары белгіленген» деген сөздер алып тасталсын;

«көлемі» деген сөзден кейін «(саны)» деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

96) 285-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Төтенше оқиғалар салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын акцизделетін тауарлар бүлінген, жоғалған кезде акциз толық мөлшерде төленеді.»;

2-тармақтың 1) тармақшасында «сапасының» деген сөзден кейін «(қасиетінің)» деген сөзбен толықтырылсын;

97) 287-бап 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) автомобильге май құю станцияларынан бензин (авиациялық бензинді

қоспағанда) мен дизель отынын жеке тұлғаларға өткізу;»;
98) 288-бапта:
1-тармақта:
1) тармақшаның бірінші абзацында
2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«2) Акцизделетін тауарларды кедендік экспорттау рәсімінде шығаруды жүзеге асырған кеден органының белгілері бар жүктің кедендік декларациясын немесе оның кеден органы куәландырған көшірмесін табыс етеді.
Акцизделетін тауарларды кедендік экспорттау рәсімінде магистральдық құбыр жүйесімен не толық емес мерзімдік декларациялау рәсімін қолдана отырып әкеткен жағдайда кедендік декларациялауды жүргізген кеден органының белгісі бар жүктің толық кедендік декларациясы экспортты растау болып табылады;»;
3) тармақшада:
бірінші абзацта «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден одағының» деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
Акцизделетін тауарларды кедендік экспорттау рәсімінде магистральдық құбыр жүйесімен әкеткен жағдайда тауардың ілеспе құжаттары көшірмелерінің орнына тауарларды қабылдау-тапсыру актісі табыс етіледі;»;
2-тармақта:
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Қазақстан Республикасы акцизделетін тауарлар экспортын акцизден босатуды көздейтін халықаралық шарттар жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге (кеден одағына мүше мемлекеттерден басқа) акцизделетін тауарлар экспортталған кезде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан кедендік экспорттау рәсімінде әкетілген акцизделетін тауарларды импорттаған елде ресімделген жүктің кедендік декларациясының көшірмесі қосымша табыс етіледі.»;
мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:
«Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағына акцизделетін тауарлар экспортталған кезде осы Кодекстің 281-бабының 3-тармағына сәйкес акциздер төлеуден босатудың негізділігін растау үшін салық төлеуші орналасқан жері бойынша салық органына акциз бойынша декларациямен бірге осы Кодекстің 276-11-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, осы Кодекстің 276-11-бабында көзделген құжаттарды ұсынады.
Бұл ретте, салық төлеуші акциз бойынша декларацияларды қоспағанда, көрсетілген құжаттарды операция жасалған күннен бастап 180 күнтізбелік күн ішінде салық органына Ұсынуға құқылы.»;
3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:
«Осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген мерзім бітуі бойынша экспортқа

акцизделетін тауарларды өткізу расталған жағдайда акциздердің төленген сомасы осы Кодекстің 599 және 602-баптарына сәйкес есепке алуға және қайтаруға жатады.

Бұл ретте, осы тармаққа сәйкес есептелген өсімпұлдың төленген сомасы қайтаруға жатпайды.»;

99) 290-бапта:

бірінші бөлігінде «Салық» деген сөз «Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Кеден одағына мүше мемлекеттерден акцизделетін тауарлар импорты кезінде салық базасының мөлшерін түзету осы Кодекстің 276-23-бабының 1-3-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.»;

100) 291-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы бапқа сәйкес басқа акцизделетін тауарларды өндіру үшін негізгі шикізат ретінде пайдаланылған акцизделетін тауарлар бойынша Қазақстан Республикасында төленген акциз сомалары шегерімге жатады.»;

3-тармақтың 1) тармақшасында «кеден» деген сөз алып тасталсын;

5-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) төлем құжаттары немесе акцизделетін шикізатқа төлем жасалғанын растайтын бақылау-кассалық машинаның чектерін қоса бере отырып, кіріс кассалық ордеріне квитанциялар;»;

5) тармақшада «актілері» деген сөз «парақтары» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 2) тармақшасында «актілері» деген сөз «парақтары» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

2) тармақшада «ресімдеу» деген сөз «декларациялау» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше емес мемлекеттердің аумағынан акцизделетін шикізат импортталған кезде импортталатын акцизделетін шикізатқа арналған жүктің кедендік декларациясы немесе Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан тауарларды әкелу және импортталған кезде жанама салықтарды төлеу туралы өтініш;»;

4) тармақшада «актілері» деген сөз «парақтары» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

бірінші бөлігін «дайындалған» деген сөздің алдынан «Қазақстан Республикасының аумағында» деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшада «шарт» деген сөздің алдынан «алыс-берістік шикізатын қайта өңдеу туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

101) 292-бапта:

1-тармақта «15» деген сан «20» деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Салық органдарының тиісті белгіні қою жолымен Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акциздің төлену фактісін растауы не растаудан уәжделген бас тартуы уәкілетті орган көздеген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

102) 293-бапта:

1-тармақта «2-тармағында» деген сөздер «2 және 3-тармақтарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан акцизделетін тауарлар импортталған жағдайда акцизді төлеу акциз төлеушінің орналасқан (тұратын) жері бойынша жүргізіледі.»;

103) 296-бапта:

1-тармақта «Әрбір салық кезеңі аяқталған соң салық төлеушілер» деген сөздер «Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, әрбір салық кезеңі аяқталған соң акциз төлеушілер» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан акцизделетін тауарларды импорттаушы салық төлеушілер орналасқан (тұратын) жері бойынша салық органына импортталған акцизделетін тауарларды есепке алған айдан кейінгі айдың 20 күнінен кешіктірмей, осы Кодекстің 276-20-бабының 5-тармағында белгіленген нысанда және тәртіппен импортталған тауарлар жөнінде жанама салықтар бойынша декларация ұсынуға міндетті. Осындай декларациямен бірге осы Кодекстің 276-20-бабының 3-тармағында көзделген құжаттар ұсынылады.

Бұл ретте, импортталған тауарлар жөнінде жанама салықтар бойынша декларация және Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу бойынша өтініш осы Кодекстің 276-20-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда салық органына ұсынылмаған болып саналады.»;

104) 297-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«297-бап. Импортталатын акцизделетін тауарлардың салық базасы

1. Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын акцизделетін тауарлар бойынша салық базасы импортталатын акцизделетін тауарлардың заттай түрдегі көлемі, саны ретінде айқындалады.»;

105) 298-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кеден одағына мүше емес мемлекеттердің аумағынан импортталатын

акцизделетін тауарларға акциздер, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден одағының кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында кеден төлемдерін төлеу үшін айқындалған күні кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен төленеді.»;

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан импортталған акцизделетін тауарлар бойынша (маркіленетін акцизделетін тауарларды қоспағанда) акциз импортталған акцизделетін тауарлар есепке алынған айдан кейінгі айдың 20 күнінен кешіктірмей төленеді.

Маркіленетін акцизделетін тауарлар бойынша акциздерді төлеу осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына импортталуы акциздерді төлемей жүзеге асырылған акцизделетін тауарлар, оларға байланысты босату немесе төлеудің өзге тәртібі ұсынылғандардан өзге мақсаттарға пайдаланылған жағдайда, осы акцизделетін тауарларға осы Кодекстің 280 және 297-баптарында белгіленген тәртіппен және акциздердің ставкалары бойынша акциздер салуға жатады.»;

106) 299-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке тұлғалардың кеден одағының кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген нормалар бойынша импорттайтын акцизделетін тауарларына акциз салынбайды.»;

2-тармақта:

2) тармақшада «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден одағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) «Ішкі тұтыну үшін шығару» кедендік рәсімін қоспағанда, кеден одағының кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген кедендік рәсімдер шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында босатылатын, кеден одағының кеден шекарасы арқылы өткізілетін акцизделетін тауарлар;»;

5) тармақшада «сыйымдылығы 0,1 литрден аспайтын тұтынушы ыдысына құйылған және» деген сөздер алып тасталсын;

107) 307-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы бөлім жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтарын есептеу және төлеу тәртібін, сондай-ақ өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтық міндеттемелерді орындау ерекшеліктерін белгілейді.»;

108) 308-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«308-бап. Жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізу жөніндегі қызметке салық салу

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін есептеу, осы Кодекстің 308-1-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

2. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын резидент емес жер қойнауын пайдаланушы осы Кодекстің 198-200-баптарына сәйкес қосымша салық салынуға жатады.

3. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға жасалған әрбір келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша, сондай-ақ рентабельдігі төмен, қоюлығы жоғары, суланған, шағын дебетті және игерілген кен орындарын (кен орындары тобын, осындай кен орындары тобы бойынша қызметті жүзеге асырған кезде кен орындарының бір бөлігін, бір келісімшарт шеңберіндегі кен орындарының тобын) әзірлеу кезінде, осындай кен орындары (кен орындарының тобы, бір келісімшарт шеңберіндегі осындай кен орындарының тобы бойынша қызметті жүзеге асырған кезде кен орындарының бір бөлігі) бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді осы Кодексте белгіленгендерден ерекшеленетін тәртіппен және ставкалар бойынша есептеген жағдайда, салық міндеттемелерін есептеу үшін осы Кодекстің 310-бабына сәйкес бөлек салық есебін жүргізуге міндетті.

Осы ереже кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын, емдік балшықты өндіру жөніндегі келісімшарттарға, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға қолданылмайды.

Өндірілуі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарында көзделмеген және қорларын осы мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы бекіткен мұнайды, минералды шикізатты, жерасты суларын, сондай-ақ емдік балшықты коммерциялық өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы олар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге міндетті.

4. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы жай серіктестік (консорциум) құрамындағы бірнеше жеке және (немесе) заңды тұлғаларға тиесілі болса, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

бойынша жай серіктестікке (консорциумға) әрбір қатысушы салық төлеуші болады.

5. Егер жер қойнауын пайдалануға арналған бір келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы жай серіктестік (консорциум) құрамындағы бірнеше жеке және (немесе) заңды тұлғаларға тиесілі болса, онда жер қойнауын пайдалануға арналған мұндай келісімшарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылар, осындай қызмет бойынша жиынтық салық есебін жүргізуге жауапты жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкілін айқындауға міндетті.

Жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкілі осы Кодекстің талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша жүзеге асырылатын қызмет бойынша жиынтық салық есебін жүргізуге міндетті.

Өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүзеге асырылған жағдайда, осындай уәкілетті өкіл ретінде оператор болады.

Жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкілінің, оның ішінде оператордың өкілеттігі осы Кодекстің 17 немесе 17-1-баптарының талаптарына сәйкес расталуы тиіс.

6. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша салықтық міндеттемелерді орындауды осы Кодексте белгіленген тәртіппен осындай қызмет бойынша жиынтық салық есебін жүргізуге жауапты жай серіктестікке (консорциумға) қатысушы (қатысушылар) және (немесе) жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкілі, жиынтық салық есебінің негізінде жүргізеді. Бұл ретте, осы Кодекстің 308-1-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, салықтық есептілік нысандарын ұсыну бойынша салықтық міндеттемелерді орындауды жай серіктестікке (консорциумға) қатысушы (қатысушылар) дербес жүзеге асырады.»;

109) мынадай мазмұндағы 308-1-баппен толықтырылсын:

«308-1-бап. Жекелеген жер қойнауын пайдаланушылардың салықтық міндеттемені орындау тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған, міндетті салық сараптамасынан өткен өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта айқындалған салық режимі салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер үшін сақталады, мұндай келісімнің (келісімшарттың) ережелеріне сәйкес оларға қатысты салық режимінің тұрақтылығы тікелей көзделген, мұндай келісімнің (келісімшарттың) белгіленген бүкіл қолданылу мерзімі ішінде тек қана оның тараптарына қатысты, сондай-ақ операторларға қатысты қолданылады, мұндай келісімнің (келісімшарттың) тараптары болып табылмайтын тұлғаларға немесе

операторларға қолданылмайды және тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

Төлем кезінен ұсталуға жататын, жер қойнауын пайдаланушы салық агенті ретінде әрекет ететін салыққа қатысты салық міндеттемелерін орындау Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салық сараптамасынан еткен өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта) және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта, төлем көзінен ұсталатын салық салу тәртібін реттейтін ережелерде болуына қарамастан, оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салық сараптамасынан өткен өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) салық режимінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың салық режимінде көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерінің күші жойылған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы өнімді бөлу туралы келісімде ( келісімшартта) және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта белгіленген тәртіппен және мөлшерде, олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізгенге дейін оларды бюджетке төлеуді жалғастырады.

2. Егер Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен жер қойнауын пайдаланушы арасында 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және міндетті салық сараптамасынан өткен өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) ережелерінде операторды айқындау көзделсе және осы келісім (келісімшарт) бойынша салық салу міндеттемесін орындауды оператор жүзеге асырса, онда осы оператор осы баптың 1-тармағына сәйкес мұндай келісімнің (келісімшарттың) тараптарына қатысты қолданылатын салық режиміне сәйкес аталған келісімнің (келісімшарттың) салық міндеттемесін орындайды.

3. Өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жай серіктестікке ( консорциумға) қатысушылардың салықтық міндеттемелерін орындау төменде көрсетілген тәсілдердің бірімен жүзеге асырылуы мүмкін:

1) жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың салықтық міндеттемелерін орындау»

4. Егер жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды орындау барысында операторда салық заңнамасының талаптарына сәйкес салық төлеушідегідей (салық агентіндегідей) салықтық міндеттемелер пайда болса, онда салықтық міндеттемелерді оператор дербес орындайды.»;

110) 310-бапта:
3-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:
«Осы тармақтың ережесі сол сияқты осы Кодекстің 308-бабының 5-тармағына сәйкес жиынтық салық есебін жүргізуге жауапты жай серіктестікке (консорциумға) қатысушылардың уәкілетті өкіліне қатысты қолданылады.»;
4-тармақтың 6) тармақшасында «308-бабының 2» деген сөздер «308-1-бабының 1» деген сөздермен ауыстырылсын;
111) 357-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«357-бап. Салық салу объектісі
1. Осы Кодекстің 355-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген салық төлеушілер үшін әлеуметтік салық салу объектісі салық төлеушілердің өздерін қоса алғанда, жұмыскерлердің саны болып табылады.
2. Жұмыс берушінің осы Кодекстің 163-бабының 2-тармағында айқындалған табыс түрінде резидент қызметкерлерге, осы Кодекстің 192-бабының 18) - 21) тармақшаларында айқындалған табыс түрінде резидент емес қызметкерлерге төлейтін шығыстары, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 191-бабының 10-тармағында көрсетілген шетелдік персоналдың табыстары осы Кодекстің 355-бабы 1-тармағының 3), 4) тармақшаларында және 2-тармағында аталған төлеушілер үшін салық салу объектісі болып табылады.
Осы Кодекстің 156-бабы 1-тармағының 8), 9), 10), 12), 17), 18), 24), 24-1), 26), 27), 29) - 32), 34) тармақшаларында белгіленген табыстар, сондай-ақ:
1) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін гранттар қаражаты есебінен жүргізілетін төлемдер;
2) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын мемлекеттік сыйлықақылар, стипендиялар;
3) спорт жарыстарында, байқауларда, конкурстарда жүлделі орындар үшін берілетін ақшалай наградалар;
4) ұйым таратылған немесе жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған, қызметкерлердің штат саны қысқартылған немесе қызметкер әскери қызметке шақырылған жағдайларда еңбек шарты бұзылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлерде төленетін өтемақы төлемдері;
5) жұмыс берушінің қызметкерлерге пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін төлейтін өтемақы төлемдері;
6) қазақстан Республикасының заңнамасында сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларына қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары салық салу объектісі болып табылмайды.
3. Егер күнтізбелік ай үшін осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалған салық салу объектісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осы күнтізбелік айдың бірінші күні қолданыста болған жалақының ең төменгі мөлшерінен төмен болса,

әлеуметтік салық салу объектісі жалақының осындай ең төменгі мөлшері негізінде айқындалады.

4. Егер төлемдер грант алушымен не грант мақсаттарын (міндеттерін) жүзеге асыру үшін грант алушы тағайындаған орындаушымен жасалған шартқа (келісімшартқа) сәйкес жүргізілсе, осы баптың 2-тармағы 1) тармақшасының ережелері қолданылады.»;

112) 361-бапта:

1-тармақта «есепті айға» деген сөздер «салықтық кезеңге» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

«Есепті айда» деген сөздер «Салықтық кезеңде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«айға» деген сөз «салықтық кезеңге» деген сөздермен ауыстырылсын;

113) 367-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Салықты есептеу айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген мынадай ставкалар бойынша жүргізіледі (бұдан әрі осы тармақтың мәтіні бойынша - АЕК):

| Рет N | Салық салу объектісі | Салық ставкасы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Двигателінің көлемі мынадай жеңіл автомобильдер (текше см.): | |
| | 1100-ге дейін қоса алғанда | 1 АЕК |
| | 1100-ден жоғары 1500-ді қоса алғанда | 2 АЕК |
| | 1500-ден жоғары 2000-ды қоса алғанда | 3 АЕК +двигатель көлемінің 1500 текше метрден асатын әрбір бірлігі үшін 7 теңге |
| | 2000-нан жоғары 2500-ді қоса алғанда | 6 АЕК +двигатель көлемінің 2000 текше метрден асатын әрбір бірлігі үшін 7 теңге |
| | 2500-ден жоғары 3000-ды қоса алғанда | 9 АЕК +двигатель көлемінің 2500 текше метрден асатын әрбір бірлігі үшін 7 теңге |
| | 3000-нан жоғары 4000-ды қоса алғанда | 15 АЕК +двигатель көлемінің 3000 текше метрден асатын әрбір бірлігі үшін 7 теңге |
| | 4000-нан жоғары | 117 АЕК |
| 2. | Жүк көтергіштігі мынадай жүк таситын арнаулы автомобильдер ( тіркемелерді есептемегенде): | |
| | 1 тоннаға дейін коса алғанда | 3 АЕК |
| | 1 тоннадан жоғары - 1,5 тоннаны қоса алғанда | 5 АЕК |
| | 1,5 тоннадан жоғары - 5 тоннаны қоса алғанда | 7 АЕК |
| | 5 тоннадан жоғары | 9 АЕК |
| 3. | Шынжыр табанды машиналар мен механизмдерді қоспағанда, өздігінен жүретін машиналар мен пневматикалық жүрістегі механизмдер | 3 АЕК |
| 4. | Автобустар: | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | отыратын 12 орынға дейін қоса алғанда | 9 АЕК |
| | отыратын 12-ден жоғары - 25 орынды қоса алғанда | 14 АЕК |
| | отыратын 25 орыннан жоғары | 20 АЕК |
| 5. | Мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, шағын кемелер, двигателінің қуаты: | |
| | 55 кВт-ға дейін қоса алғанда | 1 АЕК |
| | 55 кВт-дан асатын | 10 АЕК |
| 6. | Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар (двигателінің қуаты мынадай ат күшіне тең): | |
| | 160-қа дейін қоса алғанда | 6 АЕК |
| | 160-тан жоғары 500-ді қоса алғанда | 18 АЕК |
| | 500-ден жоғары 1000-ды қоса алғанда | 32 АЕК |
| | 1000-нан жоғары | 55 АЕК |
| 7. | Ұшу аппараттары | әрбір киловатт қуаттан АЕК-тің 4,0 проценті |
| 8. | Мыналарды: | |
| | магистральды жолдар бойымен поездардың кез келген санатын жүргізу үшін; магистральды, станциялық және тар және (немесе) кең табанды кірме жолдарда маневр жұмыстарын жүргізу үшін; өнеркәсіптік теміржол көлігі және магистральды және станциялық жолдарға шықпайтын жолдарда пайдаланылатын темір жолдың тарту қозғалмалы құрамы; | көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан АЕК-тің 1 проценті |
| | Тар және кең табанды магистральды және станциялық жолдармен жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын мотор-вагонды қозғалмалы құрам | көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан АЕК-тің 1 проценті |

Бұл ретте салықты есептеу үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш қолданылады.»;

2-тармақ алып тасталсын;

114) 368-баптың 3-тармағы «сатып алу-сату шартының» деген сөздер «сатып алу-сату шарттарының, алмастырудың» деген сөздермен ауыстырылсын;

115) 370-бапта «мен төлеуге» деген сөздер алып тасталсын;

116) 382-бапта:

«үйге» деген сөз «ғимаратқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

«тұрғын үй қоры» деген сөздер «тұрғын ғимарат» деген сөздермен ауыстырылсын;

117) 384-баптың 1 және 2-тармақтарында «осы баптың 3-тармағында» деген сөздерден кейін «және осы Кодекстің 386-бабында» деген сөздермен толықтырылсын;

118) 386-бапта:

атауында «Автотұрақтар» деген сөзден кейін «(паркингтер)» деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Елді мекендердің автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген жерлері осы Кодекстің 381-бабында келтірілген кестенің 3-бағанында елді мекендер жерлеріне

белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады.

Автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген басқа санаттағы жерлер, жақын жатқан елді мекендердің жерлері үшін осы Кодекстің 381-бабында келтірілген кестенің 3-бағанында елді мекендер жерлеріне белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады. Бұл ретте, салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық ставкалар қолданылатын жақын жатқан елді мекенді жергілікті өкілді орган айқындайды.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық ставкасы кемітілуі мүмкін, бірақ ол осы Кодекстің 381-бабында белгіленгеннен кем болмауға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3.Елді мекендердің автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлері осы Кодекстің 381-бабында келтірілген кестенің 3-бағанында елді мекендер жерлеріне белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салуға жатады.

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлер, жақын жатқан елді мекендердің жерлері үшін осы Кодекстің 381-бабында келтірілген кестенің 3-бағанында елді мекендер жерлеріне белгіленген базалық ставкалар бойынша салық салуға жатады. Бұл ретте, салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық ставкалар қолданылатын жақын жатқан елді мекенді жергілікті өкілді орган айқындайды.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салықтың базалық ставкалары ұлғайтылуы мүмкін, бірақ он еседен артық болмауға тиіс. Осы тармақта көзделген ставкаларды ұлғайту жергілікті өкілетті орган белгілеген автотұрақтар (паркингтер) санатына байланысты жүргізіледі.

Бұл ретте, жекелеген салық төлеушілер үшін жеке жер салығының ставкаларын арттыруға тыйым салынады.»;

119)

120) 388-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Кондоминимум объектісінің бөлігі болып табылатын жер учаскесі»

Бұл ретте, жер учаскесінің бөлігі мыналарға сәйкес:

121) 390-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

122) 391-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, жеке тұлғалар (осы тармақтың екінші бөлігінде аталған тұлғаларды қоспағанда) төлеуге жататын жер салығын есептеуді салық органдары тиісті салық ставкалары мен салық базасын негізге ала отырып, үстіміздегі жылғы 1 тамыздан кешіктірмей жүргізеді.

Осы тармақтың ережелері:

дара кәсіпкерлерге;

осы Кодекстің 369-бабының 1-тармағында және 406-бабында көзделген объектілерді қоспағанда, меншік құқығындағы тұрғын ғимараттар (ғимараттардың

бөліктері) орналасқан жер учаскелері бойынша жеке тұлғаларға (оның ішінде жекеше нотариустарға, адвокаттарға) қолданылмайды.»;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Осы Кодекстің 369-бабының 1-тармағында және 406-бабында көзделген объектілерді қоспағанда, меншік құқығындағы тұрғын ғимараттар (ғимараттардың бөліктері) орналасқан жер учаскелері бойынша жеке тұлғалар (оның ішінде жекеше нотариустар, адвокаттар) патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер үшін осы тарауда белгіленген тәртіппен жер салығын есептейді және төлейді.»;

123) 392-бапта «мен төлеу» деген сөздер алып тасталсын;

124) 393-бапта:

1-тармақта: бірінші бөлікте:

«Салық төлеушілер» деген сөздер «Жеке кәсіпкерлер» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қоспағанда» деген сөзден кейін «және заңды тұлғалар» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Жеке тұлғалар, егер осы баптың 1-тармағында және осы тармағында өзгеше көзделмесе, жер салығы бойынша салықтық есептілікті салық органдарына ұсынбайды.

Осы Кодекстің 369-бабының 1-тармағында және 406-бабында көзделген объектілерді қоспағанда, меншік құқығындағы тұрғын ғимараттар (ғимараттардың бөліктері) орналасқан жер учаскелері бойынша жеке тұлғалар (оның ішінде жекеше нотариустар, адвокаттар) салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша салық органдарына есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей декларация ұсынады.»;

125) 401-бапта «мен төлеу» деген сөздер алып тасталсын;

126) 405-бапта «тұрғын үй-жайлар» деген сөздер «пәтер-үйлер, ғимараттар» деген сөздермен ауыстырылсын;

127) 406-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацта «тұрғын үй-жайлар» деген сөздер «тұрғын пәтер-үйлер» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші абзацтарда «тұрғын үй-жайдың» деген сөздер «тұрғын пәтер-үйдің» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацында, 3-тармақтың бірінші, бесінші және жетінші абзацтарында, 4-тармақтың бірінші, үшінші және он бірінші абзацтарында «тұрғын үй-жайдың» деген сөздер «тұрғын пәтер-үйдің» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші, үшінші, төртінші және алтыншы абзацтарында «тұрғын үй-жайдың» деген сөздер «тұрғын пәтер-үйдің» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацында және кестенің 2-бағанының атауында және алтыншы бөлікте «Тұрғын үй-жайдың» деген сөздер «Тұрғын пәтер-үйдің» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

«Тұрғын үйлердің» деген сөздер «Тұрғын пәтер-үйлердің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«үй-жайлардың» деген сөздер «ғимараттың» деген сөзбен ауыстырылсын;

128) 407-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«407-бап. Жекелеген жағдайларда салықты есептеу мен төлеу

Осы Кодекстің 396-бабы 1-тармағында және 406-бабында көзделген объектілерді қоспағанда меншік құқығындағы ғимараттар (ғимараттардың бөліктері) бойынша жеке тұлға (оның ішінде жеке нотариус, адвокат) осы Кодекстің 398-бабының 2-тармағында белгіленген ставкаларды қолдана отырып, патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерге арналған осы Кодекстің 57-тарауында белгіленген тәртіппен мүлік салығын есептейді, төлейді және осы салық бойынша салық есептілігін табыс етеді.

Мұндай ғимараттар (ғимараттар бөліктері) бойынша салық базасы осы Кодекстің 397-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалады.»;

129) 424-бап 2-тармағының екінші бөлігінде «айдың жартысы үшін деп» деген сөздер «белгіленген ставканың 1/2 мөлшерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

130)428-бап 4-тармағының 1)және 2) тармақшаларында «акцизделетін өнімді» деген сөздер «акцизделетін тауарларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

131) 431-баптың 2-тармағында:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, патент жеке кәсіпкерге бір салықтық кезең шегінде кемінде бір ай мерзіміне беріледі.»;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Патент мына:

ағымдағы салықтық кезеңінің соңғы айында қайта тіркелген;

ағымдағы салықтық кезеңінің соңғы айында қызметін уақытша тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін немесе кейін қызметін қайта бастаған жеке кәсіпкерлерге бір айдан кем мерзімге берілуі мүмкін.»;

132) 439-баптың 2-тармағында «акцизделетін өнімдерді» деген сөздер «акцизделетін тауарларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

133) 445-тармақтың бірінші бөлігінде «әлеуметтік салықты есептеу жүргізілетін айдың бірінші күні» деген сөздер «тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

134) 448-бап 4-тармағының бірінші бөлігінде «акцизделетін өнімді» деген сөздер «акцизделетін тауарларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

135) 450-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жер учаскесіне құқық жоғарыда көрсетілген күннен кейін ағымдағы күнтізбелік жылдың 31 желтоқсанына дейін туындаған жағдайда ағымдағы жылдан кейінгі күнтізбелік жылдан бастап арнаулы салық режимін қолдану құқығына салықтық өтініш салық органына сол жер учаскесінің орналасқан орны бойынша тіркеу есебіне қойылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде табыс етіледі.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы арнаулы салық режимі қолданылмайтын қызмет түрлерін жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан кейін жер учаскесіне құқық туындаған жағдайда, жер учаскесіне құқық туындаған кезден бастап ағымдағы күнтізбелік жылы арнаулы салық режимін қолдану құқығына салықтық өтінішті салық органына осы жер учаскесінің орналасқан жері бойынша тіркеу есебіне қойылған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде табыс етеді.»;

136) 451-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есепті салықтық кезеңнің қорытындылары бойынша декларациялау бойынша қалыптасқан есептелген салықтың сомасынан артуы қосылған құн салығы бойынша алдағы төлемдер есебінен есептелетін қосылған құн салығының арту сомасын анықтау кезінде 70 процентке азайтуға жатады.»;

137) 465-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сатылған мүліктің (мүліктік құқықтардың) аукцион өткізу нәтижелері бойынша белгіленген құны алым алу объектісі болып табылады.»;

138) 466-бап алып тасталсын;

139) 467-баптың 1-тармағы «ставка» деген сөздің алдынан «3 процент мөлшерінде» деген сөздермен толықтырылсын;

140) 534-бабы 1-тармағының 3-тармақшасы «толықтыруға» деген сөз «, түзетуге» деген сөзбен толықтырылсын;

141) 535-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында «тұрғын үй-жайларды» деген сөздер «пәтер-үйді» деген сөзбен ауыстырылсын;

142) 536-баптың 1) және 2) тармақшаларында «тұрғын үйлерді, пәтерлерді,» деген сөздер «пәтер-үйді» деген сөзбен ауыстырылсын;

143) 537-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында «алыс шет елдерден» деген сөздер «ТМД елдерін қоспағанда, шет мемлекеттерден» деген сөздермен ауыстырылсын;

144) 542-бабы 3) тармақшасының үшінші абзацында «тұрғын үйіне (пәтеріне)» деген сөздер «пәтер-үйіне» деген сөзбен ауыстырылсын;

145) 543-баптың 2-тармақшасы «толықтырылған» деген сөзден кейін «, қалпына келтірілген» деген сөздермен толықтырылсын;

146) 547-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында «түзетулер мен өзгерістер» деген сөздер «өзгерістер, толықтырулар, түзетулер, қалпына келтірулер» деген сөздермен ауыстырылсын;

147) 556-бапта:

4-тармағы мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) этил спиртін өндіруді жүзеге асыратын ұйымдарда этил спиртін есепке алуды бақылау;

7) өтініш берушінің этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымы бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау жүзеге асырылады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Кеден органдары осы Кодекске және кедендік одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде кедендік одақтың кеден шекарасы арқылы тауарлардың өткізілуімен байланысты салықтық бақылауды жүзеге асырады, мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерін және төленуге тиісті салықтар бойынша мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады.»;

148) 558-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Салықтық зерттеу - салық қызметі органдары жұмыс уақытында салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан орны бойынша:

тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) нақты бар болуын немесе жоқтығын растау;

осы Кодекстің 637-бабының 2-тармағында көрсетілген жағдайда салықтық тексеру актісін салық төлеушіге (салық агентіне) тапсыру;

осы Кодекстің 608-бабы 1-1-тармағында көрсетілген жағдайда салық төлеушіге ( салық агентіне) осы Кодекстің 608-бабы 2-тармағының 2), 3) тармақшаларында көзделген хабарламаны тапсыру;

салық төлеушіге (салық агентіне) мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді және (немесе) билік етуі шектелген мүліктің тізімдемесінің актісін тапсыру мақсатында жүзеге асыратын салық бақылауының өзге түрі.

Салықтық зерттеуді жүргізуге қатысу үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен куәгерлер тартылуы мүмкін.

2. Мыналар:

1) салық төлеушіге (салық агентіне) салық тексеруі актісін, билік етуді шектеу туралы шешімді және (немесе) билік етуі шектелген мүліктің тізімдемесінің актісін

тапсырудың мүмкін болмауы;
2) салық төлеушінің (салық агентінің) орналасқан орны бойынша болмауы себепті салық қызметі органы хабарламасы бар тапсырысты хатпен почта арқылы жіберген осы Кодекстің 608-бабы 2-тармағының 2), 3) тармақшаларында көзделген хабарламаны почта немесе өзге байланыс ұйымының қайтаруы.
Бұл ретте банк шоты бар салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты осы тармақшада көзделген негіз бойынша зерттеу осындай хатты почта немесе өзге байланыс ұйымы қайтарған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін жүргізіледі.
Осы тармақшаның ережесі осы Кодекстің 608-бабы 1-2-тармағында көзделген жағдайда қолданылмайды.
3) салық төлеушінің осы Кодексте белгіленген тәртіпте қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұруы салықтық зерттеу жүргізу үшін негіз болып табылады.
Салық органы салық төлеушінің тіркеу деректерінде көрсетілген оның орналасқан орны бойынша салықтық зерттеуді осы баптың 2-тармағы 3) тармақшасында көзделген негіз бойынша айына бір реттен артық емес жүргізуге құқылы.»;
4-тармағы «Салықтық зерттеу» деген сөздердің алдынан «Осы баптың 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша жүргізілген» деген сөздермен толықтырылсын;
5 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Салық органы осы баптың 4-тармағында көрсетілген хабарламаны жіберген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде салық төлеуші салық органына келу тәртібінде салықтық зерттеу кезінде болмаған себептері туралы жазбаша түсініктеме беруге міндетті.
Салық төлеуші осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талапты орындамаған жағдайда, салық органы осы Кодекстің 611-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес мұндай салық төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.
6. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген салық төлеуші банк шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салық органына келу тәртібінде салықтық зерттеу кезінде орналасқан орны бойынша болмаған себептері туралы жазбаша түсініктеме беруге міндетті.
Салық төлеуші осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талапты орындамаған жағдайда, салық органы осы Кодекстің 571-бабы 4-тармағында белгіленген тәртіпте мұндай салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен алып тастайды.»;
149) 563-бапта:
мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:
«2-1. Резидент заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің, резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің басшысы туралы мәліметтерді өзгерту

тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш негізінде жүзеге асырылады.
Резидент заңды тұлғаның басшысы туралы мәліметтерді өзгерту үшін берілген салықтық өтінішке заңды тұлғаның қатысушыларының (акционерлерінің) немесе бір қатысушыдан (акционерден) тұратын заңды тұлғаның бір қатысушысының ( акционерінің) жалпы жиналысының заңды тұлғаның атқарушы органын тағайындау туралы шешімінің нотариатты куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.
Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің басшысы туралы мәліметтерді өзгерту үшін берілген салықтық өтінішке заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің басшысын тағайындау туралы шешімінің не оның уәкілеттігін растайтын өзге құжатының нотариатты куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.»;

4-тармақта:

«құжаттарды қоса бере отырып» деген сөздер «құжаттардың түпнұсқаларын көрсетіп, олардың көшірмелерін қоса бере отырып» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта «Салық органдары» деген сөздер «Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық органдары» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Салық органдары егер салық төлеуші мына шарттардың біріне немесе бірнешеуіне сай келген жағдайда оның тіркеу деректеріне өзгеріс енгізбейді:

1) салық төлеушінің бір айлық есептік көрсеткіштен аса салық берешегі болса;

2) салық төлеушіге қатысты салық тексеруі жүргізіліп жатса;

3) салық төлеуші заңды тұлғаның құрылтайшысы:

әрекетсіз заңды тұлға;

әрекетсіз дара кәсіпкер;

әрекетсіз заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе құрылтайшысы;

іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекеті шектеулі және (немесе) хабар-ошарсыз кеткен жеке тұлға;

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 192-1, 216, 217-баптары бойынша өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар жеке тұлға;

іздеу салынған жеке тұлға болып табылса;

4) заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы немесе дара кәсіпкер:

әрекетсіз дара кәсіпкер;

әрекетсіз заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы;

іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекеті шектеулі және (немесе) хабар-ошарсыз кеткен жеке тұлға;

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 192-1, 216, 217-баптары бойынша өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар жеке тұлға;

іздеу салынған жеке тұлға болып табылса.»;

150) 565-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен

толықтырылсын:
«Жекеше нотариус, адвокат ретінде тіркеу есебіне қою үшін берген салықтық өтінішке түпнұсқалары ұсынила отырып, мынадай құжаттардың көшірмелері қоса беріледі:
жеке басын куәландыратын құжат;
жекеше нотариаттық, адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия;жекеше нотариустың, адвокаттың орналасқан орнын растайтын құжат.
Жекеше нотариустың, адвокаттың орналасқан орнын растайтын құжат:
тұрғылықты орны бойынша қызметін жүзеге асырған жағдайда - азаматтарды тіркеу кітабы;
өзге жағдайларда - жылжымайтын мүлікке меншік құқығын немесе оларды пайдалануға құқықты растайтын құжат болып табылады.»;
151) 568-бапта:
1-тармақтың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:
«резидент заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелері;»;
2-тармағының төртінші бөлігінде «236-бабына» деген сөздер «236 немесе 276-5-баптарына» деген сөздермен ауыстырылсын;
152) 569-баптың 3-тармағында:
2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«2) осы Кодекстің 571-бабы 4-тармағында белгіленген тәртіпте аталған салық төлеуші салық органы шешімі бойынша қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап екі жыл өтпесе;»;
мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:
«4) заңды тұлғаның құрылтайшысы:
әрекетсіз заңды тұлға;
әрекетсіз дара кәсіпкер;
әрекетсіз заңды тұлғаның бірінші басшысы немесе құрылтайшысы;
іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекеті шектеулі және (немесе) хабар-ошарсыз кеткен жеке тұлға;
Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 192-1, 216, 217-баптары бойынша өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар жеке тұлға;
іздеу салынған жеке тұлға болып табылса;
5) заңды тұлғаның басшысы немесе дара кәсіпкер:
әрекетсіз дара кәсіпкер;
әрекетсіз заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы;
іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекеті шектеулі және (немесе) хабар-ошарсыз кеткен жеке тұлға;
Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192, 192-1, 216, 217-баптары бойынша өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар жеке тұлға;

іздеу салынған жеке тұлға болып табылса салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне ерікті түрде қоюдан бас тартады.»;

153) 571-бапта:

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) салық төлеуші осы Кодекстің 558-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген талаптарды орындамаған;»;

5-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«осы баптың 4-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген жағдай анықталған күннен бастап;»;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«осы Кодекстің 558-бабы 6-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен күннен бастап;»;

7-тармақта:

1) тармақшада «37-43» деген сандар «37, 41» деген сандармен ауыстырылсын;

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) заңды тұлғалар бірігу, қосылу жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайларда - осы Кодекстің 39-бабында көрсетілген салықтық өтінішті табыс ету күнінен бастап;

3) заңды тұлға бөліну жолымен қайта ұйымдастырылған жағдайда - осы Кодекстің 40-бабында көрсетілген салықтық өтінішті табыс ету күнінен бастап жүргізіледі.»;

154) 574-бапта:

1-тармақта:

4) тармақшада «көтерме» деген сөзден кейін «және (немесе) бөлшек» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) осы Кодекстің 279-бабы 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, жинауды (жинақтауды) жүзеге асыратын салық төлеушілер жатады.»;

5-тармақта:

1) тармақшада «станцияларын» деген сөзден кейін «, алкоголь өнімін көтерме саудада өткізу кезінде қойма (қосалқы, инженерлік-техникалық) үй-жайларды» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы баптың 1-тармағы 1), 3), 4), 5) (темекі өнімдерін көтерме сатуды қоспағанда ), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген қызметті жүзеге асырған кезде - осы баптың 1-тармағы 1), 3), 4), 5) (темекі өнімдерін көтерме сатуды қоспағанда), 6), 7) тармақшаларында қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиялар.»;

155) 576-баптың 3-тармағында:

2) тармақшада «2) тармақшасында» деген сөздер «2) және 4) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:
«2-1) осы Кодекстің 574-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші лицензияда көрсетілген мекен-жай бойынша болмаған.»;
156) 581-бапта:
3) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:
«Осы тармақшаның ережесі осы Кодекстің 55-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар төлеген кезде қолданылмайды;»;
7) тармақшада:
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«төлемдер төлем карточкасы пайдаланыла отырып, жүргізілген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің банк шотынан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар жасалған күні аударуға;»;
мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:
«төлемдер төлем карточкасы пайдаланыла отырып, жүргізілген жағдайларда салық төлеушінің банк шотынан ақшаны есептен шығарған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей аударуға;»;
157) 586-бабы мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:
«1-1. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген деректер осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген деректермен салыстырылған жағдайда камералды бақылау осы Кодексте белгіленген салық есептілігін табыс ету кезеңі өткеннен кейін тиісті салық кезеңі үшін жүргізіледі.»;
158) 587-бапта:
2-тармақта:
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Камералды бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы болып салық төлеушінің (салық агентінің) анықталған бұзушылықтар жататын салық кезеңі үшін салық есептілігін немесе осы бапта белгіленген талаптарға сәйкес ол бойынша түсініктеме табыс етуі танылады.»;
үшінші бөлігінің бірінші сөйлемінде «салық төлеуші» деген сөздерден кейін «(салық агенті)» деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:
«2-1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген түсініктеме мыналарды қамтуы тиіс:
1) түсініктемеге салық төлеушінің (салық агентінің) қол қойған күні;
2) түсініктемені табыс еткен тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) не толық атауы, оның тұрғылықты (орналасқан) жері;
3) салық төлеушінің (салық агентінің) сәйкестендіру нөмірі;
4) камералды бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою

туралы хабарламаны жіберген салық органының атауы;
5) түсініктемені тапсырған тұлғаның хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеуіне негіз болып табылатын жағдаяттар;
6) қоса берілген құжаттардың тізбесі қамтылуы тиіс.
Егер түсініктемені тапсырған тұлғаның хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеуіне негіз ретінде растайтын құжаттар көрсетілген жағдайда онда салық есептілігінен басқа мұндай құжаттардың көшірмелері түсініктемеге қоса беріледі.»;
159) 595-бапта:
1-тармақта:
1) және 3) тармақшаларындағы «уәкілетті мемлекеттік органның» деген сөздер «Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінің» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:
«2-1) резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемелерінің бірі арқылы Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемелердің топтары бойынша жиынтық корпоративтік табыс салығын төлеу және ол бойынша декларация табыс ету тәртібіне көшуі кезінде - осы Кодекстің 200-бабы 1-тармағында көзделген хабарлама негізінде;»;
4-тармақтағы «уәкілетті мемлекеттік органның» деген сөздер «Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінің» деген сөздермен ауыстырылсын;
160) 598-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Берешегі жоқ екендігі туралы анықтама, берешегі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама:
1) қағаз тасығышта берілген кезде - анықтаманы жасаған салық органы басшысының, оны ауыстыратын адамның немесе басшы орынбасарының қолымен және салық органының мөрімен;
2) электронды түрде берілген кезде - уәкілетті органның электрондық сандық қолтаңбасымен куәландырылады.»;
161) 599-баптың 1-тармағындағы «төлемдерді» деген сөздер «, кеден төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;
162) 600-бап «есепке жатқызылатын» деген сөздердің алдынан «Осы Кодекстің 273 және 274-баптарына сәйкес бюджеттен қайтарылуы тиіс» деген сөздермен толықтырылсын;
163) 601-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы «төлемдерді» деген сөзден кейін «, кеден төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;
164) 602-бапта:
1-тармағы «төлемдерді» деген сөзден кейін «, кеден төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;
4-тармақта «599 және 600-баптарында» деген сөздер «599-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын;
165) мынадай мазмұндағы 602-1-баппен толықтырылсын:

«602-1-бап. Кеден органдары алатын кеден төлемдерінің, салықтар мен өсімпұлдардың бюджетке артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару

1. Кедендік заңнамаға сәйкес кеден органдары алатын кеден төлемдерінің, салықтар мен өсімпұлдардың бюджетке артық төленген сомалары олардың төлеу орны бойынша салық органдарының есепке жатқызуына және (немесе) қайтаруына жатады.

Кеден органдары алатын кеден төлемдерін, салықтар мен өсімпұлдарды есепке жатқызу және (немесе) қайтару кеден төлемдерінің, салықтар мен өсімпұлдардың бюджетке артық төленген сомаларының бар екендігін растайтын кеден органы берген құжатпен қоса, салық төлеуші табыс ететін салықтарды, басқа да міндетті төлемдерді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке жатқызуға және (немесе) қайтаруға салықтық өтініш (бұдан әрі осы баптың мақсаты үшін - салықтық өтініш) негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте салықтық өтінішті салық төлеуші кеден төлемдерінің, салықтар мен өсімпұлдардың бюджетке артық төленген сомаларының бар екендігін растайтын құжатты кеден органы берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырады.

2. Кеден органдары алатын кеден төлемдерінің, салықтар мен өсімпұлдардың бюджетке артық төленген сомаларын есепке жатқызу салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша есепке жатқызу жүргізу үшін осы Кодекстің 599-бабында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде жүргізіледі.

3. Кеден органдары алатын кеден төлемдерінің, салықтар мен өсімпұлдардың бюджетке артық төленген сомаларын қайтару осы баптың 2-тармағында көзделген есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін осы Кодекстің 602-бабында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде жүргізіледі.»;

166) 603-баптың 1-тармағындағы «599» деген сан «600» деген санмен ауыстырылсын;

167) 605-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы «төлемдерді» деген сөзден кейін «, кеден төлемдерін» деген сөздермен толықтырылсын;

168) 608-бабында:

1-тармағының бірінші бөлімінде «Хабарлама» деген сөз «Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, хабарлама» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын;

«1-1. Егер осы баптың 1-2-тармағында өзгеше белгіленбесе, салық қызметі органы хабарламасы бар тапсырыс хатпен почта арқылы салық төлеушіге (салық агентіне) жіберген осы Кодекстің 607-бабы 2-тармағының 2), 3) тармақшаларында көзделген хабарламаларды почта немесе өзге байланыс ұйымы қайтарған жағдайда, осы Кодексте белгіленген негіздер бойынша және тәртіпте куәгерлер тартыла отырып, салықтық зерттеу жүргізу күні осындай хабарламалардың табыс ету күні болып табылады.

1-2. Осы Кодекстің 637-бабы 2-тармағына сәйкес салықтық зерттеу актісінің негізінде салық тексеруі аяқталған және салық қызметі органы хабарламасы бар

тапсырыс хатпен почта арқылы салық төлеушіге (салық агентіне) жіберген осы Кодекстің 607-бабы 2-тармағының 2), 3) тармақшаларында көзделген хабарламаларды почта немесе өзге байланыс ұйымы қайтарған жағдайда мұндай хабарламаларды табыс ету күні мына күндердің бірі болып табылады:

салық төлеушіде (салық агентінде) банктік шоты болмаған кезде - осындай хатты почта немесе өзге байланыс ұйымы қайтарған күн;

салық төлеушіде (салық агентінде) банктік шоты болған кезде - осындай хатты почта немесе өзге байланыс ұйымы қайтарған күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң басталатын күн, егер салық төлеушіге (салық агентіне) осы мерзім ішінде қол қоюға хабарлама табыс етілмесе.»;

169) 609-бапта:

1-тармағының 1) тармақшасы «оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдер» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Егер салық міндеттемелерін орындау осы Кодекстің 308-1-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес операторға жүктелсе, онда мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз етудің:

1) осы баптың 1-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген тәсілдері операторға қатысты қолданылады;

2) осы баптың 1-тармағы 2) - 4) тармақшаларында көрсетілген тәсілдері бір мезгілде операторға және жай серіктестіктің (консорциумның) әрбір қатысушысына қатысты қолданылады.»;

170) 610-бабында:

1 және 3-тармақтары «міндетті төлемдер» деген сөздерден кейін «, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдер» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармағы «төлемдердің» деген сөздерден кейін «, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдердің» деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақтың бірінші абзацы «төлемдер» деген сөздерден кейін «, оның ішінде олар бойынша аванстық және (немесе) ағымдағы төлемдер» деген сөздермен толықтырылсын;

171) 611-бапта:

1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) салық төлеуші осы Кодекстің 558-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген талапты орындамаған жағдайда - осы Кодекстің 558-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы Кодекстің 55-бабында көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кеден төлемдерін төлеу бойынша операциялардан;»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Салық органы мұндай өкімді банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз тасығышта немесе байланыс және телекоммуникация арналары арқылы электронды түрде жібереді. Салық төлеушінің (салық агентінің) банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімі электронды түрде жіберілген кезде мұндай өкім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп уәкілетті орган белгілеген пішіндерге сәйкес қалыптастырылады.»;

172) 613-бап мынадай редакцияда жазылсын:

613-бап. Салық төлеушінің (салық агентінің) мүлікке билік етуін шектеу

1. Салық органы осы Кодекстің 609-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген салық төлеушінің (салық агентінің) мүлікке билік етуін шектеуді:

1) салық берешегін өтеу туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық берешегі өтелмеген;

2) мониторингке жататын ірі салық төлеушіні қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған жоғары тұрған салық қызметі органының шешіміне шағым жасаған жағдайларда жүргізеді. Бұл ретте осы тармақшада көрсетілген жағдайда салық органы шектеуді осы Кодекстің 607-бабының 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген салық берешегін өтеу туралы хабарлама жібермей-ақ, жүргізеді.

2. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салық төлеушінің (салық агентінің) мүлікке билік етуін шектеуді салық органы:

осы баптың 1-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда - осы салық төлеушінің (салық агентінің) меншік құқығындағы немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы, сондай-ақ балансында тұрған;

осы баптың 1-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда - халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес негізгі құралы, жылжымайтын мүлікке инвестиция және (немесе) биологиялық актив болып табылатын мүлкіне қатысты жүргізеді.

Мыналар билік етуге шектеуге жатпайды:

тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;

электр, жылу және өзге де энергия түрлері;

сақтау және (немесе) жарамдылық мерзімі бір жылдан аспайтын азық-түлік өнімі немесе шикізат.

3. Салық төлеушінің (салық агентінің) мүлкіне билік етуді шектеу туралы шешім

уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жасалады және оны салық органы:
1) осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда - мұндай шешім шығарылған күнгі салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында бар деректер бойынша салық берешегі сомасында;
2) осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда - осы Кодекстің 93, 94-тарауларында белгіленген тәртіпте шағымданушы салық төлеушінің ( салық агентінің) салықтарының, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері мен өсімпұлдарының сомасында қабылдайды.
Мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді және осындай шешімнің негізінде жасалған мүлік тізімдемесі актісін салық органында тіркеу бір нөмірде жүргізіледі.
3-1. Мүлікке билік етуді шектеу туралы шешім салық төлеушіге (салық агентіне) жеке қол қойдырылып немесе хабарламасы бар тапсырыс хатпен почта арқылы табыс етілуі тиіс. Мұндай шешім салық төлеушіге табыс етілді деп:
1) қол қоюға жеке табыс етілген кезде - салық төлеуші шешімге қол қойған күн;
2) хабарламасы бар тапсырыс хатпен почта арқылы жіберілген кезде - почта немесе өзге байланыс ұйымының хабарламасына салық төлеуші (салық агенті) белгі қойған күн;
3) осындай шешімді алғанын растайтын қол қоюдан бас тартуы немесе орналасқан орны бойынша болмауы себепті табыс ету мүмкін болмаған кезде - осы Кодекстің 558-бабында белгіленген тәртіпте жүргізілген салықтық зерттеу күні есептеледі.
3-2. Егер мүлікке билік етуді шектеу туралы шешім оған құқық немесе ол бойынша мәміле мемлекеттік тіркеуге жататын мүлікке не мемлекеттік тіркеуге жататын мүлікке қатысты қабылданған жағдайда салық органы мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді салық төлеушіге (салық агентіне) табыс еткен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей осындай шешімнің көшірмесін осы тармақта көрсетілген мүлікке құқықтардың ауыртпалығын тіркеу үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жібереді.
4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген шешімнің салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етілген күнінен бастап он жұмыс күні өткеннен кейін салық органы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша мүлік тізімдемесінің актісін жасау арқылы салық төлеушінің (салық агентінің) қатысуымен билік етуі шектелген мүлікке тізімдеме жүргізеді.
Билік етуі шектелген мүлік тізімдемесі мүлік тізімдемесі актісінде салық төлеушінің (салық агентінің) бухгалтерлік есепке алу деректерінің негізінде айқындалатын баланстық құны немесе нарықтық құны көрсетіле отырып жүргізіледі. Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамалық актісіне сәйкес жүргізілетін есепте белгіленген құн нарықтық құн болып табылады.
4-1. Салық төлеуші (салық агенті) билік етуі шектелген мүлік тізімдемесінің актісін жасау кезінде салық органының лауазымды тұлғаларына танысу үшін осындай мүлкіне меншік және (немесе) шаруашылық ету құқығын, балансын растайтын құжаттардың

түпнұсқасын немесе нотариалдық куәландырылған көшірмелерін беруге міндетті. Осы тармақта көрсетілген құжаттың көшірмелері тізімдеме актісіне қоса беріледі.

Салық төлеуші (салық агенті) осы тармақта көрсетілген құжаттарды бермеген жағдайда осы баптың 3-тармағында көрсетілген шешімді шығарған салық органы уәкілетті мемлекеттік органдарға осындай салық төлеушінің (салық агентінің) меншік және (немесе) шаруашылық ету құқығында осы баптың 3-2-тармағында көрсетілген мүліктің бар немесе жоқ екендігін растау туралы сұрау салу жібереді. Осы тармақта көрсетілген сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органдардың жауаптарының көшірмелері тізімдеме актісіне қоса беріледі.

Билік етуі шектелген мүлік тізімдемесінің актісі екі данада жасалады және оған оны жасаған тұлға, сондай-ақ салық төлеуші (салық агенті) және (немесе) оның лауазымды тұлғасы қол қояды. Бұл ретте осындай актінің бір данасы осы баптың 3-1-тармағында белгіленген тәртіпте салық төлеушіге (салық агентіне) табыс етіледі.

5. Салық төлеуші (салық агенті) иелік етуі шектелген мүліктің шектеу алып тасталғанға дейін сақталуын, оған тиісті күтім жасалуын қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болады. Бұл ретте салық төлеуші ( салық агенті) аталған мүлікке қатысты заңсыз әрекеттері үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Осы талаптарды сақтамаған жағдайда салық төлеуші (салық агенті) иелік етуі шектелген мүлікті аукционға дайындау бойынша нақты шеккен шығындарды аукцион ұйымдастырушысына өтеуге міндетті.

6. Салық берешегі өтелмеген және екі аукцион өткізілгеннен кейін билік етуі шектелген мүлік сатылмаған жағдайда салық органы жаңа мүлік тізімдемесінің актісі жасалған күнгі салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотындағы салық берешегінің сомасы туралы деректерді ескере отырып, жаңа мүлік тізімдемесінің актісін жасау жолымен салық төлеушінің (салық агентінің) басқа мүлкіне тізімдеме жүргізуге құқылы.

7. Салық органы мүлікке билік етуді шектеу туралы шешім мен уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша осындай шешімнің негізінде жасалған мүлік тізімдемесі актісінің мынадай жағдайларда күшін жояды:

1) салық төлеуші (салық агенті) салық берешегі сомаларын өтеген - осындай берешекті өтеген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қараған салық қызметі органы шешім шығарған немесе салық тексеруі нәтижелері туралы хабарламаның және ( немесе) хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған жоғары тұрған салық қызметі органының шешімінің шағымдалған бөлігінің күшін жоятын сот актісі заңды күшіне енген жағдайда - осындай шешім шыққан немесе осындай сот актісі күшіне енген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) салық төлеушінің (салық агентінің) салық тексеруі нәтижелері туралы

хабарламаға және (немесе) хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған жоғары тұрған салық қызметі органының шешіміне өз шағымдарын қайтарып алған жағдайда - осындай шағым қайтарылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей күшін жояды.

8. Салық органы осы баптың 3-2-тармағында көзделген жағдайларда мүлікке билік етуді шектеу туралы шешім мен мүлік тізімдемесінің актісінің күшін жою туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде осындай күшін жою туралы шешімнің көшірмесін мүлікке құқықтардың ауыртпалығын тоқтату үшін уәкілетті органдарға жібереді.»;

173) 614-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Салық міндеттемелерін орындау осы Кодекстің 308-1-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес операторға жүктелген жағдайда, жай серіктестік (консорциум) құрамында өнім бөлу туралы келісім бойынша қызметін жүзеге асыратын салық төлеушінің салық берешегін өндіріп алу кезінде осы тарауда көзделген мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары салық төлеушіге және (немесе) операторға қатысты қолданылады. Өндіріп алудың соңғы мөлшері салық берешегін өтеу туралы хабарламада көрсетілген сомадан аспауға тиіс.»;

174) 615-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Салық органы мұндай өкімді банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз тасығышта немесе байланыс және телекоммуникация арналары арқылы электронды түрде жібереді. Инкассалық өкім электронды түрде жіберілген кезде мұндай өкім Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп уәкілетті орган белгілеген пішіндерге сәйкес қалыптастырылады.»;

175) 625-бапта 4-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«1-1) қайтаруға жататын қосылған құн салығына салықты көтеру сомасын растау;»

176) 627-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

текcерілетін салық төлеушінің (салық агентінің) кәсіпкерлік қызметімен байланысты мәселелер бойынша тексерілетін салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтер алу үшін тексерілетін салық төлеушінің (салық агентінің) қызметіне қатысты құжаттары, ақпараттары бар адамдарды, оның ішінде осындай қызмет бойынша жиынтық салық есебін жүргізуге жауапты қарапайым серіктестік (консорциум) қатысушыларының уәкілетті өкілін;»;

2-тармақта:

екінші бөлігіндегі алтыншы абзацта «лицензияның болуы» деген сөздер «акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, лицензияның болуы» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

2) тармақшада:
бірінші бөлігінде:
мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:
Кеден одағының мүше мемлекеттері аумағынан Қазақстан Республикасы аумағына импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығына және (немесе) акцизге салынатын салық міндеттемесінің орындалуы.»;
жиырмасыншы абзацта «лицензияның болуы» деген сөздер «акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, лицензияның болуы» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы жиырма бірінші абзацпен толықтырылсын:
«Кеден одағының мүше мемлекеттері аумағынан Қазақстан Республикасы аумағына импортталатын тауарлар бойынша қосылған құн салығына және (немесе) акцизге салынатын салық міндеттемесінің орындалуы.»;
екінші бөлігіндегі төртінші абзацта «лицензияның болуы» деген сөздер «акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, лицензияның болуы» деген сөздермен ауыстырылсын;
3) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Тараптардың бірі Қазақстан Республикасы болып табылатын, салық немесе құқық қорғау органдары арасындағы өзара ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға ( келісімдерге), сондай-ақ Қазақстан Республикасы халықаралық ұйымдармен жасасқан шарттарға сәйкес басқа мемлекеттердің салық немесе құқық қорғау органдарының, халықаралық ұйымдардың сауал салуы бойынша жүргізілетін тексеру де қарсы тексеру деп танылады;
камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған қосылған құнға салынатын салық бойынша салықтық міндеттемелер жөнінде және осындай операциялармен байланысты бұзушылықтарды жоймаған, не осындай бұзушылықтардың жоқтығын растай алмайтын түсіндірме ұсынған салық төлеушімен (салық агентімен) операцияларды жүзеге асыратын адамдарға қатысты.»;
9-тармақта:
бірінші бөліктегі 2) тармақша мынадай мазмұндағы жиырма екінші - жиырма сегізінші абзацтармен толықтырылсын:
«Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын тауарлар бойынша қосылған құнға салынатын салық және (немесе) акциз бойынша салықтық міндеттемелерді орындау мәселелері бойынша ;
салық органдарында тіркеу есебіне қою мәселелері бойынша;
бақылау-кассалық машинаның болуы;
акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, этил спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бапта

көрсетілген тіркеу карточкасының болуы;
бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібін сақтау;
лицензиялау ережелерін және акцизделетін тауарлардың жеке түрлерін ендіру, сақтау және іске асыру ережелерін сақтау;
касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органы шығарған өкімді орындау;»;
екінші бөлікте «осы баптың 9-тармағының» деген сөздер «осы тармақтың» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:
«Осы ретте бұрын тексерілген кезеңге жоспардан тыс тексерулер салық төлеушінің (салық агентінің) немесе Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен көзделген негіздемелер бойынша жүргізілетін салық тексерулерін қоспағанда бюджетке салық түсімдері мен басқа да міндетті төлемдерді қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның шешімі негізінде жүргізіледі.»;
177) 629-бапта:
4-тармақта:
бірінші бөлікте «мәліметтерді және» деген сөздерден кейін «(немесе)» деген сөзбен толықтырылсын;
екінші бөлікте «жөнелтілген» деген сөз «жіберілген» деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:
«Бұл ретте салықтық тексеруді жүзеге асыратын салықтық қызмет органы (салық агенті) салық төлеушіге жеке қолын қойғызып тапсыруға немесе оған құқықтық статистика органының хабарламасымен тоқтата тұру немесе қайта бастау күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей салықтық тексеруді тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы ескертпе берілген хабарламаны тапсырыс хатпен почта арқылы жіберуге міндетті.»;
5-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
«6) салық төлеушіге (салық агентіне) осы кодекстің 640-бабына сәйкес салықтық тексерулер жүргізу барысында құжаттарды (мәліметтерді) ұсыну туралы салық қызметі органының талаптарын қойған жағдайда.»;
екінші бөлікте «5» деген сан «6» деген санмен ауыстырылсын;
178) 632-бапта:
1-тармақтың 8) тармақшасында «салық» деген сөз алып тасталсын;
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Тақырыптық тексерулерді тағайындау туралы нұсқамада мыналар:
1) аумақтың тексерілетін учаскесі, тексеру барысында анықтауға жататын мәселелер, мәселелер бойынша тақырыптық тексерулерді тағайындау кезінде көрсетілген тармақтың 3),4), 7) және 8) тармақшаларымен көзделген жағдайларды

қоспағанда осы баптың 1-тармағымен көзделген мәліметтер:
салық органдарында тіркеу есебіне қою;
бақылау-кассалық машинаның болуы;
акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, этил спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бапта көрсетілген тіркеу карточкасының болуы;
2) мынадай мәселелер бойынша тақырыптық тексерулерді тағайындау кезінде көрсетілген тармақтың 8) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда осы баптың 1-тармағымен көзделген мәліметтер:
бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібін сақтау;
лицензиялау ережелерін және акцизделетін тауарлардың жеке түрлерін өндіру, сақтау және іске асыру ережелерін сақтау;
касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органы шығарған өкімді орындау;
3) осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілмеген мәселелер бойынша тақырыптық тексеру тағайындалған кезде осы баптың 1-тармақта көзделген мәліметтер көрсетілуі тиіс.»;
3-тармақ мынадай мазмұндағы 13) - 19) тармақшалармен толықтырылсын:
«13) кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы және/немесе акциз бойынша салық міндеттемесін орындау;
14) салық органдарында тіркеу есебіне тұру;
15) бақылау-касса машиналарының болуы;
16) акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, этил спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бапта көрсетілген тіркеу карточкасының болуы;
17) бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібін сақтау мәселелері бойынша;
18) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіруді, сақтауды және өткізуді лицензиялау ережелерін және шарттарын сақтау мәселелері бойынша;
19) салық органы шығарған касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің орындалуы мәселелері көрсетіледі.»;
5-тармақта «салық» деген сөз алып тасталсын;
6-тармақтың төртінші абзацындағы «лицензияның болуы» деген сөздер «акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, лицензияның болуы» деген сөздермен ауыстырылсын;
179) 633-бапта:
1-тармақ «немесе салық төлеушінің (салық агентінің) нұсқамаға қол қоюдан бас тартуы туралы акті жасалған күн» деген сөздермен толықтырылсын;
3-тармақтың бірінші сөйлемінде және 4-тармақтың бірінші сөйлемінде «

лицензияның болуы» деген сөздер «акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, лицензияның болуы» деген сөздермен ауыстырылсын;

180) 635-бапта:

2-тармақта «салық» деген сөз алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші абзацта:

«Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден одағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«экспорт режимінде» деген сөздер «кедендік рәсімде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«кеден ісі мәселелері бойынша» деген сөздер «кедендік реттеу саласында» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта «Қазақстан Республикасының режимінде» деген сөздер «кеден одағының кеден рәсімінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының аумағынан кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумағына тауарлардың эксперты жағдайында осы Кодекске сәйкес қайтарылуы тиіс қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 276-11-бапта көрсетілген құжаттардың мәліметтері ескеріледі.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Кейіннен қайта өңдеу өнімдері басқа мемлекет аумағына әкетілетін, Қазақстан Республикасы аумағына басқа кедендік одаққа мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда осы Кодекске сәйкес қайтарылуы тиіс қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 276-13-бабында көрсетілген құжаттардың мәліметтері ескеріледі.

Кейіннен кедендік одаққа мүше емес мемлекеттің аумағына өткізілетін, Қазақстан Республикасы аумағына басқа кедендік одаққа мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда осы Кодекске сәйкес қайтарылуы тиіс қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде кеден істері мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша және тәртіпте табыс етілген экспорт режимінде Қазақстан Республикасының кеден аумағынан қайта өңдеу өнімдерін әкету фактісін растайтын кеден органының мәліметтер ескеріледі.

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан экспорт режимінде қайта өңдеу өнімдерін әкету фактісін растайтын мәліметтер үшін кеден органы жауаптылықта болады.»;

4-тармақта:

бірінші бөлігінде «төлеушінің» деген сөз «салық төлеушінің Қазақстан Республикасының аумағында екінші деңгейдегі банктердегі» деген сөздермен

ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының аумағынан кедендік одаққа мүше мемлекеттің аумағына Сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (бартерлік) операциялар бойынша тауарлар экспорты болған, заттар түріндегі қарыз беру жағдайында қайтарылуға тиіс қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде сыртқы сауда тауар айырбасы жөніндегі (бартерлік) шарттың (келісімшарттың), заттар түріндегі қарыз беру бойынша шарттың (келісімшарттың), сондай-ақ тауарларды әкелу және аталған операциялар бойынша экспортталған тауарларды сатып алушы қосылған құн салығын төлеушіге жеткізген тауарлар бойынша жанама салықтар төлеу туралы Өтініштің болуы есепке алынады.

Лизинг алушыға меншік құқығының көшуін көздейтін шарт (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан кедендік одаққа мүше мемлекеттің аумағына тауарларды әкету жағдайында лизинг төлемінің нақты түсуін растайтын (тауардың ( лизинг нысанының) бастапқы құнының өтелуі бөлігінде) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ашылған қосылған құн салығын төлеушінің Қазақстан Республикасының аумағында екінші деңгейдегі банктердегі банк шоттарына валюталық түсімнің түсуі есепке алынады.

Кейіннен кедендік одаққа мүше емес мемлекеттің аумағына әкетілетін, Қазақстан Республикасы аумағына басқа кедендік одаққа мүше мемлекеттің аумағынан әкелінген алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша жұмыстар орындалған жағдайда осы Кодекске сәйкес қайтарылуы тиіс қосылған құн салығының сомасын айқындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ашылған қосылған құн салығын төлеушінің Қазақстан Республикасының аумағында екінші деңгейдегі банктердегі банк шоттарына валюталық түсімнің түсуі жөніндегі мәліметтер ескеріледі.»;

181) 637-бапта:

1-тармақтың 9) тармақшасындағы «салық» деген сөз алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық тексеру актісі тапсырылған күн салықтық тексеру мерзімінің аяқталуы болып есептеледі.

Салық тексеруінің актісін алған кезде салық төлеуші (салық агенті) салық қызметі органдарының салық тексеруі актісінің данасына оны алғаны туралы қол қоюға міндетті.

Салық төлеушіге (салық агентіне) актіні табыс ету салық төлеушінің (салық агентінің) орналасқан орны бойынша болмауына байланысты мүмкін болмаған жағдайда осы Кодексте белгіленген тәртіпте куәгерлер тартыла отырып, салықтық зерттеп-тексеру жүргізіледі. Бұл ретте салықтық тексеру мерзімінің аяқталуы салықтық зерттеп-тексеру жүргізілген күн болып табылады.»;

182) 638-бапта:
1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Салықтық тексеру аяқталған соң салық қызметі органы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомаларын қоса есептеуге, міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау, аудару, әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерге, залалдарды азайтуға, резидент еместердің табысынан төлем көзінен ұсталған қосылған құн салығының және (немесе) корпоративтік (жеке) табыс салығының асып кету сомаларын қайтаруға расталмауына әкеп соқтыратын бұзушылықтарды анықтаған жағдайда салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама шығарады, ол осы Кодекстің 607-бабына сәйкес белгіленген мерзімде салық төлеушіге (салық агентіне) жіберіледі.»;
9-тармағының бірінші бөлігінде:
«қосымша тексеруден басқа, кезектен тыс құжаттық тексеру» деген сөздер «осы Кодекстің 627-бабы 5-тармағының 2) тармақшасының он төртінші, он бесінші абзацтарында көрсетілген тақырыптық тексерулерден басқа, жоспардан тыс құжаттық тексеру» деген сөздермен ауыстырылсын;
«айыппұл санкциясы» деген сөздер «жазалар» деген сөзбен ауыстырылсын;
183) 642-бабының 4-тармақта «Қазақстан Республикасының кеден органдары» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ кедендік одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары» деген сөздермен ауыстырылсын;
184) 653-бапта:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«653-бап. Қазақстан Республикасында өндірілген немесе оған импортталатын акцизделетін тауарларды бақылау»;
1-тармақтағы «таңбалау» деген сөзден кейін «, Қазақстан Республикасының аумағына акцизделетін тауарларды өткізу» деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 1-1-тармағымен толықтырылсын;
«1-1. Кедендік одақ шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) акцизделетін тауарларды әкелу (әкету) Қазақстан Республикасының шекарасында уәкілетті орган белгілейтін тәртіпте тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады.»;
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Шарап материалдары мен сыраны қоспағанда, осы Кодекстің 279-бабы 2) - 4) тармақшаларында көрсетілген акцизделетін тауарлар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте есепке алу-бақылау таңбаларымен, темекі бұйымдары акциздік таңбалармен таңбалануға жатады.»;
4-тармақта:
3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) кеден одағының кеден аумағына «тауарларды және көлік құралдарын уақытша әкелу» және «тауарларды және көлік құралдарын уақытша әкету» кедендік рәсімдерде әкелінетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан жекелеген даналары жарнама және (немесе) көрсету мақсатында уақытша әкелінетін;»;

4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) «тауарлар транзиті» кедендік рәсімінде кеден одағының кеден аумағы арқылы өткізілетін, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы кеден одағына мүше мемлекеттерден транзитпен өткізілетін;»;

5) тармақшасында «кеден» деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1 тармақпен толықтырылсын;

«4-1. Осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, есепке алу-бақылау таңбаларымен немесе акциздік таңбалармен таңбалануы тиіс акцизделетін өнімдерді тиісті таңбалаусыз Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өткізуге тыйым салынады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы бапқа сәйкес:

1) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін таңбалау қайта таңбалау) ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;

2) акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау және беру ережелерін уәкілетті орган бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өткізу пункттері арқылы акцизделетін тауарларды өткізу ережесін уәкілетті орган бекітеді;

4) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу, тапсырыс беру, алу, беру, есепке алу, сақтау және табыс ету ережесін уәкілетті орган бекітеді;

5) акциздік қосындардың қызметін ұйымдастыру тәртібін уәкілетті орган бекітеді.»;

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын; «Жекелеген жағдайларда акциздік қосындар алкоголь өнімін көтерме саудада сатуды жүзеге асыратын салық төлеушінің аумағында орнатылады.»;

8-тармақ алып тасталсын;

10-тармақта:

2) тармақшасындағы «салық төлеушіде» деген сөз «сатып алушыда» деген сөзбен ауыстырылсын;,

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын;

«2-1) импортталған акцизделетін тауарлардың есепке қабылдануына;»;

3) тармақшасында:

«бөлінуіне» деген сөзден кейін «және (немесе) босатылуына» деген сөздермен толықтырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінінде өзгеріссіз қалдырылсын;
мынадай мазмұнда 4-1) тармақшамен толықтырылсын;
«4-1) салық төлеушінің акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлері босатылған кезде оларға ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу ережелерін сақтауына;»;
11-тармақтың 3) тармақшасында:
«аумағынан» деген сөзден кейін «(аумағына)» деген сөзбен толықтырылсын;
«шығып бара жатқан» деген сөздерден кейін «(кіріп бара жатқан)» деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:
«13. Есепке алу-бақылау таңбаларымен немесе акциздік таңбалармен таңбалануы тиіс акцизделетін тауарлардың Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы, оның ішінде кедендік одақ шеңберінде өткізілуіне бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіпте салық және кеден органдары жүзеге асырады.».
5. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне (2009 жылғы 18 қыркүйекте « Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):
1) бүкіл мәтін бойынша «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы» деген сөздердің алдынан «кеден одағының кеден шекарасымен тұс келетін» деген сөздермен толықтырылсын;
2) 6-баптың 16) тармақшасында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында» деген сөздердің алдынан «кеден одағының кеден шекарасымен тұс келетін» деген сөздермен толықтырылсын;
3) 62-баптың 2-тармақта «санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының» деген сөздерден кейін «, кеден органдарының» деген сөздермен толықтырылсын;
4) 80-бапта:
7-тармақта «әкелу кезінде» деген сөздерден кейін «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасымен түс келетін кеден одағының кеден шекарасы арқылы» деген сөздермен толықтырылсын;
8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«8. Қазақстан Республикасының орталық кеден органы уәкілетті органға дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың Қазақстан Республикасының аумағына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасымен түс келетін кедендік одақтың кеден шекарасы арқылы әкелінгені және Қазақстан Республикасының аумағынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасымен тұс келетін кеден одағының кеден шекарасы арқылы әкетілгені туралы мәліметтерді табыс етеді.»;
5) 149-бапта:
1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Автомобиль өткізу пункттерін қоспағанда, кеден одақтың кеден шекарасымен тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде халық денсаулығына қауіп төндіретін жолаушыларға, экипаждарға, поезд бригадаларына, көлік құралдарына, жүктерге санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін санитариялық-карантиндік пункттер ұйымдастырылады.»;

2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде санитариялық-карантиндік бақылауды Қазақстан Республикасының кеден органдары жүргізеді.».

6. «Мұнай туралы» 1995 жылғы 28 маусымдағы № 2350 Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж. № 11, 76-құжат):

51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«51-бап. Кеден рәсімі

Кеден рәсімі Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.».

7. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 ж. 31 тамыздағы Заңы (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж. № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы 1996 ж. № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (2010 ж. 9 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

1) 50-бапта:

6-1-тармақта:

бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«өз уәкілеттігін орындау кезеңінде мемлекеттік лауазымдағы адамға және осы кезеңде оның жұбайына (зайыбына) қатысты;»;

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Осы тармақта және осы баптың 6-тармағының д) тармақшасында көзделген мәліметтер қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша салық қызметі органының сауал салуы негізінде беріледі.»;
7-1-тармақта «Осы баптың» деген сөздер «Егер осы баптың 6-1-тармақта өзгеше белгіленбесе, осы баптың» деген сөздермен ауыстырылсын;
2) 51-бапта:
екінші бөлігіндегі «, салық және (немесе) кеден органдарының бірінші басшысы қол қойып, мөрімен куәландырылған» деген сөздер алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:
«Бұл ретте банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын банктерге немесе ұйымдарға қағаз тасығышта немесе телекоммуникация және электронды жиілік байланыс құралы арқылы салық және (немесе) кеден органдарының өкімі жіберілуі мүмкін.
Қағаз тасығышта жіберілетін өкімге салық және (немесе) кеден органдарының бірінші басшысы қол қойып және мөрімен куәландыруы тиіс.
Электронды түрде жіберілетін өкім Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесіп уәкілетті органмен белгіленген нысанға тиіс қалыптастырылады.».
8. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 437-құжат; 1999 ж, № 8, 237-құжат; № 23, 925-құжат; 2001 ж, № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат, № 11, 39-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 69-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 28, 30-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114, 123-құжаттар; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 111-құжат; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (2009 ж. 8 қыркүйекте «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):
22-бапта:
4-1-тармағы:

1) тармақшасындағы «төлейтін» деген сөз «төленген» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша оны филиалдары, өкілдіктері агенттер ретінде қаралуы мүмкін.».

8. «Халықтың көші-қоны туралы» 1997 ж. 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 341-құжат; 2001 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 285-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 6, 76-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 3, 23-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 117-құжат);

29-4-бабының 1) тармақшасындағы «кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздер «орталық кеден органы» деген сөздермен ауыстырылсын:

9. «Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы» 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 446-құжат; 1999 ж., № 21, 763-құжат; 2005 ж., № 11, 40-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат):

1) 1-бапта:

1), 3) тармақшаларындағы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы» деген сөздер «Кедендік одақ комиссиясының шешімі» деген сөздермен ауыстырылсын:

10-тармақтың 4-тармақта «ресімдеуге» деген сөз «декларациялауға» деген сөзбен ауыстырылсын:

17-бапта:

3-1-тармақта «Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті органның қорғау шараларын қабылдау қажеттігі туралы қорытындысы негізінде түпкілікті шешім» деген сөздер «түпкілікті шешім» деген сөздермен ауыстырылсын:

4) 23-бабының 1-тармақта «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғау баждарын енгізу туралы қаулысының» деген сөздер «Кедендік одақ комиссиясының қорғау баждарын енгізу туралы шешімінің» деген сөздермен ауыстырылсын:

10. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат, № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (2010 ж. 16 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

бүкіл мәтіні бойынша «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы» деген сөздердің алдынан «кедендік одақтың кеден шекарасымен тұс келетін» деген сөздермен толықтырылсын.

11. «Демпингке қарсы шаралар туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 654-құжат; 2006 ж., № 1, 3-құжат; № 3, 22-құжат):

1) 30-бабының 4-тармақта «Қазақстан Республикасының орталық кеден органы белгілеген» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген» деген сөздермен ауыстырылсын:

2) тақырыбындағы және 42-баптағы «ресімдеу» және «ресімдеудегі» деген сөздер тиісінше «декларациялау» және «декларациялаудағы» деген сөздермен ауыстырылсын.

12. «Субсидиялар және өтем шаралары туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 732-құжат; 2006 ж., № 1, 3-құжат):

тақырыбындағы және 39-баптағы «ресімдеу» және «ресімдеуін» деген сөздер тиісінше «декларациялау» және «декларациялауын» деген сөздермен ауыстырылсын.

13. «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 720-құжат; 2004 ж., № 5, 27-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж, № 17, 82-құжат):

1) 1-бапта 17) тармақшада «айналымын» деген сөзден кейін «(экспорттан басқа)» деген сөздер қосылсын;

мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

«22) ілеспе жүкқұжат - уәкілетті орган белгілеген тәртіпте этил спиртінің және ( немесе) алкоголь өнімінің қозғалысын бақылауға арналған құжат.»;

2) 4-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Уәкілетті органның құзыреті»;

2-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) этил спирті мен алкоголь өнімін өткізу және тасымалдау кезінде оларға ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу, тапсырыс беру, алу, беру, есепке алу, сақтау және табыс ету тәртібін бекітеді.»;

3) 9-бапта:

2-тармақта:

бірінші абзацында «спирті мен» деген сөзден «спиртінің және (немесе)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) алкоголь өнімін (шарап материалы мен сырадан басқасын) есепке алу-бақылау таңбаларынсыз не сәйкестендіруге келмейтін есепке алу-бақылау таңбаларымен өткізуге және одан әрі өткізу мақсатында сақтауға және өткізуге (экспорттан басқа);»;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) этил спирті мен алкоголь өніміне арналған ілеспе жүкқұжатынсыз этил спиртін немесе алкоголь өнімін өткізуге тыйым салынады.

Этил спирті мен алкоголь өнімін өткізу және тасымалдау кезінде оларға ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу, тапсырыс беру, алу, беру, есепке алу, сақтау және табыс ету тәртібін уәкілетті орган бекітеді.»;

4) 10-бапта:

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарынан этил спиртінің немесе шарап материалының импорты этил спиртінің немесе өндіруге этил спирті немесе шарап материалы пайдаланылатын алкоголь өнімін өндіруге лицензиясы болған кезде алкоголь өнімінің импортына берілетін лицензия бойынша жүзеге асырылады.

Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарынан алкоголь өнімінің (шарап материалынан баска) импорты алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада өткізуге лицензия болған кезде алкоголь өнімінің импортына берілетін лицензия бойынша жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан этил спиртінің және (немесе) шарап материалының импорты жасап шығаруға этил спирті немесе шарап материалы пайдаланылатын алкоголь өнімін өндіруге арналған лицензия болған кезде жүзеге асырылады.

Кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан алкоголь өнімінің (шарап материалынан басқа) импорты алкоголь өнімін сақтауға және көтерме сатуға лицензиясы болған кезде жүзеге асырылады.»;

3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасының кеден органдары құрған бос қоймаларда этил спирті мен шарап материалын өндіруге және өңдеуге, сондай-ақ алкоголь өнімін өндіруге тыйым салынады.»;

5) мынадай мазмұндағы 12-1-баппен толықтырылсын:

«12-1-бабы. Этил спирті мен алкоголь өнімін тасымалдау шарттары.

1. Этил спирті мен алкоголь өнімін өткізу (босату) және тасымалдау кезінде уәкілетті орган белгілеген тәртіпте міндетті түрде ілеспе жүкқұжаттар ресімделеді.».

6) 15-бапта:

1-тармақта 1) тармақша «, алкоголь өнімін сақтау және көтерме сату»;

2-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен - алкоголь өнімін сақтау және көтерме сату.»;

Мынадай мазмұндағы 1-1-тармағымен толықтырылсын:

«1-1. кеден одағының мүше мемлекеттерінен этил спирті мен алкоголь өнімінің

импорты лицензиялауға жатпайды.»;
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша әрбір объект қызметіне беріледі.
Алкоголь өнімінің импорттауға лицензия осы Заңның 7-бабының 1-тармағында көрсетілген түрлері және олардың сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес атаулары бойынша беріледі.
Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берген күнінен бастап кешіктірілмей беріледі:
1) отыз жұмыс күнінен - этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі, алкоголь өнімін сақтау және көтерме сату;
2) он бес жұмыс күнінен - этил спирті мен алкоголь өнімін импорттауға;
3) он жұмыс күнінен - алкоголь өнімін сақтау және көтерме сатуға.»;
4-тармақта:
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Алкоголь өнімін (сырадан басқа) өндіруге лицензия этил спиртін сақтауға, жеке өндірістегі алкоголь өнімін сақтауға және көтерме сатуға құқық береді.»;
үшінші бөлікте «және бөлшек сауда» деген сөздер алынып тасталсын;
14. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 10, 241-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат):
2-бабының 2) тармақшасының екінші абзацындағы «кеден ісі саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын органға» деген сөздер «кеден органдарына» деген сөздермен ауыстырылсын.
15. «Қаржы лизингі туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 10, 247-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат):
2-тармақтағы «кеден тәртібі» деген сөздер «кеден рәсімі» деген сөздермен ауыстырылсын.
16. «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2009 жылғы 25 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және 2009 жылғы 23 желтоқсанда « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

12-3-бабының 4-тармақта «Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы» деген сөздер «кедендік одақтың кеден шекарасымен тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы» деген сөздермен ауыстырылсын.

17. «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 85-құжат):

20-бабының 1-тармағы 3) тармақшасында «ресімдеуді» деген сөз «декларациялауды» деген сөзбен ауыстырылсын.

18. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжат; 2010 жылғы 16 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

бүкіл мәтіні бойынша «Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы» деген сөздердің алдынан «кедендік одақтың кеден шекарасымен тұс келетін» деген сөздермен толықтырылсын.

19. «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 4-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат):

17-бабының 3-тармақта «кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға» деген сөздер «орталық кеден органына» деген сөздермен ауыстырылсын.

20. «Пошта туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 386-II Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 жыл, № 3, 17-құжат, № 15, 139-құжат) 1) мынадай мазмұндағы 1-баптың 9-1) тармақшасымен толықтырылсын:

«9-1) тармақша халықаралық пошта алмасу орны - почта операторының өндіріс объектісі, онда кіріс және шығыс халықаралық пошталық жөнелтілімдерді өңдеу жүзеге асырылады, сондай-ақ кеден органдары көрсетілген жөнелтілімдерді кедендік бақылау жүргізеді;»;

2) 8-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-тармақтың 20) тармақшасымен толықтырылсын:

«20) орталық кеден органымен келісім бойынша Ұлттық пошта операторының немесе пошта операторларының өтініштері бойынша - халықаралық пошта алмасу орнын бекітеді;»;

21. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9-10, 50-құжат):

15-бабы мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша оның филиалдары, өкілдіктері әлеуметтік аударымдарды төлеушілер ретінде қаралуы мүмкін.»;

22. «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2010 жылғы 16 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

6-бабының 2-тармағы 3) тармақшасында «Мемлекеттік шекара» деген сөздердің алдынан «кедендік одақтың кеден шекарасымен тұс келетін Қазақстан Республикасының» деген сөздермен толықтырылсын.

23. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2010 жылғы 9 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 16 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-бабының 3-тармақта «Мемлекеттік шекара» деген сөздердің алдынан «кедендік одақтың кеден шекарасымен тұс келетін Қазақстан Республикасының» деген сөздермен толықтырылсын.

2) 8-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-тармақтың 20) тармақшасымен толықтырылсын:

«20) орталық кеден органымен келісім бойынша Ұлттық пошта операторының немесе пошта операторларының өтініштері бойынша - халықаралық пошта алмасу орнын бекітеді;»;

21. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж.,

№ 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9-10, 50-құжат):

15-бабы мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша оның филиалдары, өкілдіктері әлеуметтік аударымдарды төлеушілер ретінде қаралуы мүмкін.»;

22. «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2010 жылғы 16 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған):

6-бабының 2-тармағы 3) тармақшасында «Мемлекеттік шекара» деген сөздердің алдынан «кедендік одақтың кеден шекарасымен тұс келетін Қазақстан Республикасының» деген сөздермен толықтырылсын.

23. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2010 жылғы 9 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 16 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-бабының 3-тармақта «Мемлекеттік шекара» деген сөздердің алдынан «кедендік одақтың кеден шекарасымен тұс келетін Қазақстан Республикасының» деген сөздермен толықтырылсын.

24. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 жылғы 16 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және « Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 11-бабының 3-тармақта «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы

арқылы» деген сөздердің алдынан тиісінше «кедендік одақтың кеден шекарасымен түс келетін» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 43-бабының 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«43-бап. Жолаушыларды және багажды автомобильмен халықаралық тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру

3. Қазақстан Республикасы мен кедендік одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттер арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары кедендік одақтың кеден шекарасымен түс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткізу пункттері арқылы ғана жүзеге асырылады.».

25. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544-II Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2009 жылғы 25 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және 2009 жылғы 23 желтоқсанда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-бабының 1-тармағы 2) тармақшасында «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасымен түс келетін кедендік одақтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-бабының 4) және 5) тармақшалары және 19-бабының 3-тармағы алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 31-1-бабымен толықтырылсын:

«31-1-бап. Сауда объектілерін, сауда объектілерінде, оның ішінде сауда рыноктарында сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін салық төлеуші заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге қойылатын талаптар

Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда рыноктарындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беру кезінде мыналарды:

1) жалға алушының атауын не тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда);

2) жалға алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күнін;

3) жалға алушының сәйкестендіру нөмірін;

4) жал (пайдалану) шартының нөмірі (болған жағдайда) мен жасасқан күні;

5) сауда орнының мақсатын, оның сауда объектісіндегі, оның ішінде сауда рыногындағы орналасқан орнын;

6) жал (пайдалану) мерзімін;

7) жалға алу төлемінің сомасын және (немесе) өтелетін шығыстардың сомасын;

8) жалға беруші мен жалға алушының қолдары мен мөрлерін қамтуы тиіс жазбаша

жал (пайдалану) шарттарын жасасуға.».

26. «Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы» 2005 жылғы 3 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 9, 25-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат):

1) 18-бабының 2-тармағы 2-3) тармақшасында «кеден ісі саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға» деген сөздер «орталық кеден органына» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 18-1-бабының 3-тармақта «34» деген сан «__» деген санға ауыстырылсын;

3) 18-2-бапта бүкіл мәтіні бойынша «34» деген сан «__» деген санға ауыстырылсын.

27. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 11, 38-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат):

1) 16-бабының 1-тармағы 7) тармақшасында «Қазақстан Республикасының кеден аумағында» деген сөздер алып тасталсын;

2) 18-бабының 4-тармақта «кедендік ресімдеу» деген сөздер «кедендік декларациялау» деген сөздермен ауыстырылсын.

28. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 3, 21-құжат; № 16, 99-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 17, 136-құжат ; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат, 58; № 15-16, 60-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128-құжат, 129; 2009 ж., № 2-3, 18, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 11-12, 54-құжат; № 15 -16, 74, 77-құжаттар; № 17, 82-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; 2009 ж., № 23, 98-құжат; 2009 жылғы 15 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жалған кәсіпкерліктің жолын кесу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы; 2010 жылғы 9 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы):

1) 7-бабы мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

«11. Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды қоспағанда, жеке тұлғаларға дара кәсіпкерлікті жүзеге асыруға тыйым салынады.»;

2) 27-бапта:

2-тармағының екінші бөлігінде «Осы баптың 2-1-тармақта көрсетілген тұлғаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда,» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:
«6-1. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінде сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген дара кәсіпкерлік субъектілері осы тармақта белгіленген тәртіпте 2012 жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей осындай куәлігін ауыстыруға міндетті.

Мұндай куәліктерді тіркеуші орган осы баптың 4-тармақта көрсетілген өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ауыстырады. Бұл ретте, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, өтінішке дара кәсіпкер өзінің қалауы бойынша мынадай құжаттардың бірін қоса береді:

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі - оның түпнұсқасын көрсету шартында.

Сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі, оның ішінде нотариалды куәландырылған көшірмесі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес сәйкестендіру нөмірін енгізу мақсатында басқа құжатты ауыстыру не қайта ресімдеу үшін сол тіркеуші органға табыс еткен жағдайда мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру үшін тіркеуші органға табыс етілген салықтық өтінішке қоса берілмейді.

Жаңа мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілген кезде бұрын салық органы берген куәлік бланкісі дара кәсіпкер аталған куәлікті жоғалтқан жағдайларды қоспағанда, салық органына қайтарылуы тиіс.»;

3) 33-бапта:

4-тармақта:

2) тармақшасы алып тасталсын;

3) тармақшасында «кедендік шекараны» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіруді жүзеге асыратын субъектінің аумағында Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес орнатылған акциздік бекеттер арқылы бақылаумен, сондай-ақ этил спиртін өндіруді жүзеге асыратын ұйымдарда этил спиртіне бақылау есебінің жүргізілуімен, этил спирті мен алкоголь өнімі өндіру және олардың айналымы бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптарға өтініш берушінің сай келуін анықтаумен.»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Осы Заңның әрекеті кедендік реттеу саласындағы мемлекеттік бақылауға қолданылмайды.»;

4) 37-1-бапта:

2-тармағының төртінші бөлігінің 3) тармақшасында «болуы» деген сөз «акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, біржолғы

талонның болуы,» деген сөздермен ауыстырылсын;

«3-тармақтың 3) тармақшасында «болуы» деген сөз «акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларының болуы және түпнұсқалығы, біржолғы талонның болуы,» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) аталған Заңға қосымшада:

20-тармақта:

бірінші абзацтағы «Кеден ісі мәселелері жөніндегі мемлекеттік орган» деген сөздер «Кеден органдары» деген сөздермен ауыстырылсын.

екінші абзацтағы «кеден ісі» деген сөздер «кедендік реттеу» деген сөздермен ауыстырылсын.

29. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат):

36-бабының 4-тармақта «кедендік және» деген сөздер алып тасталсын.

30. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; 2010 жылғы 9 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда » газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы):

1) 11-бабының 24) тармақшасы алып тасталсын;

2) 35-бабы алып тасталсын;

3) 38-бабы 3-тармағының екінші абзацындағы «ресімдеу» деген сөз «декларациялау » деген сөзбен ауыстырылсын.

31. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат):

13-бапта:

2-тармақта:

«Осы» деген сөз «Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, осы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«сондай-ақ дара кәсіпкерлер» деген сөздер алып тасталсын;

«белгілеген тәртіппен» деген сөздерден кейін «ауыстыру немесе» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық органдары берген тіркеу сипатындағы құжаттар осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат болған кезде 2013 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылады.

Бұл ретте осы тармақта көрсетілген тіркеу сипатындағы құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте 2010 жылдың 13 тамызынан бастап 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейін оларға сәйкестендіру нөмірін енгізу үшін ауыстырылуы немесе қайта ресімделуі тиіс.».

32. «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2007 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., шілде, № 14, 104- құжат):

7-бабының 3-тармақта:

«кеден режимінде» деген сөздер «кеден рәсімдерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«шарттары мен тәртібі» деген сөздерден кейін «кедендік одақтың кеден заңнамасында және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын.

33. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; 2009 жылғы 25 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және 2009 жылғы 23 желтоқсанда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 12 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақстандық қамту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1-бабының 20-2) тармақшасында:

екінші абзацындағы «34» деген сандар «__» деген сандармен ауыстырылсын;

үшінші абзацындағы «35» деген сандар «__» деген сандармен ауыстырылсын;

34. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат, № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат):

2-баптың 2-тармағында «біржолғы талон немесе» деген сөздер алып тасталсын.

35. «Экспорттық бақылау туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 132-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат):

1) 1-бапта:

5) тармақшасында «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден аумағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшада «сәйкес Қазақстан Республикасы» деген сөздер «кеден одағының кеден заңнамасына сәйкес және (немесе) кеден одағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшада

«Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кеден аумағының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасында шығарылған өнімді басқа мемлекеттің кеден аумағынан» деген сөздер «Кеден одағында шығарылған өнімді кеден одағының қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттің кеден аумағынан» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшада:

«Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кедендік одақтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына» деген сөздердің алдынан « кедендік одақтың кеден заңнамасына және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;

14), 15) және 19) тармақшаларындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер « кедендік одақтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшасында:

«нормативтік құқықтық актілерінде» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ кедендік одақтың кеден заңнамасында» деген сөздермен толықтырылсын;

«Қазақстан Республикасының кеден аумағынан» деген сөздер «кедендік одақтың кеден аумағынан» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-баптағы «Қазақстан Республикасының кеден аумағынан» деген сөздер «кедендік одақтың кеден аумағынан» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-баптың 6) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер « кедендік одақтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-баптың 4) және 11) тармақшаларындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кедендік одақтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-бапта:

1) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына тұс келетін кедендік одақтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшасында «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кедендік одақтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-бапта:

5-тармақта «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кедендік одақтың» деген

сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

«Қазақстан Республикасының» деген сөздер «кедендік одақтың» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мемлекеттер» деген сөздің алдында «кедендік одаққа қатысушы болып табылмайтын» деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта «Қазақстан Республикасынан әкету» деген сөздер «кедендік одақ аумағынан әкету» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта «Қазақстан Республикасының кеден шекарасы» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасымен тұс келетін кедендік одақтың кеден шекарасы» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 15-бап алып тасталсын.

36. «Трансферттік баға белгілеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 65-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат):

2-бабының 2-тармағы 20) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Бұл ретте осы тармақшаның мақсаты үшін:

тауарлар экспорты - кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына әкету;

тауарлар импорты - кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды кеден одағына мүше басқа мемлекеттің аумағына әкелу.».

37. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 23, 113-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; 2009 жылғы 22 шілдеде «Егемен Қазақстан» және 2009 жылғы 23 шілдеде «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптағы «2010 жылғы 1 наурыздан» деген сөздер «2011 жылғы 1 қаңтардан» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 1-2-бабымен толықтырылсын:

«1-2-бап. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»

2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 113-бабына сәйкес топтың (кіші топтың) тиісті құндық теңгерімін ұлғайтуға жатқызылатын немесе топтың (кіші топтың) тиісті құндық теңгерімін қалыптастыратын 2008 жыл ішінде жүргізілген негізгі құралдарды жөндеуге шығыстар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 113-бапта белгіленген тәртіпте 2009 жылдың басына тіркелген активтердің топтың (кіші топтың) тиісті құндық теңгерімін ұлғайтады немесе қалыптастырады деп белгіленсін;

3) 3-2-бабы мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

«2. Тоқтата тұру кезеңінде бұл тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 87-бабы 1-тармағының 1) тармақшасының қолданысы 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатыла тұрсын:

«1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекет мұқтажы үшін сатып алынған активтерді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша салық төлеушінің мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға республикалық бюджеттен артылған қаражаттарды қайтару бойынша міндеттемелерді орындау есебіне мүлкін мемлекет меншігіне беруді қоспағанда, амортизацияға жатпайтын активтерді өткізу. Бұл ретте осы тармақшада көрсетілген салық төлеушілер мен мүліктің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

4) 8, 9 және 10-баптарының бірінші абзацындағы «2011» деген сан «2013» деген санмен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 11-1 және 11-2-баптармен толықтырылсын:

«11-1-бап. Тоқтата тұру кезеңінде бұл тармақтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 63-бабы 2 және 3-тармақтарының қолданысы 2013 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатыла тұрсын:

«2. Салық есептілігі:

салық төлеуші (салық агенті) салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша жасауға және табыс етуге жататын салық декларацияларын, есеп-қисаптарды, оларға қосымшаларды;

2) мониторингке жататын ірі салық төлеушілер табыс ететін мониторинг жөніндегі есептілікті;

3) біржолғы талон негізінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын адамдарға сауда рыноктарында сауда объектілерін, сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер табыс ететін жал (пайдалану) шарттарының тізілімін қамтиды.

Салық есептілігінің нысандарын және оларды жасау ережелерін осы Кодекстің 65 - 67-бабының ережелерін, сондай-ақ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-2-бабын ескере отырып, уәкілетті орган бекітеді.

3. Салық есептілігі мынадай түрлерге бөлінеді:

1) бастапқы есептілік - салық төлеушіні тіркелу есебіне қою жүргізілген және (немесе) осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің белгілі бір түрлері бойынша салық міндеттемесі, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аудару және әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша, осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жал (пайдалану) шарттарының тізілімін табыс ету бойынша міндет алғаш туындаған салық кезеңі үшін тұлға табыс ететін салық есептілігі;

2) кезекті есептілік - салық төлеушіні тіркелу есебіне қою жүргізілген және (немесе) осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің белгілі бір түрлері бойынша салық міндеттемесі, міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аудару және әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша, осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жал (пайдалану) шарттарының тізілімін табыс ету бойынша міндет алғаш туындаған салық кезеңінен кейінгі салық кезеңдері үшін, сондай-ақ салық кезеңі ішінде салық салу объектілері шығып қалған жағдайда - салық кезеңінің қорытындылары бойынша тұлға табыс ететін салық есептілігі;

3) қосымша есептілік - осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар жататын салық кезеңі үшін бұрын табыс етілген салық есептілігіне осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша, сондай-ақ осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жал (пайдалану) шарттарының тізілімінде көрсетілген мәліметтер бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде тұлға табыс ететін салық есептілігі;

4) хабарлама бойынша қосымша есептілік - салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған салық кезеңі үшін бұрын табыс етілген салық есептілігіне осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша, сондай-ақ осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жал (пайдалану) шарттарының тізілімінде көрсетілген мәліметтер бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде тұлға табыс ететін салық есептілігі;

5) тарату есептілігі - салық төлеуші қызметін тоқтатқан немесе қайта ұйымдастырылған кезде осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша, тіркелу есебінен шығарылған кезде қосылған құн салығы бойынша, сондай-ақ осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жал (пайдалану) шарттарының тізілімінде көрсетілген мәліметтер бойынша тұлға табыс ететін салық есептілігі.

11-2-бап. Жал (пайдалану) шарттарының тізілімін белгілеу ерекшеліктері мен оны табыс ету мерзімдері

1. Жал (пайдалану) шарттарының тізілімі біржолғы талон негізінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын адамдарға сауда рыноктарында сауда объектілерін, сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің жал ( пайдалану) шарттары бойынша мынадай мәліметтерді көрсетуіне арналған:

1) жалға алушының толық атауы не тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

2) жалға алушы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен күні;

3) жалға алушының сәйкестендіру нөмірі;

4) жал (пайдалану) шартының нөмірі (болған жағдайда) мен жасасқан күні;

5) сауда орнының арналуы, оның сауда объектісінде, оның ішінде сауда рыногында орналасқан орны;

6) жалға алу (пайдалану) мерзімі;

7) жал төлемінің сомасы және (немесе) өтелетін шығыстар сомасы.

2. Жал (пайдалану) шарттарының тізілімі сауда объектілерін, сауда рыноктарындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беретін салық төлеуші заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің орналасқан орны бойынша салық органына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-нен кешіктірмей табыс етіледі.

Осы баптың мақсаты үшін жалға алушы деп сауда объектілерін, сауда рыноктарындағы сауда орындарын жалға алушы (пайдалануға алушы) адам танылады;»;

6) мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын:

«19-1-бап. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 624-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары мен 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларының қолданысы 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатыла тұрсын.»;

7) 21-бапта:

бірінші абзацтағы «1-13 жолдарының қолданылуы - 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін, 14-18 жолдарының қолданылуы - 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін» деген сөздер «1-13 жолдарының қолданылуы - 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін, 14-18 жолдарының қолданылуы - 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшасындағы «2011 жылдың 1 қаңтарына» деген сөздер «2010 жылдың 1 шілдесіне» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін акциздердің мынадай ставкалары қолданылады:

| р / с № | ЕурАз ЭҚ СЭҚ ТН коды | Акцизделетін тауарлардың түрлері | Акциздер ставкалары (өлшем бірлігіне теңгемен ) | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарларға, кедендік одаққа мүше мемлекеттерден импортталатын тауарларға | Кедендік одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден импортталатын тауарларға |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | 2207-ден | 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті (алкоголь өнімдерін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін сатылатын, белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге босатылатын спирттен басқа), этил спирті және кез келген концентр ациядағы денатуратталған өзге де спирт түрлері (денатуратталған отындық этил спиртінен (этанол) (түссіз емес, ішкі нарықта тұтыну үшін боялған) басқа) | 500 теңге/литр | 600 теңге/литр |
| 2. | 2207-ден | Денатуратталған отындық этил спирті ( этанол) (түссіз емес, ішкі нарықта тұтыну үшін боялған) | 0,1 теңге/литр | 0,1 теңге/литр |
| 3. | 2208-ден | 80 проценттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер (алкоголь өнімдерін, емдік және фармацевтикалық препараттарды ендіру үшін сатылатын, белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге босатылатын спирттен басқа) | 600 теңге/литр 100 % спирта | 750 теңге/литр 100 % спирта |
| 4. | 2207-ден | алкоголь өнімдерін өндіру үшін сатылатын 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті | 50 теңге/литр | 60 теңге/литр |
| 5. | 2208-ден | алкоголь өнімдерін өндіру үшін сатылатын 80 проценттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер | 60 теңге/ литр 100 % спирт | 75 теңге/литр 100 % спирт |
| | | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрі-дәрмек құралдары ретінде | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.1 | 3003 3004-ден | тіркелген медициналық мақсаттағы құрамында спирті бар өнім | 250 теңге/литр 100 % спирт | 800 теңге/литр 100 % спирт |
| 6. | 2208 | Алкоголь өнімдері (коньяктардан, брендиден, шараптардан, шарап материалы мен сырадан басқа) | 250 теңге/литр 100 % спирт | 800 теңге/литр 100 % спирт |
| 7. | 2208 | Коньяк, бренди (отандық өндірістегі коньяк спиртінен жасалған коньяк, бренди) | 230 теңге/литр 100 % спирт | 800 теңге/литр 100 % спирт |
| 8. | 2208 | Отандық өндірістегі коньяк спиртінен жасалған коньяк, бренди | 130 теңге/литр 100 % спирт | - |
| 9. | 2204, 2205, 2206 00 | Шараптар | 20 теңге/литр | 75 теңге/литр |
| 10. | 2204, 2205, 2206 00-ден | Шарап материалы (этил спиртін және темекі алкоголь өнімдерін өндіру үшін сатылатыннан басқасы) | 100 теңге/литр | 170 теңге/литр |
| 11. | 2204, 2205, 2206 00-ден | Этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіру үшін сатылатын шарап материалы | 0 теңге/литр | 75 теңге/литр |
| 12. | 2203 00-ден | Сыра | 13 теңге/литр | 60 теңге/литр |
| 13. | 2202 90 100 1 | Құрамында этил спиртінің көлемі 0,5 проценттен аспайтын сыра | 0 теңге/литр | 0 теңге/литр |
| 14. | 2402-ден | Фильтрлі сигареттер | 800 теңге/1000 дана | 950 теңге/1000 дана |
| 15. | 2402-ден | Фильтрсіз сигареттер, папиростар | 500 теңге/1000 дана | 570 теңге/1000 дана |
| 16. | 2402-ден | Сигариллдер | 1140 теңге/1000 дана | 1220 теңге/1000 дана |
| 17. | 2402-ден | Сигаралар | 85 теңге/дана | 95 теңге/дана |
| 18. | 2403-ден | Құрамында никотин бар фармацевтикалық өнімдерді қоспағанда, трубкамен шегетін және шегетін, шайнайтын, соратын, іскейтін темекі, кальян және өзге де тұтыну ыдысына салынған және түпкі тұтынуға арналған темекі | 1000 теңге/килограмм | 1220 теңге/килограмм |

»;

3) тармақшадағы кесте мынадай редакцияда жазылсын: «

| Р / с N | ЕурАз ЭҚ СЭҚ ТН коды | Акцизделетін тауарлардың түрлері | Акциздер ставкалары (өлшем бірлігіне теңгемен) | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан Республикасында ендірілетін тауарларға, кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталатын тауарларға | Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттерден импортталатын тауарларға |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті (алкоголь өнімдерін, емдік және фарманевтикалық препараттарды өндіру үшін сатылатын, белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | 2207-ден | босатылатын денатуратталмаған этил спиртінен басқа), этил спирті мен кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге спирттер (денатуратталған отындық этил спиртінен (этанол) (түссіз емес, ішкі нарықта тұтыну үшін боялған) басқа) | 550 теңге/литр | 600 теңге/литр |
| 2. | 2207-ден | Денатуратталған отындық этил спирті (этанол ) (түссіз емес, ішкі нарықта тұтыну үшін боялған) | 1 теңге/литр | 1 теңге/литр |
| 3. | 2208-ден | 80 процеттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер (алкоголь өнімдерін, емдік және фармацевтикалық препараттарды өндіру үшін сатылатын, белгіленген квоталар шегінде мемлекеттік медициналық мекемелерге босатылатын денатуратталмаған этил спиртінен басқа) | 650 теңге/литр 100 % спирт | 750 теңге/литр 100 % спирт |
| 4. | 2207-ден | 80 процент немесе одан жоғары көлемдегі спирт концентрациясы бар, алкоголь өнімдерін өндіру үшін сатылатын денатуратталмаған этил спирті | 55 теңге/литр | 60 теңге/литр |
| 5. | 2208-ден | 80 процеттен аз көлемдегі спирт концентрациясы бар, алкоголь өнімдерін өндіру үшін сатылатын денатуратталмаған этил спирті, спирт тұнбалары және өзге де спиртті ішімдіктер | 65 теңге/литр 100 % спирт | 75 теңге/литр 100 % спирт |
| 5.1 | 3003, 3004-тен | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрі-дәрмек құралдары ретінде тіркелген құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнім | 400 теңге/литр 100 % спирт | 650 теңге/литр 100 % спирт |
| 6. | 2208 | Алкоголь өнімдері (коньяктан, брендиден, шараптардан, шарап материалы мен сырадан басқа) | 400 теңге/литр 100 % спирт | 650 теңге/литр 100 % спирт |
| 7. | 2208 | Коньяк, бренди (отандық өндірістегі коньяк спиртінен жасалған коньяктан, брендиден басқасы) | 325 теңге/литр 100 % спирт | 800 теңге/литр 100 % спирт |
| 8. | 2208 | Коньяк, бренди, отандық өндірістегі коньяк спиртінен жасалған | 160 теңге/литр 100 % спирт | - |
| 9. | 2204, 2205, 2206 00-ден | Шараптар | 20 теңге/литр | 75 теңге/литр |
| 10. | 2204, 2205, 2206 00-ден | Шарап материалы (этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіру үшін сатылатыннан басқасы) | 100 теңге/литр | 170 теңге/литр |
| 11. | 2204, 2205, 2206 00-ден | Этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіру үшін сатылатын шарап материалы | 0 теңге/литр | 75 теңге/литр |
| 12. | 2203 00 | Сыра | 25 теңге/литр | 50 теңге/литр |
| 13. | 2202 90 1001-ден | Құрамында этил спиртінің көлемі 0,5 проценттен аспайтын сыра | 0 теңге/литр | 0 теңге/литр |

»;

4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

8) мынадай мазмұндағы 27-1, 27-2, 27-3 және 27-4-баптармен толықтырылсын:

«27-1-бап. Тоқтатыла тұру кезеңінде бұл тармақтар мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 570-бабы 5, 6-тармақтарының қолданылуы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын:

«5. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті ауыстыруды салық органы үш жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда жүргізеді:

1) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік жоғалған ( бүлінген) жағдайда - салық төлеушінің салықтық өтініші негізінде;

2) қосылған құн салығын төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе атауы өзгерген жағдайда - салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе атауы өзгергені туралы сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің мәліметтері негізінде;

3) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікте сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - салық төлеушінің салықтық өтініші негізінде.

Бұл ретте осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген салықтық өтінішті салық төлеуші 2012 жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей орналасқан орны бойынша салық органына табыс етуі тиіс.

6. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, осы баптың 5-тармағы 3) тармақшасында көзделген жағдайда салық төлеуші салықтық өтінішке таңдауы бойынша мына құжаттардың бірін қоса береді:

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі - оның түпнұсқасын көрсету шартында.

Сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі, оның ішінде нотариалды куәландырылған көшірмесі осы Кодекске сәйкес сәйкестендіру нөмірін енгізу мақсатында басқа құжатты ауыстыру не қайта ресімдеу үшін сол салық органына табыс еткен жағдайда қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікті ауыстыру үшін салық органына табыс етілген салықтық өтінішке қоса берілмейді.

Жаңа қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік берілген кезде бұрын салық органы берген куәлік бланкісі салық төлеуші аталған куәлікті жоғалтқан (бүлдірген) жағдайларды қоспағанда, салық органына қайтарылуы тиіс.».

27-2-бап. Тоқтатыла тұру кезеңінде бұл бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы » Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 572-бабының қолданылуы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын:

«572-бап. Электронды салық төлеушіні тіркеу есебіне қою

1. Жеке тұлғаны, заңды тұлғаны, оның құрылымдық бөлімшелерін электронды салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою ерікті сипатта және салық төлеуші ретінде салық органында тіркеуден еткеннен кейін жүргізіледі.

2. Электронды салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне тұру үшін салық төлеуші орналасқан немесе тұрғылықты орны бойынша салық органына бару тәртібінде электронды салық төлеушінің тіркеу есебі туралы салықтық өтініш ұсынады.

Электронды салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қою үшін электронды салық төлеушінің тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті табыс ету салық төлеушінің хабарламаларды кепілдендірілген жеткізуді қамтамасыз ететін электронды байланыс арналары арқылы электронды құжаттар алмасуға, оның ішінде осы Кодексте көзделген салық қызметі органдарының хабарламаларын алуға келісімі болып табылады.

3. Салық органы электрондық салық төлеушінің тіркеу есебі туралы салықтық өтініші қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) салық төлеушіге электрондық цифрлық қолтаңбадан тұратын кілті бар контейнерлі ақпаратты электрондық жеткізгішті береді;

2) салық төлеушімен электронды құжаттар алмасу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісім жасасады.

4. Электронды құжаттар алмасу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісім нысанын уәкілетті орган белгілейді.

5. Электронды құжаттар алмасу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісімде сәйкестендіру нөмірі көрсетілмеген салық төлеушілер осындай келісімді осы тармақта белгіленген тәртіпте 2012 жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей қайта ресімдеуге міндетті.

Мұндай келісімді қайта ресімдеуді салық төлеушінің орналасқан орны бойынша салық органы электронды салық төлеушінің тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізеді. Бұл ретте, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші салықтық өтінішке таңдауы бойынша мына құжаттардың бірін қоса береді:

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі - оның түпнұсқасын көрсету шартында.

Сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі, оның ішінде нотариалды куәландырылған көшірмесі осы Кодекске сәйкес сәйкестендіру нөмірін енгізу мақсатында басқа құжатты ауыстыру не қайта ресімдеу үшін сол салық органына табыс еткен жағдайда электронды құжаттар алмасу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісімді қайта ресімдеу үшін салық органына табыс етілген салықтық өтінішке қоса берілмейді.

Қайта ресімделген электронды құжаттар алмасу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану және тану туралы келісімді алған кезде бұрын салық органымен жасасқан келісім салық төлеуші аталған келісімді жоғалтқан жағдайларды қоспағанда, салық органына қайтарылуы тиіс.».

27-3-бап. Тоқтатыла тұру кезеңінде бұл бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы » Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 575-бабының қолданылуы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын:

«572-бап. Жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеушінің тіркеу деректерін өзгерту және толықтыру

1. Тіркеу карточкасында көрсетілген салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтері өзгерген кезде салық төлеуші өзгерістер туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді тіркеу орны бойынша салық органына осы Кодекстің 574-бабы 4-тармақта көрсетілген салықтық өтінішті беруге міндетті.

2. Тіркеу карточкасын ауыстыруды салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді тіркеу орны бойынша салық органы осы баптың 1-тармақта көзделген салықтық өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) тіркеу карточкасы жоғалған (бүлінген);

2) салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы мәліметтері өзгерген;

3) тіркеу карточкасында сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайларда жүргізеді.

Осы баптың 3) тармақшасында көзделген жағдайда тіркеу карточкасын ауыстыру кезінде салық төлеуші салықтық өтінішті салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді тіркеу орны бойынша салық органына 2012 жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей табыс етуі тиіс.

3. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, осы баптың 2-тармағы 3) тармақшасында көзделген жағдайда салық төлеуші салықтық өтінішке таңдауы бойынша мына құжаттардың бірін қоса береді:

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі - оның түпнұсқасын көрсету шартында.

Сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі, оның ішінде нотариалды куәландырылған көшірмесі осы Кодекске сәйкес сәйкестендіру нөмірін енгізу мақсатында басқа құжатты ауыстыру не қайта ресімдеу үшін сол салық органына табыс еткен жағдайда тіркеу карточкасын ауыстыру үшін салық органына табыс етілген салықтық өтінішке қоса берілмейді.

Жаңа тіркеу карточкасын алған кезде бұрын салық органы берген тіркеу карточкасының бланкісін салық төлеуші жоғалтқан (бүлдірген) жағдайларды қоспағанда, оны салық органына қайтару тиіс».

27-4-бап. Тоқтатыла тұру кезеңінде бұл бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгілей отырып, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы » Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 647-бабының қолданылуы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын:

«647-бап. Бақылау-касса машинасының тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу

1. Бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде салық төлеуші бақылау-касса машинасын есепке қою орны бойынша салық органына:

1) өзгерген мәліметтерді көрсете отырып, салық органына бақылау-касса машинасын есепке қою туралы салықтық өтінішті;

2) бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын беруге міндетті.

2. Тіркеу карточкасын ауыстыруды бақылау-касса машинасын есепке қою орны бойынша салық органы:

1) тіркеу карточкасы жоғалған (бүлінген) жағдайда - осы баптың 1-тармақта көзделген салықтық өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

2) тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда - осы баптың 1-тармақта көзделген салықтық өтінішті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

3) тіркеу карточкасында сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - осы баптың 1-тармақта көзделген салықтық өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген жағдайда тіркеу карточкасын ауыстыру кезінде салық төлеуші салықтық өтінішті бақылау-касса машинасын есепке қою орны бойынша салық органына 2012 жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей табыс етуі тиіс.

3. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салық төлеуші салықтық өтінішке таңдауы бойынша мына құжаттардың бірін қоса береді:

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі - оның түпнұсқасын көрсету шартында.

Сәйкестендіру нөмірінің бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі, оның ішінде нотариалды куәландырылған көшірмесі осы Кодекске сәйкес сәйкестендіру нөмірін енгізу мақсатында баска құжатты ауыстыру не қайта ресімдеу үшін сол салық органына табыс еткен жағдайда бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын ауыстыру үшін салық органына табыс етілген салықтық өтінішке қоса берілмейді.

Бақылау-касса машинасының жаңа тіркеу карточкасын берген кезде бұрын салық

органы берген бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын салық төлеуші жоғалтқан (бүлдірген) жағдайларды қоспағанда, оны салық органына қайтару тиіс.».;

9) мынадай мазмұндағы 30-1-баппен толықтырылсын:

«30-1-бап. 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 627-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде, 627-бабының 5-тармағы 2) тармақшасының бірінші және екінші бөліктерінде, 627-бабының 9-тармағы 2) тармақшасында, 632-бабының 2-тармағының 1) тармақшасында, 632-бабының 3, 6-тармақтарында, 633-бабының 3, 4-тармақтарында көзделген тақырыптық тексерулер «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 89-тарауында көзделген тәртіпте біржолғы талондардың болуы мәселесі бойынша да жүзеге асырылады деп белгіленсін.»;

10) 36-бапта:

бірінші абзацта «2011» деген сан «2013» деген санмен ауыстырылсын;

1-тармақтың 1) тармақшасында және 2) тармақшасының бірінші абзацында «жеке тұлғалар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын;

3, 4-тармақтарында және 10-тармағының үшінші бөлігінде «жеке тұлғалар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақта:

3) тармақшасы «белгілеген нысан бойынша» деген сөздерден кейін «және тәртіпте деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшасы:

бірінші абзацында «белгілеген нысан бойынша» деген сөздерден кейін «және тәртіпте деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацында «жеке тұлғалар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

«13. Қосылған құн салығын төлеушілерді қоспағанда, осы баптың 1-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген салық төлеушілер «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 77-бабы 4-тармағының 5) тармақшасында белгіленген салық тіркелімін жүргізуге міндетті.»;

11) 37, 39 және 40-баптарындағы «2011» деген сан «2013» деген санмен ауыстырылсын;

12) 41-бапта:

«2011» деген сан «2013» деген санмен ауыстырылсын; «жеке тұлғаның» деген сөздер «Қазақстан Республикасы азаматының немесе оралманның» деген сөздермен

ауыстырылсын;

13) 42-бабы мынадай мазмұндағы 2 және 3-бөліктермен толықтырылсын:

«2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап күші жойылатын «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 272-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы үшінші абзацының қолданысы 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап тоқтатыла тұрсын.

Тоқтата тұру кезеңінде аталған абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 272-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы бірінші абзацының қолданысы 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатыла тұрсын:

«қосылған құн салығының асып кетуін қайтару туралы талаптарды көрсете отырып, қосылған құн салығы бойынша декларация табыс етілген салық кезеңінің соңында қолда бар тауарлар импорты кезінде, пайдалануға енгізілген негізгі құралдар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, сатып алынған биологиялық активтер бойынша төленген есепке жатқызылған қосылған құн салығы сомасын қоспағанда, есепке жатқызылатын қосылған күн салығы сомасының осы Кодекстің 273, 274-баптарында белгіленген тәртіппен есепті салық кезеңінің аяғында декларация бойынша өсу қорытындысымен қалыптасқан есептелген салық сомасынан асып түсуі (бұдан әрі - қосылған құн салығы бойынша асып түсуі).»;

14) 48-бабтың 3-тармақта:

бірінші абзацында «2011» деген сандарын «2012» сандарымен ауыстырылсын;

екінші абзацынды «2012» деген сандарын «2013» сандарымен ауыстырылсын;

15) 49-бапта:

үшінші абзацында «2011» деген сан «2013» деген санмен ауыстырылсын;

жиырма бесінші абзацында «қаңтарына» деген сөз «шілдесіне» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы отызыншы абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын өндірістік қайта өңдеуге арналған тауарлардың тізбесі мен аталған өндірістік қайта өңдеуде алынған дайын өнім тізбесін, сондай-ақ осындай тауарларды импорттайтын Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының аумағына кеден одағына мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын өндірістік қайта өңдеуге арналған тауарлардың тізбесі мен аталған өндірістік қайта еңдеуде алынған дайын өнім тізбесін, сондай-ақ осындай тауарларды импорттайтын Қазақстан Республикасының салық төлеушілерінің тізбесін айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

мынадай мазмұндағы отыз екінші абзацпен толықтырылсын:

«3-1. Кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығын төлеу мерзімін өзгерту салық заңнамасына сәйкес айқындалатын осындай тауарларды есепке алуға қабылдаған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге өсімпұл есептелмей жүргізіледі.»;

мынадай мазмұндағы отыз алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«Осы тармақшаның ережесі Қазақстан Республикасы аумағынан кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын тауарларға қолданылмайды.»;

жетпісінші абзац алып тасталсын;

16) мынадай мазмұндағы 49-1-бабымен толықтырылсын:

«49-1-бап. 2012 жылдың 1 қаңтарына дейін қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының аумағына кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын мынадай тауарлар бойынша:

1) жабдықтар;

2) ауыл шаруашылығы техникасы;

3) автомобиль көлігінің жылжымалы жүк құрамының;

4) тікұшақтар мен ұшақтардың;

5) темір жол локомотивтері мен вагондардың;

6) теңіз кемелерінің;

7) қосалқы бөлшектердің;

8) пестицидтердің (улы химикаттардың);

9) асыл тұқымды малдың барлық түрлері мен қолдан ұрықтандыруға арналған жабдықтардың импорты бойынша қосылған құн салығы осы бапта белгіленген тэртіппен есепке жатқызу әдісімен төленеді.

Аталған тауарлар тізбесін және оны түзудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Бұл ретте осы тізбеге Қазақстан Республикасының аумағында өндірілмейтін немесе Қазақстан Республикасының мұқтажын жаппайтын тауарлар енгізіледі.

Осы баптың баптың ережелері мүлікті қаржы лизингіне беруден басқа, кейіннен өткізуге арналған тауарларды қоспағанда, қосылған құн салығын төлеуші әкелетін тауарларға қатысты қолданылады.

Қосылған құн салығын төлеуші салық органына:

1) қосылған күн салығы бойынша декларацияда осы бапта көрсетілген тауарлар импорты бойынша төленуге тиіс қосылған құн салығының сомасын көрсету жөніндегі және көрсетілген тауарларды нысаналы пайдалану туралы міндеттемені.

Міндеттеме уәкілетті орган белгілеген нысанда екі дана етіп толтырылады;

2) Салық кодексінің 276-21-бабы 3-тармақта көрсетілген құжаттарды табыс етеді.

Міндеттеме негізінде тауарларды әкелу белгіленген тәртіппен акциздeлетін тауарлар бойынша акциздерді төлеген жағдайда, қосылған құн салығы іс жүзінде

төленбей жүргізіледі.

Міндеттемеде көрсетілген қосылған құн салығының сомасы сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен есептелген және есептемеге жатқызылған қосылған құн салығы бойынша декларацияда көрсетіледі.

Мүлікті қаржы лизингіне беруден басқа, осы бапта көрсетілген тауарларды кейіннен өткізуге қосылған құн салығы салынуға тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелген күннен бастап талап ету мерзімі ішінде осы тармақта белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, әкелінетін тауарларға қосылған құн салығы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде өсімпұлдарды есепке жаза отырып, тауарлар әкелу кезінде қосылған құн салығын төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап төленуге тиіс.

Қазақстан Республикасының аумағына кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан импортталатын осы бапта көрсетілген тауарлар бойынша есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығын төлеуді қолданудың тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Осы тармақтың ережесі Қазақстан Республикасының аумағына кедендік одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан лизинг шарттары (келісімшарттары) бойынша импортталған тауарларға, сыйақы есептелмей лизинг шартында көзделген лизинг төлемінің сомасына келетін қосылған құн салығы бөлігінде қолданылмайды.».

17) мынадай мазмұндағы 54-баппен толықтырылсын:

«54-бап. Тоқтата тұру кезеңінде аталған тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгілене отырып, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 56-бабы 3-тармағының қолданылуы 2010 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын:

«3. Патент негізінде шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, салық төлеуші (салық агенті) салықтық есепке алуды дербес және (немесе) жиынтық салық есебіне жүргізуге жауапты бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың уәкілетті өкілі арқылы ұйымдастырады және мыналарды:

1) салық кезеңі ішінде салық төлеуші (салық агенті) жүзеге асырған операцияларды салық салу мақсатында есепке алу тәртібі туралы толық және дәйекті ақпараттың қалыптастырылуын;

2) салық есептілігі нысандарының әрбір жолының таратып жазылуын;

3) салық есептілігінің дәйекті жасалуын;

4) салықтық бақылау үшін салық қызметі органдарына ақпарат берілуін қамтамасыз ету үшін ақпаратты салық мақсатында қорыту мен жүйелеудің салық тіркелімдері түріндегі нысандарын айқындайды».

Патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкер уәкілетті орган белгілейтін нысан бойынша салық есебін жүргізуді жүзеге асырады.».»;

18) мынадай мазмұндағы 55-баппен толықтырылсын;

«55-бап. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386-бабын қолдануды, тоқтата тұру, осы бап тоқтатылу кезеңіне мынадай редакцияда қолданылатыны анықталсын:

«386-бап. Автотұрақтар (паркингтер), автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген, казино орналасқан жер учаскелеріне салынатын салық ставкалары

1. Егер осы баптың 1-1-тармағымен басқасы белгіленбесе, елді мекендердің автотұрақтар мен автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген жерлері тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, осы Кодекстің 381-бабында елді мекендер жерлеріне белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады.

2. Егер осы баптың 1-1-тармағымен басқасы белгіленбесе, автотұрақтар мен автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген басқа санаттағы жерлер тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, жақын жатқан елді мекендердің жерлері үшін осы Кодекстің 381-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады. Осы ретте салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық ставкалар қолданылатын елді мекенді жергілікті өкілді орган айқындайды.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық ставкасы кемітілуі мүмкін, бірақ ол осы Кодекстің 381-бабында белгіленгеннен кем болмауға тиіс.

1-1. Жоба құжаттамасы бойынша ғимараттардың цокольді және (немесе) жер асты деңгейінде көзделген және осындай ғимараттардың ажырамас құрауыш бөлігі болып табылатын автотұрақтар (паркингтер), автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген елді мекендердің жерлері осы Кодекстің 381-бабында келтірілген кестенің 3-бағанында белгіленген белгіленген елді мекендердің жерлеріне арналған базалық ставкалар бойынша салық салуға жатады.

Жоба құжаттамасы бойынша ғимараттардың цокольді және (немесе) жер асты деңгейінде көзделген және осындай ғимараттардың ажырамас құрауыш бөлігі болып табылатын автотұрақтар (паркингтер), автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген басқа санаттарға жататын жерлер осы Кодекстің 381-бабында келтірілген кестенің 3-бағанында белгіленген белгіленген елді мекендердің жерлеріне арналған базалық ставкалар бойынша салық салуға жатады.

Осы тармақтың ережесі автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге ғана қолданылады, ол бір уақытта мынадай шарттарға сәйкес келеді:

автотұрақтар (паркингтер) жалпы алаңы ғимараттың жалпы ауданының 50

процентінен аспайды.

2. Казино орналасқан елді мекендер жерлері осы Кодекстің 381-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады.

Казино орналасқан елді мекендер жерлері үшін бөлінген басқа санаттағы жерлер тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, жақын жатқан елді мекендердің жерлері үшін осы Кодекстің 381-бабында белгіленген базалық ставкалар бойынша он есе ұлғайтылған салық салуға жатады. Осы ретте салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық ставкалар қолданылатын елді мекенді жергілікті өкілді орган айқындайды.

Жергілікті өкілді органның шешімі бойынша салық ставкасы кемітілуі мүмкін, бірақ ол осы Кодекстің 381-бабында белгіленгеннен кем болмауға тиіс.».»;

19) мынадай мазмұндағы 56-баппен толықтырылсын:

«56-бап. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386-бабын қолдануды, тоқтата тұру, осы бап тоқтатылу кезеңіне мынадай редакцияда қолданылатыны анықталсын:

«387-бап. Базалық салық ставкаларын түзету

1. Жергілікті өкілді органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерлерді өңірлерге болу жобалары (схемалары) негізінде жер салығының ставкаларын осы Кодекстің 378, 379, 381, 156 383-баптарында белгіленген, автотұраққа (паркингтерге), осы Кодекстің 386-бабының 1-1-тармағында көрсетілгеннен басқа, автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, жер салығының базалық ставкаларының 50" проценттінен аспайтындай етіп төмендетуге немесе жоғарылатуға құқығы бар.

Бұл ретте жекелеген салық төлеушілер үшін жер салығының ставкаларын жеке-дара төмендетуге немесе жоғарылатуға тыйым салынады.

39. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 23, 100-құжат):

2-бапта:

2) тармақшада «95) - 101) тармақшаларын,» деген сөздерден кейін «103) тармақшаның төртінші - он төртінші абзацтарын,» деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшасында «103),» деген сан «103) тармақшасының бірінші - үшінші абзацтарын,» деген сөздермен ауыстырылсын.

40. 2010 жылғы 9 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

міндетті және өзара сақтандыру, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 1-тармақта:

2) тармақшадағы «12) - 25)» деген сандар «12)-24)» деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген және 2010 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданыста болатын 1-бабының 5-тармағы 25) тармақшасын;».

**2-бап**. Осы Заң 2010 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 37-тармағының 1) тармақшасын, 2011 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілетін осы Заңның 13-тармағының 8) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацын, 2013 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілетін осы Заңның 4 тармағының 182) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацын қоспағанда 2010 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК